

Бағыт
Мұстафин

4/каз)
М 86

15761

Жайнаған жер



Бақыт Мұстафин

ЖАЙНАҒАН
ЖЕР

„ҚАЗАҚСТАН“ БАСПАСЫ

А л м а т ы—1976

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

63+331 : 333
М86

Мұстафин Бақыт
М86 Жайнаған жер. Алматы, «Қазақстан», 1975.

120 бет.

Қазақстан журналистер одағының сыйлығын екі мәрте алған журналист Бақыт Мұстафиннің «Жайнаған жер» очерктер жинағында негізінен тың өніріндегі дала еңбеккерлерінің тұрмысы мен еңбек тынысы сөз болады. Мұның қай-қайсынан болсын оқырман қауым жапан дүзге жан беріп, тың өнірін түлеткен, бұл күнде тоғызыншы бесжылдықтың әрбір жылын татымды табыс көзіне айналдырып, қорытындылағалы жүрген жасампаз еңбектің майталман жандарымен жолығады.

15701

63+331 : 333

Серия 1302-6
М 401(07)-76
12 тир. - 75
© «Қазақстан» баспасы - 1976

Северо-Казхакстиская област:
ЕНБД 15701
Отдел литературы-Сектор печати
Челябинск 1980

— Бұл ма? Бұл — Жаманшұбар?

— Қайдағы?

— Сәбиттің «Өмір мектебін» оқып па едіңіз?

— Сол ма, ей?

— Дәл өзі.

— Пай-пай. «Елу жылда ел жаңа» деген осы-ау, — деп ол айналаға көз салып тамсанып тұрды да, бір шақ осы өңірдің сонау өткеніне ой жібергендей болды. Көз алдында көсілген мына даланың кешегі бір өмірі көкірегінде сайрап тұрғандай еді. Академик-жазушы марқұм Сәбит Мұқанов кір жуып кіндік кескен осы туған топырағының тарихын «Өмір мектебі» трилогиясының бірінші кітабында баяндап беріп еді ғой. Алдымен тілге сол кітаптың Жаманшұбарға арналған жолдары оралады.

«Мекенінен айырылған біздің елдің көшіп барып тұрақтаған жері — «Жаманшұбар» аталады. Неге олай аталуын баяндардан бұрын, оқушыларды жер жайымен таныстырып алайық.

Біздің елдің көшіп барып тоқтаған жері, шөлейтке өскен шұбар екен. «Шұбар» деп ол елде әр жерге шоқтала өскен ағаш өлкесін атайды. Біздің ел қыстаған шұбардың маңында, елу-алпыс шақырымнан жақын жерде қыстау жоқ екен, өйткені айналасы мыйдай дала, далада көл көп, олар жан-жақтағы елдердің жазғы жайлауы.

Енді «шұбар» деген сөзге «жаман» қосылып, «Жаманшұбар» атану тарихынан: біздің ауыл барып қыстау

салған шұбардың жері қара қыртысы табан кез, шөп те, егін де қалың шығатын, ғажап құнарлы жер. Ол кезде егін салмайтын, тек мал өсіретін біздің ауылға бұл құнарлы жер аса жайлы қоныс болады. Тек қана кемшілігі — жер бетінде суы жоқ. Ең жақын көл — Дос жеті-сегіз шақырым. Жер астының суы, терең құдықтан ғана шығады. Ондай құдық қазуға ауқатты кісінің ғана күші келеді...

Дегенмен, біздің ауыл со жерге мекен салып қыстайды. Бұл — 1892 жыл. Келесі күзде жайлау жақтан қалың өрт келіп қыстауды, қысқа даярлаған пішенді, ағашты тып-тыйпыл ғып күйдіреді де кетеді. Көп мал-мүлік және адам апат болады.

... Кедейдің көбінде кәсіп жоқ. Ауыл байлары аздаған ғана жалшы ұстайды, қалған кедейлер өлмесінің күнін көріп, зорға тіршілік жасайды.

Жаманшұбарда ағаштан қиылған қора-қопсы да, үй де болмайды»...

*(Сәбит Мұқанов. «Өмір мектебі»
29—30 беттер).*

Мынау сол Жаманшұбар, бір кезде қара табан кедейдің көз жасының, зар-наласының куәсі болған жер. Ауыр қайғыдан қара топырағы да қайысқандай, көз жасынан кенересі толысқандай болған бел бұл. Өне ана бір обалар мелшиіп өткен күннің шелді шерін шерткендей түнереді. Ғасырлар бойы қырқасында құлан ғана жортып, жапан болып жатқан жазира бұл. Енді міне, келбетіне көз салсаңыз көңіл шалқып, шабыт шарықтамай қоя ма. Бұл даланың дидамында Ұлы Октябрьдің нұр шұғыласы сәуле шашып, бақытты дәуірдің, бейбіт өмірдің шапағаты арай атқандай еді.

- Кең алқасы сонау аспанға барып астасатын бұл атырап бейне бір шетсіз де шексіз тәрізді. Көз талдырып көк жиекке бір-ақ тіреледі. Дәл бір кең құшақты ашық ас-

панның өзінен еншілеп алғандай жомарт жазылып жатыр. Мөп-мөлдір көгілдір аспан нілдей тұнып тамылжып қалыпты. Бар алап шаңқай түстің ыстық мейірінен балқип тұрғандай еді. "Айнала дүн-дүние сағым сөліне шомылып, гажайып бір қиял көрініспен құбылып, құлпырып сәла береді: «Әне, даланың кең төсінде кеуде көтеріп, зор тұлғасымен төңірегіне айбын танытып, бұлдырап элеваторлар көрінеді. «Бірі дәл іргеде заңғар пішінмен осы аймақтың дінгек кіндігіндей болып тұрса, енді екеуі екі қанатта алып тұлғаларымен «мен мұндалайды». Ортадағы Қайранкөл элеваторы, ал ана екеуі Сулы, Бауман элеваторлары. Қоңыр күзде қырымдарда жота көтеретін алтын таулар осы қоймаларға құйылып, құт қазанын толтырады.

Ырысты өткені белдеулеп сонау қиырға домбыраның қос шегіндей болып теміржол жосылады. Даланы дүбірлетіп, аңқылдап арқырап составтар зулайды. Дала сәні қандай құлпырған десеңізші.

— Осы өңір қу мекен еді, — дейді Жаманшұбар өңірінің өткені туралы әңгіме қозғаған Шәрденбай Оспанов қария. — Тарантас арбаның өзі таңсық болды ғой. Қайда барса да көлігі ат үсті болатын.

Енді міне сол өңір өзгеше сәулетпен тамаша сымбат танытып тұр. Алып астық қоймалары... Жүйткіген поездар... Алып адымды жоғары вольтті линиялар...

Анадайдан ақ шаңқан отаулары сағыммен ойнап, сондай бір сәулетті сыпатын әйгілеген село сәні де аса ажарлы көркімен көз тартады. Түп-түзу көшелер, қос қабатты еңселі үйлер, көкке бойлаған телевизор антенналары, әр шаңыраққа Ильич нұрларын таратқан бағаналар, саңкылдап сайраған радио... Осының бәрі де бұл мекеннің жарасты жақсылығын, мерейлі мәдениетін, өскен өркенін паш етіп, баян еткендей еді. Бұл осы Жаманшұбар өңірінде отау тіккен жаңа шаруашылық — «Докучаев» совхозының орталық усадьбасы.

— Міне тың игерушілердің қолымен қаланған село бұл, — деп совхоз партия ұйымының секретары Николай Иванович Токарев жайнаған жүзінен разы көңілдің шырайы алаулап, серпінді сөйлейді. Бұл төңіректің арғы-бергі тарихына әбден қанық адам екен. Қасындағы жұмысшылар комитетінің председателі Михаил Филиппович Мельченкоға да мол бұрыла қарап алып, талай ғасыр тусырап жатқан тыңға орнаған совхоз, өзгерген ең өлке жайлы әңгімені сұхбаттайды.

Село орнаған бұл жер бұрын Батпаккөл деп аталыпты. Батпағы арылмайтын бір қопалы мекен екен. Жылдар өткен соң сол батпақ бірте-бірте құрғап, 1954 жылдың атақты дабылды шағында Отанның түкпір-түкпірінен келген патриоттар, жалын жүрек жас жандар жана совхоздың алғашқы қазығын қағыпты. Міне осы шақтан бастап, бұл аймақта шын мағынасында өрлеуі өскелең өмір оты лаулаған. Парторгтың Мельченкоға қарауында да бір сыр бар. Өзі бұл совхозға келгеніне екінші жыл болса да біраз жайдан хабардар болатын. Ал жұмысшылар комитетінің председателі тыңға шабуылды осы жерде алғашқы бастаушылардың бірі. Ол сонау Украинадан жүрек әмірімен келіп, жапанды жаңғыртқан жас ұландар сапына тұрыпты. Алғашында шофер болып еңбек еткен, үйлі-баранды болып, бақытын осы жерден тапқан.

Бір кездегі сұлық жатқан жалаңаш өңірдің бүгінгі сәні мына самсаған селолар. Жаманшұбардың дәл өзіне орнаған бұл совхоздың үш бөлімшесі бар. Бұлар сән түзеген үш село. Орталық усадьбаның өзінде салынған үй саны 268-ге жетіпті. Сол үйдің бәрінде де электр нұрлары, радио, жартысынан көбінде газ.

Ал орталық алаңға көз салсаңыз дәл бір кіші-гірім қаланың бейнесін ұқсатасыз. Қос қабатты үйлер тізіліпті. Көрікті клубтың әсем ажары анадайдан көңіл жаулайды. Орта мектеп. Тоқсан балаға арналған екі қабатты балалар бақшасы. Қонақ үй. Терезелері жыпырлаған

...өдемі жатақхана. Асхана. Сан түрлі дүкендер... Осы-
лардың ең ортасынан ойғандай етіп үлкен бақшаның же-
легін жайқалтыпты. Бой тартып қалған өскелең жасыл
бақ сыбдыр-сыбдыр етіп, тыңды түлеткен адам еңбегінің
күдіретін паш еткендей болады.

— Совхоздың барлық бөлімшелерінде де клуб, бар-
лық мал фермаларында қызыл бұрыш, ал бригадаларда
жақсы жабдықталған дала қосы бар, — дейді жұмысшы-
лар комитетінің председателі.

Телефон шылдыр ете түсті. Николай Иванович труб-
каны алып тыңдап тұр.

— Бүгін студенттер барады. Жақсы дайындалындар,
концерттері тамаша, — деп ол бөлімшелердің бірінен
сөйлеушіні қуантып жатты.

— Біздің даламыз күн сайын көркейіп түлей береді.
Салып жатқан құрылыстарымыз қаншама. Ол да біздің
сәулетімізді сәнді ете бермек, — деп ол жыл сайын құл-
шырып келе жатқан селолардың көркін де әңгімеге өзек
етеді. Әлгі студенттер жайын да сабақтап айтып берді.
Қазір совхозға құрылысшы студенттер отряды келіпті.
Краснодар және Адыгей педагогика институттарынан.
Олар тұрғын үй, мал қораларының құрылыстарында ең-
бек етіп жүрген көрінеді. Демалыс сағаттарында совхоз
еңбеккерлеріне арнап концерттер қоюды да жақсы дәс-
түрге айналдырыпты.

— Совхозда қазір 611 жұмысшы бар. Бәрі де жақсы
тұрғын үймен, жақсы қоныспен қамтамасыз етілген. Сов-
хоздың тұрғын үй қоры 10181 шаршы метр, — дейді
Мельченко тыңдағы тұрмыс туралы сөз қозғалса, ол
осы орайда, әсіресе, әсіреленіп, айналаға құмар пішін-
мен қарап алып, туған мекеніне айналған бұл тұрақты
мақтан етіп, серпінді сөйлейді.

— Қараңызшы. Қаладан неміз кем. Барлық тұрмыс-
тық жайдың бәрі сайма-сай. Өне радио, телефон, телеви-
зор, газ, кино... тіпті суымыз да үйіміздің алдында.

Иә, Жаманшұбардың бұрынғы ең бір жұты су еді ғой. Енді міне ол олқылықтың да орны толып, бұл араның тұрғындары сонау Есілдің мөлдір суына кенеліп отыр. Есілден тартылған су құбыры бұл аймақты ең бір қат керекпен — сумен жарылқағаны жақсы екен бәрінен.

Совхоз жыл сайын көркейе береді деген сөздің де жаны бар. Көшелерде ірге көтеріп жатқан үйлер, қыстаулар да, салынып жатқан мал қоралары қаншама десеңізші. Сол құрылыстардың қарқыны да екпінді, бәрінен жарыс серпінінің өзгеше бір атойлы лебі танылады. Селоларды жасыл желекке бөлеу де назардан тыс қалмаған. Өткен көктемде көшелерге 10 мың түп ағаш отырғызылса, күзде тағы да осыншама жас шыбық үйдің ауласында жайқалмақ.

Орталық усадьбадан оқтай атылған екі грейдер жол екі жаққа бет түзейді. Бірі аудан орталығына, бірі темір жолға — Қайранкөл станциясына тартады. Өне автобустар жөнep барады. Осы бір жолдар да көп сыр шерткендей болады-ау кейде. Бәлкім мынау әуелі Жаманшұбарды бетке ұстайтын кең арналы сара жолдың торабында сона бір кезде соқпақтар сабақталып тартылып, жаяу-жалпы сорлаған бабалар шоқпытын сүйреткен шығар. О, бақытты заман-ай. Енді міне, сол қайран балалардың ізімен машинасын заулатып, поезын зулатып, самолетін самғатып бүгінгі ұрпақ кетіп барады. Жаманшұбар жазығында жаңғырған, жаңарған, жайнаған қандай бір жарасты сәулет еді.

Кең байтақ даланың қай қиыры болмасын теңіздей толқыған қалың ну егін. Үп еткен желге жайқалып, жапырыла ырғалып, мың толқын бірін-бірі қуалап, жүгіре жөнеледі. Биылғыдай ауа райының қолайсыз жайының өзінде совхоз диқандары мол ырыстың іргесін қалапты. Бітік біткен қалпы бар.

— Биыл жауын аз болып қиын болды. Былтырғы егін қайда?! — дейді осы көл-көсір астықты алқаңқа көз

салған совхоз директоры Вячеслав Гаврилович Нишов. Совхоздың даласынан өткен жылы шынында да дәулет дариясы тасқындаған екен. Әр гектардан 20 центнерден астық алынып, совхоз Отан қоймасына жоспар бойынша 86 мың центнердің орнына 222731 центнер астық құйып, тамаша жеңіске ие болған. Шаруашылыққа осы табысы үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің ескерткіш туы тапсырылды.

— Той тартуы әр еңбеккерді толғандырады, — дейді совхоз директоры. — Биылғы мерекелі орақта Отан қоймасына 100 мың центнер алтын дән құямыз деп серт еткен едік. Оны орындаймыз.

— Шаруашылық басшысының осы сөзін бекіткендей болып сонадайдан комбайндар көрінеді. Масағы кере қарыс қалың астық шалқиды. Егісті алқапта орақ та басталып жатыр.

— Совхозда егіс көлемі қанша?

— Дәнді дақылдар ғана 16320 гектар.

— Қысқа мерзімде осы егінді шашаусыз жинап алуға техника күші жете ме?

— Совхоздың бас инженері Виктор Павлович Логвин бұл сұраққа нық сеніммен жауап қатады. Шаруашылықта 76 комбайн, 68 жатка ораққа кіл баппен жақсы әзірленіп, сапалы жөнделген. Тек механизатор кадрларының ептеп тапшылығы аңғарылады. Ол олқылық көмекке келген бауырлардың қамқорлығымен толтырылыпты. Толық механикаландырылған орталық қырман астықты комбайндардан тоқтаусыз қабылдап, элеваторға да іле жөнелтуге ерте әзір етілген. Совхоздың ауыл шаруашылығының қандай маусымды жұмысын болмасын уақытында қысқа мерзімде өткізуге техника күші толық жеткілікті. Мұнда 107 әртүрлі маркалы трактор, 87 автомашина бар.

Туған топырағындай бауыр басып кеткен ыстық ме-

кенінен дәулет шалқып, ырыс асып жатса кім қуанбайды. Ондайда әркімнің-ақ үні шатты шығады. Ол жерде әңгіме де тез өріліп, өрісін тауып жатады. Совхоз басшылары Жаманшұбардың кешегісін өткен ертегідей айта, отырып, бүгінгісін, ондағы бүгінгі адамдардың еңбек ерлігін аңыздай тамылжытады. Осымен он сегізінші орағын бастағалы отырған шаруашылықтың дәулеті, сәулеті шынымен кімді болмасын қуантады.

Совхоздың есепке жүйрік бас бухгалтері Яков Матвеевич Лукановский шотты қағып-қағып жіберіп, даусын ерекше мәнермен мақамдап табыс сырын — өзі сайрап тұрған цифрларды тақылдата жөнеледі:

— Өткен жылы совхоздың табысы 1 миллион 221 мың сом болды. Әр центнер бидайдың өзіндік құны жоспар бойынша 5 сом 75 тиын болса, ол 4 сом 20 тиынға түсті.

Ол бәрінің де тігісін жатқызып, шаруашылықтың бар байлығын тәптештеп береді. Совхозда 1878 ірі қара, 2373 шошқа, 3449 қой бар екен. Ал олардың өсімі де, өнімі де көңіл қуантарлықтай. Жоспар бойынша 510 бұзау, 1570 қозы, 30 құлын алу керек болса, оның орындалуы жақсы болып 561 бұзау, 1622 қозы, 37 құлын алынған. Бұл да, міне малшылардың мерекеге арнаған татымды тартуы.

Өсімі осылай болса өнімі де тәуір екен. Совхоз мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың жарты жылдық жоспарын барлық көрсеткіш бойынша асыра орындапты. Мемлекетке жарты жылда 5210 центнердің орнына 7532 центнер сүт, 60 центнердің орнына 96 центнер жүн сатқан. Жақсы деректер. «Төлі егіз, малы семіз» деген осы.

Малшылардың торқалы тойға арнамақ тартулары да үлесті болмақ. Олар мемлекетке 9200 центнер сүт, 2800 центнер ет, 130 центнер жүн сатып, осы жылдық жоспарлардың бәрін де 7 ноябрьге дейін орындап шықпақ.

... Совхоздың кең алабы алтын астыққа тұнып тұр,

си жайлауы мыңғырған мал. Түлген даланың сәні қандай еді. Бәлкім анау бір комбайндар жосылып бара жатқан жерде кешегі бір күндерде бабаларымыз аузы толып нан жемей өзегі талып өлмеші болып отырған да шығар. О, бақытты заман-ай, енді міне сол бабалардың көз-жасының куәсі болған Жаманшұбарда бүгінгі ұрпақтары астық теңізін сапырып, өрісін малға толтырып жатыр. Даланың «байлығы шаш етектен», дәулеті қандай еді!

Сонау шырқау көк заңғарында ақ жолақ лентасын шұбатып реактив самолеті ұшып барады. Малшы Қабден Сыздықов көзіне күн салып соған шалқая қарайды. «Пай-пай, биіктеуін-ай». Алыстан келген мол шулы алып суылға жалт бұрылып еді, қызыл вагондары тізіліп бір состав арқырап келеді екен. Қарт малшы оған да сүйсіне көз салады. Мынау оның туған топырағы. Анау Жаманшұбарда жалшылық өмір кешкен, жастығын, жас өмірінің бар қызығын сонда жоқшылық жалмап жұтқан. Бір кезде бұл жерде көз жасы кеппей өксіген. Енді міне, ер үстінде нық қаздып, көкірегі сондай бір қуанышқа толып, айналасына құмарлана қарайды. Өзі совхоздың 108 бас бойдақ малын бағып, жақсы атқа ие болып жүр. Ал үлкен баласы Көшербай комбайнер, одан кейінгісі Қанаш тракторист, қалған алты баласы мектеп оқушылары. «Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» жайы бар.

Ол кей сәтте осы Жаманшұбар туралы ойға да қалады. Бұл өңірде жарты ғасырдан аса өткен өмірдің өзі тірі куәсі. Ғажайып өзгерістер, бақыт таңының шапағаты оны тамаша сезімдерге бөлейді. «Жер адамдармен көрікті, құлазығанды құлпыртатын адамдар екен ғой» дейді ол іштей.

Иә, Жаманшұбарды жайнатқан совет адамдары, алтын қолды жайсаң жандар. Тыңға шабуыл басталғанға дейін бос жатқан жерге қажырлы адамдардың қолы тиюі мұң екен түлеп, түрленіп жүре берді ғой. Сол еңбек-

кер адамдарды айтсаңызшы бәрінен де. Совхозда бұл күнде еңбегімен ел құрметіне бөленген қадірмендер көп.

Совхоз клубында әр түрлі кештер жиі болып тұрады. Сондай сәттердің бірінде осы ортада бола қалсаңыз қандай бір ғажап көріністің куәсі болар едіңіз. Селоның жан-жағынан қызыққа құмартқан халық мерекеге жиналғандай әсем киініп құйылып жатады. Сол сәтте омырауларына ордендер мен медальдар таққан еңбек ардагерлері, бригадалар мен фермалардың жұлдыздары, таң нұрындай жайнаған ұл-қыздары келіп жатады. Солардың арасында Ленин орденімен наградталған жүгері өсіруші Федор Семерякті, Еңбек Қызыл Ту орденді механизатор Ережеп Сабитовты, «Құрмет Белгісі» орденді тракторист Иван Банниковты, атақты сауыншы Анна Сергееваны көресіз. Совхоз директоры В. Г. Нишовтың омырауында Еңбек Қызыл Ту, партком секретары Н. И. Токаревтің омырауында «Құрмет Белгісі» ордендері жарқырайды.

Осындай кештерде, жиындарда совхоздың тандаулы еңбеккерлерінің аты мәшһүр болып жатады. Солардың мерейі үстем болып, еңбек ұраны шалқиды. Сондай шақта міне, мыналарды мақтан етер еді.

...Тракторист И. Банников қай жұмыста болмасын еңбек озаты, Өткен жылы ғана сол еңбегінің зейнеті етіп сыйлық ақыға 3 мың сом алды... Шопан Виктор Иванович Оганик қарамағындағы 643 саулықтың әр жүзінен 115 қозыдан алып, әр қойдан 4 килограмнан жүн қырықты... Сауыншы М. Агеева әр сиырдан бір айда 363 килограмнан сүт сауды... Міне, осылай озаттар тізімі ілгері жалғаса берер еді.

— Дүйсекинаны да ұмытпаңыз. Озат сауыншы.

— Подопригора мен Журавлева ше?

— Олар сауған сүт те ақ бұлақ.

— Орденді тракторист Александр Қликман да мақтанышымыз.

Докучаевтықтар осылай өз таңдаулыларын таласа атасып, мактан, мерей тұтады.

Бір шаққа бұлардың өздері көркін қуаныш көріп Ленин проспектісі деп атап кеткен орталық көшеде кетіп бара жатқан әркімге-ақ ой көзін қадап, ішкі сырына үңілсеңіз қызық хикаялар табар едіңіз. Бірі сонау тыңға аттаныстың құрыш қанат түлегі болса, бірі бертін осы өлкені қалап келіп қанымен қайнасып кеткен жан. Анау жүгіріп жүрген балалардың бойында да осы даладан дарыған асау қан бар. Бәрі де өздерін «тың игерушіміз» дейді. Бұл бір соңғы кезде қанатты болып, ерлік пен жасампаздықтың, жастық пен жалынның символына айналып кеткен сөз. Тың игеруші. Талай ғасыр сұлық жатқан сұр жапанды жайнатушы. Қандай келісті атаулар еді. Тек қана біздің жастарға, біздің адамдарға лайық, солардың мерей, мәртебесінің өлшеуі тәрізді сөздер емес пе?

Ойлап қарасаңыз о заманда бақытсыздық бесігі болып, кедей сорлының пығынан бейшаралық батпанын түсірмеген мына Жаманшұбар жайлауы енді баянды бақыттың мекеніне, шаттықтың отауына айналған тәрізді. Ұлан-ғайыр Отанның түкпір-түкпірінен келген түлектер тыңға түскен түреннің тұтқасында білектері бірігіп, тілектері тоғысып, жүректері жанпейілдесіп жарасып-ақ кетті ғой. Солардың бәрі де қазір үй орманды, бақытын тыңнан тапқан жандар.

Совхоз орталығында байланыс бөлімшесіне күн сайын сан түрлі посылкалар, бандерольдар келіп жатады. Солардың адресіне назар аударыңызшы.

— Москва.

— Магадан.

— Ташкент.

— Киев...

— Жок, сіз танданбаңыз. Біздің село Совет Одағының қай қиырымен болса да байланысты, — дейді байланыс

бөлімшесіндегілер. Алты ай қыстың жыңды бораны жолын кесіп, айналадағы өмірден қол үзіп меңіреу жататын Жаманшұбар бүгін телефон арқылы Совет Одағының қай қаласымен болса да сәтінде сөйлесе алады, Отанның түкпір-түкпірімен толассыз байланысты. Кешегі мен бүгінгінің арасын жер мен көктей ететін тамаша өзгеріс емес пе бұл. Әрине, бұл қазір біздің күнделік өмірімізге сіңісті болып кеткен нәрсе.

— Мен осы жерде семья құрдым. Арманмен келіп едім, аңсағанымды таптым, — дейді таңдаулы электросварщик Олег Людвигович Петраускас. Жүзінде күзгі даланың жомарт реңіндегі күн сүйген күрең тотық бар. Разы райлы. Өзі 1958 жылы сонау Балтық жағалауынан Латвиядан келген екен.

— Мен де Олег Людвиговичпен бір жылы келдім. Әрине, алғаш тосырқаған сияқты едім. Қазір туған жердей. Қонысымыз тамаша, — дейді майталман механизатор Николай Абалин. Бұл да совхоздағы қадірменді жандардың бірі. Удмуртиядан келіп, өз бақытының отауын осында құрыпты. Еңбегімен елге жаққан жан. Қыс мал фермаларында еңбек етсе, жаз трактор, комбайнға отырады.

— Еңбегімізбен көркейген жер қымбат бізге. Еңбектің өзі бақыт емес пе?! — дейді сауыншы Анна Сергеевна. Оның Отаны — Чувашия. Ол жастық жалынға тән романтиканы аңсап келген екен, енді еңбегімен көпшілік құрметіне бөленіп жүр. Аннаның жүзінде де бақыт нұры ойнайды.

— Біздің тың бақыттың ғана емес, достықтың да мекені, — деп күлімсірейді партком секретары.

— Халықтар достығының айқын белгісі осында.

— Қандай ұлт жоқ дейсіз!

— Санайықшы, кәне, — десіп құптап әкетті оны серіктері.

— Санайтын ештеме жоқ. Бәрі бұрыннан белгілі, —

дәді де Токарев нақ дәл айту үшін папкасын ақтарып жатты.

— Отыз екі ұлттың өкілдері тұрады! — Ол осы сөзді айтып, көзінде бір мақтаныш сезімі ұшқындаған кейіппен қарады. Ол осыншама ұлттың ықыласты ынтымағын, тұнстай жақын достығын мақтаныш еткен сезім еді.

— Орыс, қазақ, украин, белорус, неміс, татар, цыган, мирий, удмурд... — Бәрі де үлкен бір шаңырақтың ұрпағындай біте қайнасып, қандарына дейін араласып кеткен жандар. Оларды коммунизмнің ұлы мұраттары, жаңа заманның ұлы қуаты, еңбектің үлкен күші туыс етіп табыстырған.

Осы ортада коммунистік еңбектің екпінді ұранын айтып танысыз. Тыңның тұрғындары, сан ұлттың перзенттері коммунистік еңбек жорығында жұптасып, жарыс жалынын лаулатып отыр. Совхозда 43 адамға коммунистік еңбектің екпіндісі атағы берілген. Ал 417 адам қазір осы құрмет үшін күресуде. Еңбектің сыпаты да мүлде өзгерген. Кешегі Жаманшұбарда жалшы-жақыбайды еңбек бейнетке белшесінен батырып, езіп егілтсе, бүгінгі Жаманшұбарда еңбек адамның ажары, абырой, атағы, ең бір асыл қасиеті болып қалыптасқан. Кең жайлаудың қайшылығында болмасын еңбек оты жалындап, аспандап, тойлап жатыр. О, бақытты заман-ай, бір кезде бабаларымызды жеті жұт қатар жайлап жалмаған жазған Жаманшұбарда, бүгінгі ұрпағы міне бақытын қолымен соғып, тамаша бір дәуреннің сәулетін шыңдап жатыр. Жаманшұбар, Бақыт шұбарына, Достық шұбарына, сан ұландары ырысты отауы еткен алтын ұяға айналыпты той...

* * *

Тың құшағына тағы да көз саласыз. Оның әр тасына дейін сізге сыр айтқандай болады. Сол сырлар көкірекке құйылып, тебіреніп толқытады... Әне, қалың егіннің ор-

тасында мәңгілік тыныштыққа тұншыға мелшініп құлпытас тұр. Бетіндегі жазулары да уақыт шіркіннің қайырылмас қаталдығына ұшырап көнеріп барады. Сол тастар бейнебір кешегі бабалар қайғысының қара шерінен қатып шөгіп бара жатқан тәрізді. Олар бізге мына Жаманшұбардың қойнауында кеше өткен кесек қан сұмдық-сойқандарды, ащы зары алысқа кеткен жалмауыз жоқшылықты үнсіз, тілсіз өксіп айтып бергендей еді. Сол заманның зар таңбасы тастарда ғана қалыпты-ау.

Айнала қайнаған өмір, жайнаған өңір. Бақытты өмір де, шаттықты өңір де жарқын күннің жақсылығын айтқандай, нұр сипаты неткен сұлу жарқыраған ақ таңдай. Толқып тасып, шалқып асып теңіз болған егін де, адамдардың күдіретін баяндайды, тегінде. Мал мыңғырған жайсаң жайлау жайнаған, анау белдер сағым селі ойнаған, жыр еткендей Ұлы Октябрь дастанын, қошаметтегі мөлдірейді аспаның. Адамдардың жүзіндегі алаулар, жеңіс болып желбіреген жалаулар — бәрі дағы Октябрьдің арайынан туған ғой, Октябрьдің жырларынан мына дала думан-той. Бүгінгі жайнаған жер, жаңарған ел мына Жаманшұбар өз кеудесіне сол Октябрьдің шапағат сәулесін құйып алып, құлпырып жатқандай еді.

Жайнаған жер жұлдыздары

Мәуелі бәйтерек

Бұл өңірге күз екпіні желдетіп жеткенмен дала дида-
рына анық бояуын әлі әрлеп үлгерген жоқ. Көгілдір ор-
манды жазира бүгін де жаз жасауын жоғалтпай жасыл
жалқынданып жатыр. Аспан аясынан бұлт аумаған соң-
ғы күндер, әсіресе, нөсер назын қалындатып, қатты ыс-
пақтардан құқыл тартқан жер өңіне жаңа нұр жүгірткен-
дей еді. Айнала дүн-дүнненің буынында бұлықсып күз
сәйлігінің буы бұрқырайды. Егінді алаптар сарыала
толқын болып, тұтаса ырғалса, алыс қаулаған қыраттар
шоқорай шалғынмен шүйлігеді. Сол сымбатқа сүйсіне
сұқтанған қарт диқан Молдай Байтөсов дала қосынан
өзі алдына шыққанда екі жеңіл машина толқын түскен
жұмсақ жүріспен ақ қайыңды шоқтың бауырына бұрыла
берді. Алдыңғы «Жигулидің» рулінде Қарсақ Оразов, ал
соңындағы «Москвичте» Бейсенбай Төлегенов. Екеуі де
механизатор. Кеше жаңбыр сабалаған соң үйлеріне кетіп
еті, енді жер дегенді оралған беттері. Машиналардың есік-
тері сарт-сұрт жабылып екеуі де бригадир Байтөсовқа
қарай аяндады.

— Уа, Молдеке, қуаныш құтты болсын. Қуанған кісі
қулуші еді, сен күрсінесің бе, қайтесің? — деп шомбал
дешелі, қартаң жүзді комбайншы Бейсембай даңғырлай
сөйлеп далбақтап келе жатыр.

— Қуанышы несі тағы? Әй, тарланым-ай, тойың тар-
камай жүреді-ау. Тағы не ойлап тауып тұрсың? — Жауы-

рыны қақпақтай, қапсағай бойлы, алып тұлғалы Молдай гүждіңе бұрылып, мұрнының астымен ғана мырс етті. Жаңағы сәтте шынында да қабағында бір кірбің кілегейленгендей еді, енді одан із-тұз қалмапты. Құрбысына шырайлана үңіліп, сұраулы кейіппен хабарын тосады.

— Естімеп пе едің? Облыс диқандарына арналып жүлде жарияланып, оған сенің атың беріліпті. Ол жарыста озған бригаданы Байтөсов сыйлығының лауреаты дейді.

— Пай-пай! Сөзді дәмдеуің-ай!

— Рас аға, сондай сыйлықтың жарияланғанын облыстан естідік, — деп сөзге Қарсақ та қосылды.

— Ненің құрметіне?

— Социалистік Еңбек Ері Молдай Байтөсовтың құрметіне.

Молдай басын шайқап, миығында үйірілген күлкі жанарына ой болып ауысқан.

— Ол сыйлық әр гектардан 18 центнерден өнім алған бригадаға беріледі, — дейді Бейсекен жеткізген жаңалығының түйінін тұжырымдап.

— Құрметтің де міндеті мол ғой. Биылғыдай жылы 18 центнерден өнім алу ерлікпен бірдей шығар. Қиын-ау. Жазғы ыстығың анау, күзгі жаңбырың мынау. Барымызға береке бермей төкпелеп тұрғанын көрмейсің бе? — Бригадир Байтөсов аяғындағы батпандай керзі етігімен жерді дүңк-дүңк басып, серіктерін комбайндарға қарай ыңғайлап беттеді.

— Молдеке, сіздің қабағыңыз күзгі бұлттан жаман, мына егін түгел жиналып қамбаға құйылмай бір ашылмайды ғой, — дейді бригадирдің тең құрбысы Бейсекен еркін сөйлеп.

— Тәйір алғыр, не қыл дейсің. Алпыстан асқанша сен сияқты сайтан бола берейін бе? Өзің былтыр алпысқа келдім, осы ақырғы орағым деп белінді ұстап бүггендей беруші едің. Жұмсақ машинада шалқақтап жілігіңе май

болған екен. Бныл қутындайсың ғой, қарт тарлан! — Молдай кеңк-кеңк күлді. Бүкіл денесімен селкілдеп сырттақтайды.

Е, бәйтерегім-ай, осылай бір күлкінді түзеіші. Әйтсең қибағыңнан қар жаудырып кісіні қорқытасың. Бәйтерегім-ай, кеше өзін жалынып едің, бүгін өзін келекелеп құрып-ау. Ерегіскенде тайып тұрайын ба?! Әттең тағы өзіңнің жүгіресің ғой.

Әй, әй, қойдым. Қайтып алдым сөзімді.

Бәсе, сендей бәйтеректің басын ию бізге оп-оңай.— Бірақ қарт диқанның жарасты қалжынында көп сыр аңғарып-аңдай. Екеуі де алпыстың асқарында тұрған тұстас балалар. Бейсекең қырық жыл техника тізгінін ұстап, балалар пенсияға шығып еді. Қарт тарланның соңғы баланы қайрат қарпуы қуантқан болатын баршаны. Бейсекең бесжылдықтың шешуші жылының орағында 11 млн центнер астық бастырып, жастар тобын жарып өтіп, балалар шықты. Жүлдесіне «Москвич» жеңіл машинасын бөлектен тыс сатып алған-ды. Содан пенсияға шыққан қарт тарлан құрметті демалыста болатын. Молдекең құрбысын, осыны мегзеп қағытты. Бірақ Бейсекең әлі тұрғынынан тайып, қол қусырып қалған жоқ. Бригадирі келсе-ақ белін буып, білекті түріп шыға келеді. «Осы қайратты қартаймасын деп берген шығар, бес тал сақалын салмағын көтере алмай қылжиып қалатын шалың мен емес» деп көктемгі егісте бел жазбай белсенген. Жылдағы өзі тұқым себетін алқаптарды тағы да диқан достарымен бірге көктесіп шығып еді. Орақ келгенде де оныра алмады. Бір күні үйіне Молдай келгенде сырлы сұхбатты шертіп отырып ойын айтып салды.

— Қомбайныңды даярлап қой. Пенсионер деп сырт айналып жүрме, — деп қоңыр үнмен қоңылтақтап сөйлестен.

— Әй, өзін бөлектене қалыпсың ғой. Шырағым-ау,

мені саған жігіттер жіберіп отыр. Ана Қорчагиндер әлі де үзеңгі қағыстырмақ. — Бригадир қарт серігін қолтығына тарта жебеді.

— «Кәріліктің алды, жастықтың соңы» деуші ме еді. Заман-ай! Жастармен жағаласып тағы да жарысамын ба, ей?

— Тәйірі не деп отыр. Ертең таңертеңнен қалма. Тосамыз, — деп бригадир Бейсекеңе қатты тапсырды.

— Апырмай, әлгі қойнаудың егіні тұнып тұр екен. Кеше барып едім, — деп Төлегенов өз қолымен сепкен егіннің бітік береке болғанына қуанышын жасыра алмай әңгімесін қайта-қайта дәмдеп осылай қарай үйіріп әкеле берді. — Қаншадан болар екен?

— Ол жер гектарынан 30 центнерді ойнап отырып береді.

— Еңбегіңнің зейнеті ғой, Бәйтерегім-ай. — Бейсекең досына қарап күлімсірегенде өткен көктемдегі Молдайдың бір ашуы есіне оралып еді.

... Көктем қарбаласы тез өтіп, егіс айналасы бір аптаның ішінде аяқталып қалған-ды. Агрегаттар соңғы айналымда жүр. Қарқын жоғары. Бұрын мұндай шапшаңдық болып көрмеген еді. Мамандар мен бригадирлердің енді сығалай қарап, сүзе саралап жүргені сапа болатын. Бейсенбай Төлегенов, Петр Қорчагиндердің агрегаттарының арғы жағында бір жас жігіт із салған-ды. Егістіктерді біресе алыстан одырая шолып, біресе еңкейіп, топырағын уыстап мұқияттап жүрген Молдай шеткерек шыққанда шатынап кетті.

— Мынау қайсының айналымы? — Бір бәленің болғанын іші сезген Бейсекеңнің тілі күрмеліп қалды.

— Жас жігіт еді...

— Токтат. Белгі бер.

— Бері айналып келсін де. Асыққан түрі ғой!

— Токтат! Назымбек, жүгір. Енді асығатын ештеме жоқ. Егіс бітті. Бұрып алып келші өзін.

Жас жігіт агрегатын тоқтатып, бері қарай жаяу келе жатыр. Ұнжырғасы түсіп кеткен. Аңыз басында үнсіз тұрған топтың бар айбары өзіне қадалғанын сезіп, езіліп келеді. Зорға жетті. Алғашында ашу қысқан Молдекен бұрадай буырқанып, түрі түтігіп, тапап тастардай тастаққап болып еді. Қасында тұрғандар да сескенген.

- Мен неғып байқамағанымды,— деп Бейсекең бар кінәға өз арқасын тосып, тақала беріп қипыжықтап қалған. Сонда алая бір қараған Молдекеннің мұз құрсауы өзінің те кеткен болатын. Суық жүзіне өзгеше жұмсақ болып етіп, жанарындағы ызғар жіпсіп қалды.

Әй, осы сен алпыстан асқан жасың бар, өзің қалдыраған шалсың, дәл осы баланың іргесінен алпыс қалдым қашық жүрсең де мен кінәлі деп қорғаштауынды ойыншы. Шыбық салайын деп жатқаным жоқ қой.

Оның дұрыс, дұрыс. Баланы бақыламаған мен дегенім ғой...

- Әй, шырақ, — деп Молдай алдына келген механиктер жігітке қатқыл ұн қатып, өзіне қаратып алды. — Жана өзін шал десем ол шалағай дегенің деп мына Бейсекеңбай намыстанып тұр. Ал екі бетіннен қан тамып қылшылдаған сені қай сайтан түртті. Мынауың не? Қарашы өңі.

Тұрғандардың бәрі аңызға көз салды. Жана жүріп өткен сеялқалардың ізі сайрап жатыр. Сол іздердің арасында бұрылыста қалған бүйрек сияқты болып бетіне ырма тісі тимеген алақандай ғана жер көрінеді.

- Қазір байқалмайды. Ал, ертең егін қаулағанда бақырайып шыға келеді. Сонда бетке түскен таңбадай мына жер тұлдырсыз топырақ болып жатады. Жер жарықшықтан обал ғой. Ырыстың құндағы құрғап жатқаны өз бабаларымыздың ырымына да жаман. Қарағым, қоныма трактор тиді екен деп төпелей беру далдың-дүлдіңнің ісі. Андағы темір тұяқ тұлпар да қаснетті қана-

тымыз. Босқа тері төгіле бермесін. Кері қайт та мына жерді қайта сеуіп өт. Бұл саған ақырғы ескерту. Мына Бейсекең екеуміздің сақал-шашымыз осы егінді қайтсек дұрыс өсіреміз деп ойлаумен ағарды. Алпысқа келген бізді алжастырып, мылжындатпай дұрыс жүргенің жақсы, жаным...

Жайшылықта моп-момақан мінезді, жуас жүзді көрінетін Молдекең осындай шалағайлықты, салақтықты көрсе қатал кететін. Өзі міне, қырық жыл осы өңірде техника тізгінін ұстап, тракторшы, комбайншы, бригадир болды, сол уақыт ішінде тек жақсы қасиеттерімен ғана жарқырап жүр. Әлгі ескертуден кейін жігіттің де жібі ширады, бригадирдің оған қамқорлығы үзіліссіз бірықыласқа айналып кетті. Сол жерлер бітік ырғалып тұрғанын айтып, қарт механизатор өзіне Молдай келген күннің ертеңіне дала қосына «Москвичімен» келіп тоқтады.

— Егін ақтарылып, төгіліп тұрғанда кесірдің ғана мойны бұрылмас, жалқаудың ғана белі бүгілмес. Ал орталарыңа келдім. Бір шалдың қырсығын көтере алсаңдар, — деп Бейсекең ескі достарына қалжындай кірді.

— Қырсығы несі?

— Е, сендер сілтеп тартқанда мен сүрініп жатсам сол емес пе қырсығым?!

— Мына сөзді айтқан шалдың өзі бізді сүріндірер, — деп бригадир қуана қарсы алды дикан досын. Айтқандай-ақ ә деген күннен-ақ Бейсенбай Төлегенов ескі дағдысымен суырылып алға шықты. Егін отуда бригададағы 11 комбайнның алдын берген жоқ. Күніне 22 гектардың орнына 40 гектардың егінін шапты. Енді десте бастыруда солай. Өзінен кейінгі серік комбайншылары таңырқап разы болып жатса, ол досын дәттейді:

— Ой-хой, Молдайды айтсайшы. Баяғыда осы егінді шалғымен де шаптық, сонда тізелесіп тұра қалғанда қарасын көрсетпей ана басқа бір-ақ шығушы еді. Жұмыс-

қанат қой. Біз осының өзінен үйрендік. Бәйтерек десе бәйтерек. Қандай құйындарда шайқалмайды ғой.

Қарт диқанның осынау сөздері кімді болсын ойға салдырып, алып тұлғалы бригадирдің бейнесіне еріксіз үндіріп түседі. Өне, ол комбайншыларымен әңгімелесіп, алдырғі күрт аттанысқа әзірлік үстінде. Бүгін таңғы бесте бірыңғай келіпті, кеше түнгі екіде үйіне жеткен екен. Соның бәрі де жүзінде аңғарылмайды. Маңғаз қайратпен мыңсып пілмейді де. Қасында бригадир көмекшісі Назымов. Ысқақов. Техникумды бітірген жас жігіт. Даңқты шиканға көмектесіп жүргеніне үшінші жыл. Отты да үмітті жас.

Соңғы мәлімет бойынша, ауа райы енді ашылады. Бір аптада егінді жинап бітіру керек. Міндет сол. Күні-күні. — Молдайдың сөзіне ешкім жауап қатқан жоқ. Бригададағы қалыптасқан тәртіп бойынша бәрі үнсіз бірігескен тәрізді.

Молдай білекті сыбанып жіберіп комбайншыларға көмекке өзі араласып кетті. Күн қызуы олардың қимылы қарбаластыра түскендей болатын. Иә, бәйтерек... сондай құйындарда шайқалмайтын бәйтерек... қанатты ашылған, табылған сөз екен бұл. Осындай тұлғасымен бірге, ісімен де кесек адамға арналып айтылар лайықты танығу еді. Молдай Байтөсов осы «Луч Ленина» колхозында (бұрын «Коминтерн» аталған) сонау 1934 жылы трактор бригадирін алғаш ұстады. Содан бері шынында да өмірдің қандай құйыны өтпеді десеңізші. Соның бәрі диқанның балыр тұлғасын шындай түскені, шоқтықтата бергенінің ішкі жақсы. Жылдар жыры Молдекеңнің омырауында жоғары наградалар болып жарқырайды. Оның қатарында қос Ленин ордені, Социалистік Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызы бар. Молдай Байтөсовтың бригадасы соңғы жылдары тұрақты жоғары өнім алып келеді. Өткен жылы қарлы жаңбыр қабаттап соққан қиын шақта бұл коллектив мүшелері әр гектардан 22 центнерден өнім

алды. Ал биылғы аптап ыстық күндер дикан шеберлігіне шын мәнінде сын болғаны анық. Сол сыннан да Молдекең сүрінбей өтіп, қазір бригадада 2838 гектар дәнді дақылдардың әр гектарынан 18—20 центнерден өнім алуға. Бұл осы өңірде мақтан етуге әбден лайық көрсеткіш. Сондықтан да облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті жоғары өнім өсірген бригадалар үшін Молдай Байтөсов атындағы сыйлық белгілеп отыр. «Құрметтің де міндеті мол» деп жаңа Молдекең достарына тегін айтқан жоқ. Ол жоғары өнім үшін күрестің қиыншылығын да, жауапкершілігін де жақсы түсінеді.

Қалың ағаштың ортасына ойып орнатқандай жанжағы жасыл желек ақ қайыңға тірелген дала қосына колхоз председателінің жеңіл машинасы келіп тоқтағанын комбайншылар аңғара алмай қалды.

— Молдай Байтөсович, бір минут қымбат! — деп председатель Геннадий Николаевич Ли, «кешіктіңдер» дегендей даусын соза ескертіп, қол алысып амандасты.

— Бізден бөгеліс жоқ. Аттанып бара жатырмыз! — Молдекең қолын сілтеп орнынан қозғала берген комбайнға оң сапар тілеп, белгі берді.

— Біздің интернационалдық бригада сертке берік, — деп ол күлімсіреп председателге қарады. Бригадирдің дикан достары да оны қостап шырайлана түскен. Әлгі сөздің сырында көп шындық бар еді. Осы араның өзінде орыс, украин, белорус, корей, башқұрт, неміс жігіттері тұр. Бәрі бір ұяның түліктеріндей үзенгі тартысқан.

Кешікпей айнала төңіректі тұтасқан мотор үнімен күркіреткен қалың қолдай болып он бір комбайн бірінен соң бірі егінді алқапқа аттанды. Тынымсыз екпіндеп жойқын жөңкіліп барады. Коммунист Молдай Байтөсов те сол көштің командиріндей қызулы қайратпен қарагер атына мініп солай беттеді. Жылдар керуеніне қайыспаған тұлғасы Есімнің қабағында қасқайған бәйтеректі елестеткендей еді...

Түс әлемінде күндегі әдетімен үйіне бір соғып кете берген Молдекең есіктің алдындағы мама ағашқа атын бауыра салып, гаражға қарай беттеді. Қанша айтқанмен уақыттың табы тұла бойға түспей қоймайды ғой. Танертең жер шылаң-сазды болған соң салт тартқан-ды. Бірақ, міне, сол жүріс мол денесін соғып тастапты. Ат үстінде шұбаландай түсті. Ол гараждың есігін ашып, «Москвичін» шығаруға ышғайлап жатыр.

Көнігі көз су жаңа жеңіл машинаның сымбатына да қызыну түсірмей мініп келген бетінде баптап, күтіп қоятын Бағзы біреулер сияқты жолға шығарда моторға сабысып жанталасып жатпайды. Сырт етіп есік ашылғанда, лыпып тұрған машина ілезде гүр ете түсіп дыбысына да білінбей ақырын сырғып дәл үй есігінің алдына тоқтады.

— Шіркін, шалдарды құтыртқан заманға тәуба! Танертең тарантас, түсте салт, кешке машина мініп не естерін білмей жүр-ау. Баяғының бозбаласындай бұзыла бермей біреуін ғана неге мінбейсің? — деп үйден шыққан бәйбішесі ерін күліп тұрып, әзілмен-ақ іреп тастады. Үйінде мына тұрмыс дәулетіне аса разы жанның ерке назды лебі бар. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ дерлік адамдар осылай еркін сөйлесе керек-ті.

— Тек, тәйір алғыр. Сіңбіруге қол тимей жүргенде еріккен кім бар дейсің. Танертең жол жаман еді. Енді машина мінбесе бола ма. Кеш салқын. Түнде біраз жүріп қалатын шығармыз. Ана атты отқа жіберіп, арбаны майлап қойындар. — Молдекең үйге қарай беттеді. — Қымыз бар ма?

Бәйбішесі шаруа адамын күткен кейіппен шапшаң қимылдап тегене толы қымыз бен бауырсақ, майын, етіне дейін дастарханға жайып тастады.

— Балалар қалаға жеткізіп тастаса деп жүр еді, — деп байқап қана сөйлеген бәйбішесі Молдекеңнің қабағын бағып қалған.

— Соларды қыс бойы қалаға сүйреуден жалықпайын. Ал, енді олардың ақылы жоқ емес еді ғой. Мына қарбаласта әкесін аясын. Балалар емес, сенің өз бүйірің ғой бүлкілдеп тұрған, — деп Молдекең мұртының қымызға шалынған қияғын сылап мейірлене қарайды. Өз іші де жылып жүре берген сияқты. Жеті баласы ер жетіп, немере де сүйіп отыр. Енді от басына үйіріліп, почтадан пенсиясын күтіп отыратын күні де алыс емес. Уақыты келді. Бірақ, осындай асыл текті адамдар, өмір бойы еңбекте пісіп, әбден шыңы жете құрышталып қалған қайрат нелері уақыт дітін ұзарта береді екен. Молдекеңнің жүріс-тұрысында әлі біраз қауқардың қайраты бар.

— Тағы да түнде жүретін болсаң көз шырымын алмадың-ау.

— Комбайндар жүріп кетсе машинаның ішінде де мызғып алармын.

— Құтыға қымыз құйып ала кет.

Көгілдір «Москвич» ауылдан ұзап, дала қосына қарай тартты. Рульді еркін ұстап отырған Молдекең мына оқтай тартылған үлкен қара жолға қарай отырып, терең ойлар әлеміне сапар шеккендей болады. Рас-ау, өмір деген қызық қой. Жол екеш жол да арнасы кеңейіп толысады екен. Осынау қара жол бұдан қырық жыл бұрын кіре соқпақ қана еді. Қылшылдаған жас жігіттің алакөбеден көзін тырналап, қосқа қарай дедектеп тартатыны Молдекеңнің әлі есінде.

Сондағы соқпақ жол енді, міне, арнасы толып Молдекеңді заулатып әкетіп барады. Тақтайдай теп-тегіс осы жолға да Молдекеңнің көңілі толмайды. Асфальт болса дейді. Күн өткен сайын көтеріле беретін көңіл шіркін жүйріксің-ау.

Дала қосына келіп машинасын ақ қайыңның көлеңкесіне тоқтатқан бригадир мырс етті. «Пай-пай, байлық-ай, барлық-ай!» — дейді іштей. Көз сүріндіргендей болып

«Жигули», «Москвич» қатар тізіліпті. Бәрі де «Жигули» артисторлардың тақым басар көліктері. Ақ желеумен аспазды көзі шалып қалып солай қарай бұрылды.

Жігіттерге не әзірлеп жатырсың?

Біріншіге борщ, екіншіге гуляш, үшіншіге компот.

Етің майлы ма?

Жаман емес.

Майлы болсын. Қоймадан арық ет жіберсе қабыл алмайды. Маған айт. «Ас — адамның арқауы» дегенді ұмытпадың болады. Үшіншіге компотынды қойсаң қайтеді. Сәт құрғыр сап-салқын болып ішті мұздатады. Жігіттерге кешке қарай бойға қуат болатын ыстық шай, немесе ыстық кофе болса.

Реттейік. Ертең бухгалтермен сөйлесейін, — деп аспаз да өз ісіне мығым ыңғай аңғартады.

— Бүгін біздің артистер де келмекші, — деп бригадир орталықтан әкелген бір хабарын жеткізді.

— Ой, олардікі несі. Жаңбырда, қол боста келмей күй ашылғанда көлденеңдеуін қарашы. Тағы да тоқталды екен ғой.

— Жоқ, жігіттерді тоқтатпайды. Сен тамағыңды беріп жатқанда олар да өз өнерлерін көрсетеді. Концерттерің агрегаттың басында қоймақшы. Сонысы дұрыс.

— Еһ, онда жөн. Көтереді көңілді әсем ән мен тәтті күй деп бекер айтпайды ғой.

Бригадир аспаздың қасында тағы ойланып тұр. Орақшылардың бүкіл қам-қарекеті жайлы сияқты. Мына қосың жайлы мекенін де өзі таңдап қазық қағып еді. Келген кісі таңдай қақпай кеткен емес. Тыныштық тұнған салқын сая жанға рахат пұрын құйғандай. Қанатын кең жайған зор қайындардың көлеңкесі әсіресе ыстықта таптырмайтын орын. Телевизор, радио, электр жарығы, түрлі спорт құралдары, газет-журнал, кітаптар. Солардың бәрін тәптештеп қоғамдастырған бригадирдің өзі. Енді міне диканның ас-суы, ән-күйіне дейін діттеп, тү-

гендеп тұр. Қашанғы мазасыз қалпымен тыным таппайды Молдекен. Мына тұрысында ол ойымен ана даланы кезіп кеткен шығар. Әр комбайнның мотор үнін алыстан тыңдап тұрған гәрізді.

— Назымбек келсе айтарсың, шопыр солдаттардың бастығына барып келсін. Бүгін таң атқанша жүреміз. Ана жолғыдай тағы да комбайндарды қаңтарып қоятын болмасын. Соны сөйлессін. Тағандап келсін. Мен комбайндарға кеттім, — деп бригадир аспазға тапсырып жатыр еді, қалың ағаштың қылтаңынан жіңішке жіптей прелеңдей созылатын орман жолымен ұзын кара жеңіл машина сылаң етіп, бүкіл маңдай алдымен де, бауырсауырымен де жарқ-жұрқ етіп шыға келді. Үлкен бастықтардың бірі екенін Молдекен бірден түсінді. Қайықтай қалқыған «Чайка» дала қосының дәл алдына келіп тоқтағанда таныды. КПСС Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші секретары Василий Петрович Демиденко болатын бұл. Қасында осы Бескөл аудандық партия комитетінің бірінші секретары, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Петр Захарович Телюк бар. Бригадир екеуімен де жақсы таныс. Талай аудандық, облыстық жиындарда президиумда қатар қасқайып отырған. Осы бригадаға да бірнеше сапар жол тартып тұр. Өні жас, ұзын бойлы алпамыс нықты Демиденко машинадан түсе Молдекеңе ұмтылып қос қолдап, күлімсіреп амандасты. Кішіпейіл мінезбен бірден іш-бауырға кіріп, өз ыркына бірден үйіріп әкетіп барады. Сұрайтыны: шаруа жайы. Алыстан орағытып, айналсоқтап жанамаламай тікесінен тура сөйлеп, мәселені нақты анықтайды.

— Молдай Байтөсович, кәне, мекен-жайыңызды көрейікші, — деп обком секретары бригадирді қолтығынан алып, дала қосының жай-жапсарын байқамақ болып іл-

өрі жетеледі. Көпті көрген кәнігі дқан Молдекеннің сүрті үлкен бастықтың сесінен шайлығы қойған жоқ. Оған еркін ұстап, сауалдарға нақпа-нақ жауап береді.

Мынау Молдай Байтөсовичтің өз қолымен таңдалған жер, өз қолымен осылай сәнделген қоныс, — деп Есбек те сөз қосып қойды.

Жарайды екен. Қарттың талғамы жастардан кем емесіні көрініп тұр. Мына жерде тынығып алғанды біз де теріс көрмес едік, — деп Василий Петрович айнала апталап самсаған ақ балтыр сұлу қайындарға қызыл қарайды.

— Е, бәсе, біздің комбайншының тұрмысы осылай болса керек қой.

— Машинаның бәрін осы бригадаға берген бе қалай? — Екі басшы да ендігі сәтте жеңіл машиналар қатарына көз салған еді.

— Берген өздеріңіз. Жеңіп алған біз, — деп Молдекен миығынан мырс етіп мақтанышын жасыра алмады. — Оның бәрі еңбек озаттарына кезектен тыс сатылған айлықтар. Біздің жігіттердің бір жаздағы еңбегі бір машина емес пе?!

— Ал, Молдай Байтөсович, бригадаңыздың минералдық тыңайтқышпен достығы қалай? — Демиденко әңгіме тақырыптарын іскер қалыпқа көшірді. Жүзінде де салмақ, ой ұшыпты. Кең құлашты, мол өрісті ойлар адамына тән қалыппен бір нәрсені тереңдеп сұрап, жігі үңіледі екен. Молдекен де соған лайық жауап қатады. Обком секретарі бригадирдің сонысына разы.

— Достығымыз жарасама деп ойлаймын. Егістікке көктемде суперфосфат, азот сіңірген едік. Біздің жердің қара қыртысы қалың ғой, азот қолайлы ма деп қалдым. Минералдық тыңайтқыштың пайдасы мол, Василий Петрович. Менің байқауымша минералдық тыңайтқыш сіңірілген жерден әр гектардан 3—4 центнер артық өнім

алынады. Жігіттерді қыста өзім бастап агрономиялық курсқа апарып едім. Минералдық тыңайтқыштың сорт-сортын бәрі де сайрап тұр.

— Оныңыз дұрыс екен. Ал, Молдай Байтөсович, біздің кейбір бригадирлер егін бітік деп байбаламдап жүріп уақытты өткізіп алады. Қазір қайда барсаң да егіннің ажары жаман емес. Соны ептеп серпе сөйлеуді ұнатады. Ал осы егінді неше күнде жинап аласың десең күмілжиді.

— Қайтсын аспанға қарайды ғой, — деп бригадир де босандық байқатып күліп жіберді. — Ауа райын жеңе алмай тұрмыз-ау.

— Молдай Байтөсович, сіз де солардың сапына қосылып тұрған жоқсыз ба? Сөз әлпетіңіз солай бұрылады ғой. — Демиденко да бригадирге жымия қарап басын шайқады. Петр Захарович та кеңкілдейді. Ол мына бригадирінің оңай жаңғақ емес екеніне сенімді сияқты. Орынсыз жұптап араласпайды.

— «Бөріктінің намысы бір» дейді қазақ, Василий Петрович. Бірақ менің жалған намысым ұстап тұрған жоқ. Дұрыс айтасыз, біздің бригадир бауырлардың бос сөзбен жүріп, жаумаған жаңбырды айтып зәрелері ұшып уақытты өткізіп алатыны бар. Василий Петрович, бұл қатты қойылатын мәселе. Біз техниканы сақтайық, егінді күтейік, қаржыны үнемдейік деп екпіндете сөйлейміз. Ал, уақытты зая кетірмейік, уақытты үнемдейік деп аз айтамыз. Диқанның өмірі далада өткен соң уақыты да даладай кең деп ойлаймыз ба қалай? — Қарт бригадирдің көптен көкірегінде қордаланған сөзі екен. Ақтарылып айтып салды. Демиденко да, Телюк те оған қызыға қарап қалыпты. Екеуі де Молдекеңе ерік беріп, «сөйлей түс» деген кейіпте ықыластана ден қойған. — Қазір уақытты ұйқымен өткізетін ешкім жоқ. Ол заман қайда. Қазіргі уақыт найқалумен, жоқты іздеумен, тосумен өтеді. Кішкентай бір бөлшекті тосып сарғаясың, машина тосып әлектенесін. Осыларды реттесе.

Жаны бар сөз. Бұны біз ойластырып жүрміз. Обком та қаралады. Нық тәртіп орнатамыз.

Тәртіп керек. Қазір бізде, ауыл-селода бір сағат, екі сағат, тіпті үш сағат кешігу де есепке алынбай барамыз. Бұл ауру біздің бригадада жоқ. Мен өз басымнан өскен соң ол ауруға жол бергім келмейді. Баяғыда бес минут жұмыстан кешігемін деп сотталып кете жаздатылмын.

Әрине, қазір халықтың сана-сезімі өсті. Қатты шарша қажет емес те шығар, бірақ жұмысқа кешікпеу ерекшелігін ұмытатындай етіп ескерту керек.

— Обкомның, райкомның пленумына дейін мәселе союға болады.

— Кей жерлерде байқаймын, орақ кезінде қонақтап отырып та жүретін жұрт бар. — Молдекең әбден қызылша алған тәрізді, бүкіл жан-тәнімен беріле сөйлейді.

— Ораққа қатысы жоқ біреулер шығар? Олар қышармағанда қайтеді? — деп аспаз да сөз қосып қалды.

— Ораққа қатыспайтын кісі болмауға тиіс. Тында тұрады екенсің, астық жорығына аралас. Сырт қалуға болмайды. Біздің ұран осы емес пе, Василий Петрович.

— Дұрыс, дұрыс, Молдай Байтөсович.

— Ендеше істей білген кісіге уақыт та, адам да, техника да жетеді. Тек ниет керек. Еңбек керек.

— Сізді жақсы түсініп тұрмын, Молдай Байтөсович. Осы бағытыңыз бізге ұнайды. Біз сізге сенгендіктен диландарға арнап Байтөсов атындағы сыйлықты жарияладық, — деп обком секретары бригадир мерейін өсіріп, Молдекең өзі осыдан бұрын шалалау естіген жаңалықты хабарлап берді.

Пай-пай, Василий Петрович, тым қолпаштап жіберген жоқсыздар ма?! Тым мақтай берсеңіздер буынымыз түсіп кетіп жүрер.

— Талай жылдар дауылынан мүдірмеген дүлдүл ондай-ондай жылы сөзге қанаттанып кетпесе сүрініп кетпес деп сенеміз, Молдай Байтөсович. Бұл облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің сенімі. Қазір гектарынан қаншадан алып жатырсыз?

— Жиырма центнерден.

— Биылғыдай ауа райы қолайсыз жылға жарайтын көрсеткіш. Орақты неше күнде бітірмексіздер?

— Дестеге түсіру он екі күн, жинау он бес күн.

— Осы жоспарыңыз орындалатын нақты нәрсе ме, әлде жай жобалап тұрсыз ба?

— Жоқ, нақты есепке, әр агрегаттың мүмкіндігіне құрылған есеп.

Василий Петрович қарт бригадирдің сөзіне де, өзіне де жаңа танығандай еліге қарай түседі. Молдекең шынымен даланың дүлдүлі екен. Облыстық партия комитетінің бірінші секретары осынау бригадир туралы бұрын білгендерін тағы бір байыта түсті. Байтөсовты қастарына отырғызған екі секретарь қара «Чайкамен» біраз агрегаттарды аралады, көп әңгімелесті. Мына даланың жолы тәрізді тарау-тарау ойлар әр қиырдан тоғысты. Соның бәрінен Молдай тұлғасы ерекше биіктеп танылады.

— Тағы соғамыз! — деп Демиденко Молдекеңмен қол алысып қоштасты. — Бәйтеректің алыстан көрінетінін ұмытпаңыз.

— Жаман шалды шаңыраққа шығара бермендер, — деп Молдекең күлді...

Жеңіл машина заулап ілгері тартты. Молдекең Бейсенбай Төлегеновтың агрегатында қалып қойды. Екі секретарь да машинаның артқы әйнегінен бұрылып тағы қарасты. Бәлкім олар дән дариясының ортасында бәйтеректей бойлаған қарт бригадир тұлғасына тағы да қызыға қараған шығар.

Даланы сүйген тау ұлы

Сізді директор шақырады, — деп бұйрықты хабарды жеткізген секретарша келіншек жартылай ашқан есікті шапшаң жауып, ұзын коридордың бойымен өкшемен қапқылдап ұзап бара жатты. Ертеңгілік мезгілде қабырғадан әлі бос тұрған кеңсе іші жаңғырығып, әлгі өкшеменнің директор кабинеті табалдырығына тірелгеніне де оны естіліп тұрды. Өне келіншек сырты дермантинмен қапталған ауыр есікті ақырын жауып, өз орнына отырды. Бірақ ешқайда жүргірген жоқ. Директор бас зоотехникті шақырған екен. Жана ғана кабинетіне кіріп, орнына жайғаса берген Нұрлан да бөгелмеді. Қою қара шапшаң шалқасынан қайыра тарап, үсті-басын жөнге келтірді де, ол да жөнелді. Өзі шыққан есіктен директор кабинетінің арасы болмашы ғана жер. Сол екі ортада бас зоотехник Нұрлан Жұмабаевтің көңілінде сан ойлар толқып, көз алдынан талай елес көлбеп өтті. Ол бір ертеңгі ішінде кешелі-бүгінгі тындырған шаруаларын ойлап шолып, бәрін де іштей тағандап, қазір-ақ бес саусағында салалап, саралап беруге сенімді қалыппен кірді кабинетке. Қызыл шырайлы сұлуша жүзінде, нұрлы жанарында өз ісіне мығымдық оты лаулап жанып, жасалмай жадырап қарайды.

Кең кабинеттің сонау алыс төрінде алпамсадай адамның да шөккіп көрінетін әдеті емес пе. Совхоз директоры Руслан Камбулатович Бекузаров бір қалың ойға батып, креслоның арқалығына шалқайған бойы сырғып төмен түсіп кеткен сияқты. Бас зоотехник қарсы алдына келіп сөйлескенде барып, орнына көтеріліп, сол қолын созып сөлемдесті. Жарадар оң қолын әдетімен алдына бос тастапты.

— Амандығыңды тұла бойыңнан танып тұрмын, шаруаға көшейік, — деп директор қашанғы іскер әдетімен

бұл жолы да жаңылмай бір шұғыл шаруаның ұшығын аңғартты.

— Әзірмін, — деп Нұрлан да артық сөз қоспай қалыптындап қалған. Директор мінезінің қыр-сырын бұл совхоздың адамдары әбден жетік жаттап, жақсылықты қасиеттерін қалтқысыз қабылдап еді. Әсіресе, оның бос сөзге бір минут уақытын қимайтын қаталдығы ұнайтын бәріне.

— Қазір әр сиырға қанша протеин беріліп тұр? — Алдындағы мәліметке көз жүгіртіп өткен Руслан Камбулатович бас зоотехникке қырын тиер сұрақпен қиғаштай қарады. Мал шаруашылығын түсінген адамға бұл сауалдың салмағы көп айғайдан әлдеқайда ауыр болатын. Директор өзінің айтар ойын, талап-тілегін, қажет болса зілін осы бір-ақ цифрдың нысанасына байлап атқан еді. Бас зоотехник те тез түсінді. Директор сұрағы әр сиырдан сауылатын сүт мөлшерінің азайып кету себебін бұлтасыз түсіндіруді талап етіп тұр.

— Әр сиырға күніне 1100 грамнан протеин...

— Есеп бойынша қанша сүт алуың керек сонда?

— Әр сиырдан күніне 8 килограмнан сүт саууға тиіс піз. Малға берілген жемазық мөлшері осыны талап етеді.

— Мәліметте ше?

— 7,5 килограмнан.

— Азаю себебі не?

— Төртінші бөлімшеде 9—10 килограмнан.

— Ол түсінікті, үшінші бөлімше?

Нұрлан соңғы екі күн бойы фермаларды түгел аралап, мал қыстатудың жайын бүге-шігесіне дейін сүзі шығып еді. Сонда аңғарғанын, көрген кемшіліктерін оны жою үшін қолданған шараларын аз сөзбен тақылдатып айтып шықты. Сүт мөлшерінің келесі айда күрсөсетін жолдарын да жеткізе дәлелдеп, деректеп берді.

— Дұрыс екен онда. Айқындаушы жылдың бірінші

тоқсанының жоспарын сүттен 18 мартта, еттен 20 мартта орындап отырмыз. Мұның бәрі жақсы. Бірақ біздің мақсатымыз биік межелер екенін ұмытпайық. Тоқмейілсу — тоқырау деген сөз. Ал тоқырауға біздің хақымыз жоқ.

Соңғы сөзді жігерлі леппен шегелеп айтқан Бекузаров орнында қозғалақтап қойып, столдың жақтауындағы кнопканы басып қалды. Іле есік ашылды.

— Бас инженерді шақырыңыз.

Қабинетке бас инженер Меркель Виктор Иванович кіргенде директордың қабағы ашылып, күлімсіреді.

— Виктор Ивановичті қазір қуантуға болады. Жазды күні ренжігеніңіз есіңізде ме?

— Сіздің ренжігеніңіз есімде. Ал мен ренжіген жоқпын. Мен кемшілігімді мойындадым.

— Кемшілікті мойындау да үлкен өжеттік, — Руслан Камбулатович инженердің қолын алып амандасты. Үшеуі де күлімсірегенде өткен жазда жемшөп дайындау кезіндегі бір айғайды еске алысқан болатын.

...Жаздың жаңбырлы күндері созылып кетіп, совхоз басшыларының қабағы салыңқы тартқан-ды. Киіздей тұтасып, қалың ұйысқан көкпеңбек жоңышқаны орып тастағанда бір апта жаңбыр төкпеледі. Сондағы совхоз директорының кейіген кейпін көрсеңіз. Екінші бөлімшеге күніне бірнеше соғып, жайрап жатқан жоңышқа атжалдарын аударып көретін.

— Шіркін-ай, майсөк шөп шіріп кетпесе жарар еді. Күнге, суға тиген соң не нәрі, не дәні қалады? — деп талай тамсанды. Бір ретінде бас инженермен бірге келіп, бөлімше басқарушысын қастарына ала отырып тапсырған.

— Қазір міне мына жоңышқаның қаймағы бұзылмай тұрғанда бір килограммында 60 грамм протейн болуға тиіс. Ал ертең іріп-шіріп кетсе 15—20 грамм ғана протейн қалады. Бізге керек нәрі сол ғой, — деп ғылыми тәсілдермен дәлді сөйлеп серіктерін бекем иландырған. —

Ертең жаңбыр жарты күнге басылса, жарты талын шығын етпей жинап алуды қамтамасыз ету — сенің міндетің, бас инженер. Қатты тапсырамын.

Айтқандай-ақ арада бір күн өтпей, күн райы түзеліп, жер дегди бастағанда, сол жоңышқа егістігіне Бекузаров та келіп еді. Бірақ, басталған шаруаны көре алмай күйініп кетті. Бас инженерді табанында үйінен алдырып, ашу үстінде көзіне шұқып ұқтырған.

Бүгін міне сол оқиғаға оралысып отыр. Директор алдында жатқан қағазды қолына алып, инженерге ұсынды.

— Міне облыстық лабораторияның анықтамасы. Екінші бөлімшедегі жоңышқаның екінші маясына жасалған анализ. Протейн 70 грамм. Жанталасқан еңбегіміз желге кетпепті.

Виктор Иванович те қағазды қолына алып, қадала үңіліп жатыр. Сан түрлі химиялық деректердің сырын оқуды ол да әбден үйреніп алған. Осы ортада қалыптасқан лексиконда химиялық, биологиялық терминдердің молдығына әсте таңдануға болмайтын еді. Совхоз басшылары, мамандар нық бекіп, орныққан тәртіп бойынша қандай құбылысқа болсын экономикалық, биологиялық, химиялық тұрғыдан талдау жасап, қорытынды түюді күнделік, өмірлік дағдыға айналдырған. Бірін-бірі цифрмен, яки бөгде адамға бимәлім терминдер арқылы ұғысқан сәттері де көп. Соның өзі-ақ совхоз шаруашылығын жүргізу күн сайын күрделіленіп, өндірістік бағыт, ғылыми негіз алып бара жатқанын айқындайтын еді. Әлгі әзірде директор әрбір сауын сиырға күніне 1100 грамнан протейн берілетінін анықтағанда малдың күндік рационның көз алдына айқын елестетті. Ол әр сиырға күніне 4 килограмнан жарма, 3 килограмнан сабан, 20 килограмнан сүрлем берілетінін айтпай-ақ ұқты. Осыншама жем-азықтың нәрі 1100 грамм протейнге тең келетінін Бекузаров жақсы біледі. Бұл есепке өзі қаншалық жүйрік болса, басқаларды да соншалық зерек оқытып келе

ытқан мызғымас тәртібі бар. Ол тәртібі де қатан. Ол тәртіпті мойындағысы келмегендерді директор да мойындаған емес.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын бөлімше басқарушыларының бірі сол тәртіпке көлденең келіп, қызметінен қалпақтай ұшқанын жұрттың бәрі біледі. Жасы егде тартып, қапалыққа елп ете түсе қоймайтын көнтерлілеу адам болатын бөлімше басқарушысы. Ел басқаруда талай жыл күріп қалған ескі тоқпағына сенімді мінезі бар-ды. Совхоз шаруашылығын ұршықтай үйіріп, тыным таппайтын Бекузаровтың жаңалығына оскыра қарады.

— Бүгін малға қанша қоротин бересіңдер? — деп сұрапты бірде директор.

— Бір құшак, — депті бұл сұраққа да қитығып, ересек қалған бөлімше басқарушысы.

— Ақсақал, ашуланбаңыз. Сіздің орныңыз бұл емес екен, — дейді де ертеңінде аудандық партия комитетімен келісіп, оны орнынан босатады. Сонда совхоз басшыларының кейбірі ара түсіпті.

— Тым қатал кеттіңіз-ау. Сол цифрларды кім біле береді.

— Мен қатал емеспін. Зымыраған уақыт қатал. Уақыт көшіне ілесе алмаған басшының бөгесін болмағаны дұрыс. Дәлме-дәл есеп, ғылыми негіз, озық тәжірибе болмаса шаруашылықты қолға алып қажеті шамалы, — деп Руслан Камбулатович ол әңгімені әрі өрістетпей, қайта қайырылмас етіп бір-ақ түйген. Сондай мықты қолдың қалт жібермес тәртібі совхоз өміріне жыл өткен сайын тереңдей сіңіп, айнымас заң болып қалыптасқаны жақсы құбылыс еді.

— Виктор Иванович, мына Нұрлан ертең 200-дей малды ет комбинатына жөнелтпек болып отыр. Машинамен камтамасыз етіңіз. График бұзылмасын, — деп директор бас инженерге шақырту себебінің екінші сырын ұқтырды. Баппен сөйлеген дауысы билік тізгінін берік

ұстаған басшының бипазды мақамын танытады. — Менің тарапымнан көмек қажет пе?

— Орындалады.

— Ендеше біздің совхоздың екі жылдан бері ешбір ұйымға айып, не штраф төлемей келе жатқанын ұмытпаңдар, график, ритм бұзылмасын. — Жауырыны қақпактай, қапсағай денелі, қонқақ мұрын, тік қабақты Бекузаров әр сөзін екпін салып, қысқа қайырып, қайтып алмастай, қайталамастай етіп нық бекітеді. Ақыл тұнған аялы жанары жалт-жұлт еткенде тұла бойында лапылдаған ыстық қайрат от шашып өткендей болады.

— Көктемгі егіске әзірлік қыл бабында, Руслан Камбулатович, енді мен шөп шабуға әзірленіп жатырмын, — деп бас инженер өз жоспарын айтты. — Бәрі де бұрын келісілген график бойынша.

— Жөн екен. Мына нәрсе әрқашан есіңізде болсын, Виктор Иванович, біз барлық шаруашылық науқандарын өткізу мерзімдерін екі есе қысқартуға тиіспіз. Негізгі бағытымыз осы. Оған мүмкіндік бар ғой.

— Бар. Бірақ қиын.

— Қпыншылықты жеңу — біздің міндетіміз, — деді Бекузаров жаңа бір ойдың өрісіне құлақ ұрып. Ол өзі мақсат етіп отырған межесін, техниканы пайдалану жөндеу жөніндегі ойларын жіліктеп шағып, жайып салды. Бас инженер директордың пікірлерін ден қоя қостап, ара-арасында өз ойларымен толықтыра түседі.

— Біз әлі орақ кезінде де сырттан машина сұрамайтын боламыз. Оған күшіміз де, өнеріміз де жетеді. Тек қана талап болсын.

— Ой, Руслан Камбулатович, оған әлі көп бар ғой, — деп күліп, сөзге Нұрлан араласты. Мұндайда Бекузаровтың шамына шоқ түскендей, дуылдап, тұтанып кететін әдеті.

— Трактор тіркемелерін сатып алсақ ар жағы қиын

емес, — Меркель де директордың сенімді есебінің шет жағасын ағытты.

Ә, онда сөзім жоқ.

Келісетінің бар қарсыласпайшы, — деп Бекузаров күліп жіберді. Таулық азаматтардың ажарымен сарқылдап қатты күлетін мінезіне бақты.

- Нұрлан, сенің мәселең шешілді ғой?

- Шешілді. Бізден тоқтау болмайды. Малым дайын.

- Енді сұрағың бар ма?

- Жоқ.

- Ендеше менің сұрағым бар. Комбинатқа малыңды қаншадан өткізгелі отырсың?

- Міндеттемеде әр малды 380 килограмдық салмақпен өткізу көрсетілген.

- Қызық екенсің, жігітім. Міндеттемені, жоспарды емес, міндеттемені жыл сайын асыра орындап келе жатқан салтымызды білесің бе өзін?

- Білемін ғой, Руслан Қамбулатович, ертең әр малды 430 килограмнан өткізейін деп отырмын.

- Онына келісуге болар бәлкім. Нұрлан, мен саған сөзін айттым ғой. Мал шаруашылығын біз өндірістік негізде дамытатын боламыз. Сол үшін еңбек етіп, шығыннан да жұмсап жатырмыз, бірақ есесі қайтып жатыр. Молынан қайтуға тиіс енді, екі, үш есе...

Нұрлан өз кабинетіне кіріп, екінші этаждан терезеге көз салып еді, Бекузаров біреулермен қолын сермей сөйлесіп, екпіндете ентелендеген бойы машинасына беттеп барады екен. «Дамыл жоқ. Жаңа ғана кабинетінде қалып еді ғой. Тағы қайда құйғытты? Ойға алғанын орындамай тынбайды-ау». Басын шайқап Нұрлан директордың құлшынған қайратына сүйсіне қарайды. Бұл жалғыз Жұмабаевтың ғана пікірі емес, бүкіл совхоз коллективінің өз басшысына берер бағасы болатын.

Руслан Қамбулатович Бекузаровтың Совет ауданының осы Чапаев атындағы совхозға директор болып

келгеніне он бір жылдан асыпты. Осы уақыт мынау совхоз өңіріне де, адамдар өміріне де қаншама өзгеріске әкелді десеңізші. Соның бәрінде совхоз директорының қол таңбасы айқын танылғаны бәрінен де сүйінішті еді.

Совхоздың орталық қонысы бүгін өзгеше сәнді көрінеді. Үш-төрт қабатты тұрғын үйлер қатар түзеп, тіпті қала бейнесін көз алдыңызға әкеледі. Сауда орталығы сәнді дүкендер, салтанатты мәдениет үйі, мектеп, ауру хана, бала бақша, самала көшелер... Солардың бәрін соңғы он жылдың бедерінде күмбез көтеріп көркейген ғимараттар. Он жыл ішінде осы совхозда ғана 20 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті, өндірістің объектілер қаншама... Бәрі де «азамат ажарын ауылынан таны» дерлік жарастықпен жарқырап жайнайды.

* * *

— Жаңалыққа жатырқай қарайтын әдетіміз не екен осы? — деп Бекузаров артта отырған партком секретары Әшкен Кенжеболатовқа сұрақ қоя бұрылды. Жеңіл машина ақ қайыңды шоқтың бауырын ала бұраландағанда дала жолын қуалап ілгері зырлап келеді. Жаздың жадыранқы тамаша күні. Жер-дүние жасыл желекке малынып, құлпырып тұр.

— Ескі әдеттің ықпалы күшті ғой. Талай жыл қалыптасқан камалдай әдетті бұзып-жару да қиын, — деп партком секретары әңгіме анысын түсініп.

— Жыл он екі ай малды қорада байлағаны несе жемшөп қысқа жетпей жатқанда жазда қолға қаратып не жұт келді деп жағасын ұстағандардың талайын көрдім, — деп совхоз директоры қазір көңілді келеді. Совхоз өңірі бүгін бейнебір көз жаулаған зерлі кілемдей түрленеді. Міне дәл алдында жап-жасыл бояқ болып қалып жоңышқа қайысады. Екі тұста орналасқан «Сигма» жаңбырлатқыш қондырғылары аспаннан ақ нөсер төгі

... егісін тұр. Алыстан карағанда күн көзі шағылысып, сәуірқосақ ойнап, қызық көрінеді. Руслан Қамбулатов сол әсем көрініске еліге қарайды. Машина егістік шетіне тоқтады. Көз алдарында осы совхозға Бекузаров өсіріп жатқан жаңалықтың бір жұрнағы жайнап жатыр.

Осыдан үш жыл бұрын Чапаев атындағы совхоз облыста тұңғыш болып мал бағудың жаңа әдісіне көшті. Мал бұрынғыдай жаз шыға өріске жіберіліп, далада қалмай, жыл бойы қолда күтілетін болды. Міне бұл сүмдік малшылар қауымын таңырқатқан жаңалық еді. Шынында да күдіктенушілер көп болғаны анық. Ал совхоз директоры өз бастамасын есеп-шоттың тасын сартыратып қаққан қарапайым есепке құрған болатын. Совхозда алдымен берік жемшөп қоры жасалды. Біржылдық, көпжылдық шөптердің құнарлы да мол өнім беретін түрлері егіліп, табиғи ресурстар есепке алынды. 960 гектардай алаң түбірінен қайта жақсартылып, көпжылдық шөп егілді. Ең бастысы — 200 гектар алаңға жоңышқа егіліп, ол жаңбырлата суарылды. Мамандардың есебі бойынша осы жоңышқа алаңының әр гектарынан әдеттегі 60 центнердің орнына 250 центнерден өнім жинауға болады екен. Ерте көктемде себілген жоңышқа июньнің ортасында шабуға жарап, пісіп қалды. Өнім алынған осы алаңды тағы да жаңбырлата суарып, күзде екінші рет шөбін шауып алуға мүмкіндік туды. Сөйтіп, совхозда қорадағы мал үшін жаздың басынан қара күзге дейін жасыл конвейер ұйымдастырылды.

— Мынауыңыз не сүмдық, мал бой жазып өріске шықпаушы ма еді, — деп Қамыстау селосындағы атақты малшы Октябрь революциясы орденінің кавалері Мүбәрек Әлжанов алдымен наразылық білдірді.— Мына малға не шақ келеді? Тұғалы көрмеген нәрсем. Руслан-ау, мұның не, Америкадан көргенің бе? Құрысын. Сенбеймін-ау, сенбеймін. Қаптаған мал жаз бойы қолға қара-

ған соң шөп шақ келе ме? — Көпті көрген көнекөз қария директорға бір келгенінде осылай бар дүдемалын бүкпесіз ақтарып салды.

— Ақсақал, асықпаңыз. Тамашасы әлі алда. Айнала қалың егін, қайда бағамын деп бақырушы едің. Қазір тіпті жақсы емес пе. Малың қорада, шашпада шөбі, жемі, суы алдында. Еміп тұрған жоқ па?

— Еміп тұруы тұр ғой. Қашанға дейін бұлар былай тұрар дейсің.

— Осылай тұрады әрқашан. Совхоз шөпті де, жемді де табады. Тек күтуінді біл. Ертең жаңбыр тамбады, өрістің шөбі шөжіп бітті. Тандырдың тақырынан не шығады деп баяғыдай кикуды салмайсың. Қолдан жаңбыр жасап, жоңышқа өсіріп жатырмыз. Малдың алдына күні-түні төк те таста. Жетеді. Жеткіземіз. Өзіңіз ойлаңызшы. Қолда тұрған мал тез семірмей ме?

— Е, міне, Семірген малды ұстамаймыз, тездетіп етке жөнелтеміз. Арзан ет өндірудің аты осы болады, ақсақал, — деп Бекузаров малшыны қаншама ұғындырса да көкірегіне жете алмағаны рас еді. Мал бағудың ескі әліппесін жылдар бойы жаттап өскен кәрі кеудені күрт иілдіріп иландыра қою қиын екенін директор да түсінеді. Сондықтан да совхозда басталған осы істі жедел де жандыра қолға алды. Мүбәрәк ақсақалдың «Америкадан көргенің бе?» деген түйткілінде де тиек бар. Бекузаров СССР ауыл шаруашылығы делегациясының құрамында Америка Құрама Штаттарында бір ай болып, көп нәрсені көріп қайтқан еді. Әрине бұл жаналығы капиталистік елден үйренгені емес, өзінің көп ойларының қорытындысы, өмір талабы, совхоз шаруашылығын өндірістік негізде өркендету мүмкіндігінің бір нышаны болатын. Руслан Камбулатович дәйім іздену, оқу, үйрену үстіндегі басшы. Ол жаналықты нәрсеге, озат тәжірибеге қашан да құмарта ден қойғыш, қызыққыш, соны өз шаруашылығында қолданғыш. Бірақ Бекузаров қандай тәжірибе

...лықты болсын өз елегінен өткізіп, нақтылы жағдайды үйлестіріп творчестволықпен игереді, бүкіл экономиканың тиімділігін есептеп барып қолданады. Қарама-қарсы мамандарды да соған үйреткен.

Білім шіркінді ағып жатқан бұлақ деп бекер айтқаны емес еңбегі. Білгенге не жетсін. Біліп істеген шаруа өзінің жүре берді-ау. — Арада екі жыл өткенде Мүбәрәк тарт осылай серпе сөйледі. Бар әңгімесінің ажары, өзінің сөні совхоздағы осы жаңалықтың жақсылығы болып отырғаны болатын. Оның бұл сүйінішін бекіте түскендей болды одақтық «Сельская жизнь» газеті өзінің тұтас бір санын Чапаев атындағы совхоздың озық тәжірибесіне арнады. Ауыл шаруашылығы мамандарының облыстық деңгейдегі семинарлары да осы совхозда өткізілді. ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретарі Д. А. Қонаев бұл совхоздың мал шаруашылығымен байланысты жақсы баға бергені де коллективті жаңа белестерге жігерлендірген болатын. Соның бәрі Руслан Камбарович көңіліндегі көп мазасыздықты сейілдіріп, сезімнен шығайта түскенді. Енді ол жаңа істің арнасын көрсетіп, болашағын берекелі де бұлақты етуді ойластыруда болды...

Машинадан шапшаң түскен директор қаулап көтеріліп, жоқорай шалғын жоңышқаны тізеден кешіп мәз болды.

Осындай суармалы шабындықты бір мың гектарға өсірсек, бүйрегіміз бұлк етпей еркін сілтеуге болады. Бір мың гектарға жеткіземіз де. Кеше облыспен тағы бір келісім, тағы да төрт «Сигма» қондырғысын бермек, — деп Бекузаров бұл бастамасын төрт аяғынан тік тұрғызып, қолыным таппас ынғайын білдіреді.

Онда біздің Мүбәрәк ақсақалдар тіпті шалқаяды. Осы Кенжеболатов та директор ойын құптаған қалып-шабындық күлімсіреді.

— Қарияның көкірегін жібіттік қой. Қазір білек сабанып өзі құлшынады.

Қолына ұстатқан, көз алдына көрсеткен деректі дәлелдер кімді болсын ырқына бағындырып, қандай кейіп тартқанды да ілгері талпындырып, өз екпінімен еріксіз жетектетеді екен. Тоғызыншы бесжылдықтың өткен үш жылында Чапаев атындағы совхоздың мал шаруашылығы жеткен белестер шын мәнінде биік те бедерлі. Бұлар арада тек қана цифрлардың сөйлегені дұрыс. Совхоз өзімен жері де, жағдайы да бірдей көршілес шаруашылықтармен салыстырғанда мал шаруашылығы өнімдері жыл сайын екі есе көп береді. Өткен үш жылда дәнді дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 19 центнерде астық алынды. Өткен шешуші жылда чапаевтықтар мемлекетке жоспар бойынша 11 мың 800 центнер орнына 11 мың центнер ет, 32 мың центнер орнына 40 мың центнер сүт сатқан. Бұл 1958 жылы бүкіл Совет ауданының шаруашылықтары мемлекетке өткізген өнімге тең көрсеткіш. Осы өңірде мал шаруашылығының табыс беру қиын деп есептеліп келді. Оған жұмсалатын еңбек көрсондықтан да табысы шығынын өтей алмайды деген пікірдің дендегені рас болатын. Бекузаров басқарған совхоз бұл ұшқалақ ойды теріске шығарды. Бұл шаруашылық, міне, бірнеше жыл қатарынан мал шаруашылығына үнемі табыс алып келеді. Өткен жылы совхоздың жалпы таза табысы бір жарым миллион сом болса, осының жартысы мал шаруашылығының үлесіне келіп отыр.

Руслан Камбулатович бір уыс жоңышқаны жұлып алып, мұрнына апарып иіскеді. Аңқыған жұпар исі бұрықырап тұр екен. Көкіректі кеулеп кеткенде түшкіріні рахаттанып қалды.

— Біздің бухгалтерлер де алғашында бас көтерді ғой. Қаншама техникаға қаржыны шашып жатырмыз, мына қияметіміз қымбатқа түседі деп безектегендер де болған. Енді сол шіркіндердің мұрты майға малынған

...он мырс-мырс күледі. Техникаға десек ақшаны аямай қалсаң — Бекузаров кең далада еркін көсіліп, бүкіл даламен селкілдеп кеңкілдейді.

Енді техникаға өздері жүгіруге де дайын ғой.

Дайын отыр. Көздері жетті. Қазір бізде шошқа етінің бір центнерінің өзіндік құны жоспар бойынша 120 сом, қара мал орнына 102 сом, қара мал еті жоспардағы 145 сом, қара мал орнына 128 сом болып отыр. Қалай мақтанса да қара малтерлердің бұғағы бүлкілдейтін цифрлар емес пе. Иә, деп отыр. Екіншіліктің табысы өз алдына. Қазір екіншіліктің табыс беретіні біз үшін проблема болудан қалған, күнделікті іс. — Директор сарт-сұрт еткізіп цифрлармен сөйлейтін әдетімен ағытыла жөнелгенде бүкіл елдің жүрегімен беріліп әсерленіп толқып кетеді. Ол мына цифрларды санауға, атауға әсте жалықпайды, қайта ашым-шытырық етіп үстелеп төге берсе ойша есептеп қанықтастап, әр нәрсенің пайдасын, тиімділігін алдына келтіріп салып отырады. Шаруашылықтың қай саласын алса да есепсіз аттап басқан емес. Содан да болар шаруалары дәйім нысаналы жерге дөп тиіп жатады. Бекузаровтың партия жиналысында тебірене сөйлегенін коммунистердің бәрі осы күні жыр қылып айтады. Партком секретарының да есінде. Дәл сол жиналыста мал шаруашылығын өркендету жайы сөз болған. Руслан Қамбулатович өзінің ойларын айқын етіп жеткізіп, әдеттегідей сөздерімен қадалап тоқтады да жүрек сырындай әңгіме тақымының тереңнен тартты. Дауыс ырғағы да тұла бойы шымырлатып қан тамырларында бір ыстық тасқын ұйқығандай болды.

— Осында бір жолдастар біздің совхоздың өңірін қанда сурет сияқты деп мақтады. Жолдастар, ол дұрыс, мақтану керек, — деп ол сөзін бір толғап алып отырғандарды шолып түсті. — Біз мақтанып күнге қарай берсек өзіміз жұмылып кетпей ме осы. Жұмылатын сияқты. Кейбір күйіндіретін жайларды көрмей ұйпап өте шыға-

тынымыз, соның салдары шығар. Біз малды өсіріп жатырмыз, көбейтіп жатырмыз. Ол өссе қуанамыз. Оның бәрің де жақсы білесіңдер. Ал осы қаптаған малдың сыртта тұлдаған тұяғы жердің төсін тесіп бара жатқанын бітесіңдер ме? Әрине білесіңдер. Бірақ жаңағыдай мақта нышпен кеудені көкке көтеріп жүргенде жерге қарамаймыз ғой. Өздерің бір сәт айналаға қарандаршы. Осы совхоз селоларының маңы сыңсыған орман, жарқыраған көл еді ғой. Жыл сайын орманың да сиреп кетіліп, көлі де суалып тартылып барады. — Бекузаров тына қалып сұраулы кейіппен коммунистерге қарады. Біреулер «расау» дегендей терезеден сыртқа үңіледі. Күнде көріп жүріп, өздері аңғармаған нәрсесін жаңа андағанына тандағандай болады.

— Бәрі де малдың тұяғынан, — деп сөзін енді жаңа екпінмен жалғастырды директор.

— Жер жоқ, енді не істейміз?

— Көшемізге дейін жыртып тастады.

— Ертең көлдер құрыған соң не істер екенбіз.

Мінбеде тұрған Бекузаров бұл сөздерді де сабырлықпен құптап, ойларының ең өзекті салмағына көшкелінің ыңғайын танытады.

— Дұрыс пікір, дұрыс-ақ. Совхоздың малы да, шаруаның малы да таңертеңнен кешке дейін томардың басын, немесе көлдің жағасын таптауырын қылып қамысына дейін қау жап тастайды. Ондай мал өнім бере ме? Жоқ. Ет, сүт деп айғайлаймыз. Мына мінбені төбемізге көтерердей боламыз. Бірақ, онымен бола ма? Жоқ. Шешіп шықпаған тақырға ет өсе ме, сүт өсе ме? Қандай жарқыраған көлдердің көзін бітіріп барады мал. Ағаштың да адымын қоймайды, егінді де отайды.

Енді, міне, осының біріне де жол бермейміз. Малды жыл бойы қолда, қорада бағамыз. Ашық алаңда тұрады. Сонда ет те, сүт те мол болады, табиғатты да сақтаймыз егінді де қорғаймыз.

Жолдастар, бұл мінбеден міндеттене салатын оңай нәрсе емес, бұл орасан жұмыс. Бұның аты бір гектар жарамды жердің берерін ала білу деген сөз. Бір гектар жердің химиялық құрамын, онда қандай дақыл өсіруге болатынын, ол дақылдың биологиялық қасиетін, қалай күтсе қандай өнім беретінін біз бәріміз жатқа білуге шегіміз. Жолдастар-ау, оны жатқа білмесек жердің бабын білеміз деп мардамсудан мәртебе жоқ.

Жиналыстан тарағанда коммунистер осы ойлардың көрімімен болған. Артынан да талай әңгімелер шертісіп, Бекузаровтың ұсынысы көңілге орала кететінін атасқан. Директордың әріден шолатын шалымды ойлары, шаруашылықтың бүге-шігесіне дейін қапы жібермейтін алғырлығы ұнайтын бәріне.

Бұл жолы директор мен партком секретары совхоз жерінің жартысына жуығын аралап түсті. Екпе шөптің беталысын байқады. Кеңсеге кештетіп қана оралды. Күнде қайталанатын осындай әрбір сапарлар екеуін де бір серпілтіп тастайтын. Жаңа әсерлермен толқып қайтарылады. Бекузаров жаз бояуымен балбырап толысқан тала дидарына тәнті болып тамашалап қуанды.

— Бұл менің ғашығым ғой. Ғашығым сыланып шыққанда қайран жүрек қайтіп қана шыдасын! — деп қалды маңа. Ол сөзінің төркінін Әшкен жақсы түсінді. «Мен өнім Эльбрустың бауырында балақтанған таулық болсам да, мына даланың бел баласымын. Алыстан аңсап жеткенім, аңсап келгенім осы дала. Алыстағы аңсаған жүрегім осы даладан бақытын тапты» деп Руслан Камбулатович ақ жарылып жан сырын шашса оған ешкім де еңданды. Ол осы даланың сонау 1954 жылғы дауылы боранында өз өмірбаянының ақ парағына «тың игеруші» деген сөзді маңдай терін тамшылата төгіп тұрып жазған. Әлі есінде... Бекузаровтың өзі бүкіл облысқа ийгілі директор болған соң ол оқиғаны да баршасы біле-

ді. Және де сол оқиғаны сағат сайын еске салып оң қолы сырқырайды...

...Ростов облыстық партия комитетіне шақырылған Бекузаров бір күнді сонда әңгімемен өткізді. Бір кабинеттен бір кабинетке кіріп облыстық партия комитеті секретарының қабылдауында да болды.

— Қиын екенін жасырмаймыз. Қиынға салар қайраты бар деп сендерді салып отырмыз. Сәт сапар! — Осындай ақ тілеумен бір топ маман ертеңінде арнаулы самолетпен Петропавл қаласына бір-ақ түсті. Бекузаров табанында «Восход» совхозының бас инженері деген бұйрықты алып тыңның құйқасы қалың нағыз ортасына аттанды.

Облыс орталығынан үш жүз километрдей қиырдағы қиянда бұл шақта совхоз аты жазылған қададан басқа қара жоқ-ты. Құлазыған ен дала. Жақын деген ауылдың өзі жүз километр. Дәл осы күнге дейін «Қазақстан» деген атын естігеннен басқа қазақ халқын, оның далиған даласын осетин жігіті өмірі көрмеген еді. Ол осыншама қиырсыз кең даланың түгі сынбай сұлап жапан жатқанына таңырқады. Керілген кең құшағын сүйді, жайып салар жомарттығын жаны қалады. Әлі басталмаған іске білек сыбана кірісті.

Ақ қар, көк мұзға палаткаларды құрып тастап, сұлық далаға сымбат әкелген тың игерушілер қыс бойы бетіне бір сызық түспейтін қарлы алаптың жонынан жосылтып жол салып, совхоз өмірін ә дегеннен-ақ күпілдетіп жүре берді. Тынымсыз тасылған техника, құрастырмалы үйлер, жанар-жағар май, қажетті құрылыс материалдары... Соларды совхоздан 250 километр жердегі Мамлютка темір жол станциясынан жөнелтіп тұрушылардың басшысы Бекузаров еді. Қөктемге салым күн туып, жол әбден жара-жара болып бұзылған кез. Қатынас қиын-ақ. Малтыққан машиналарды қиын кезеттерде тракторлар тірке-

өсіп ілгері оздырып жібереді. Бір айдай үйінде болма-
ған бас инженер бензовозға мініп совхозға тартты.

Совхоздың жобалы шекарасына іңірлете ілетін дала
ның әлі ні шыға қоймаған құбақан жолымен зырлап ке-
ле жатқан машинаның кабинасында қалғып кетіп отыр-
ған Руслан маңдайы алдыңғы әйнекке соғыла жаздаған
шапшаң шошып оянды.

— Жауыздар-ай, жай жүрген кісіні жайратып кетті-
ңіз, — деп жан даусы шыққан шофер кабинадан қарғып
түсіп жол жиегінде құлап жатқан екеуге қарай жүгірді.
Бас инженер де шапшаң ұмтылып, жүрегі алқынып кет-
ті. Көз ұшында қарауытып бір машина кетіп барады.
Мынау соның қылығы екенін ұқты бұлар.

Жаңағы «жауыздар-ай» деген бір ауыз сөз Руслан-
ның жүрегін инедей шаншып өтті. Алғашқы сәтте осын-
дай бір-саран басбұзарлардың кесірінен тың игеруші-
лер атына жаман ат та жапсыра салынушы еді. Жергі-
лікті тұрғын шофер жігіт соны меңзеп айтты.

Жараланғандарға қажетті көмек көрсетіп, жақында-
ғы селоға жеткізген бұлар сол түні ұйқы көрмей, із кесіп
отырып, қылмыскерлердің де үстінен түсті.

— Қылмысына жауап беріп, әділ жазаңды аласың, —
деп Руслан кешегі сойқандығын бетіне басып еді әлгі
шімірікпестен шаңқ етті.

— Мені көрген де жоқсың, маған келген де жоқсың.
Ендігі сенің білетінің осы ғана, инженер жолдас. Жолың
өле, тайып тұр. Тісіңнен шықса, мына пышақ ішіңнен
шығады. — Көзі қанталап, қабағы түксиген қылмыскер
шофер «талай қанды кешкемін, пысқырмаймын да» де-
гендей гүж-гүж етіп бас инженерді кеудеден итеріп қал-
ды. Сөзін тыңдамақ түгіл тура қарауға да қолып был-
ғамайтын сияқты сабазың. Іресіп тіресудің аяғы шартпа-
шұртқа жалғасып, мұндай талайдың қоқайын көрген
өңгезердей Бекузаров ерікке қойсын ба әлгіні бір бүк-
теп басып, милицияға әкеп тапсырды.

— Мына тыңның егiнiн сенiң қаныңмен суармасам ба, қолыңды әкел!— деп тiсiн қайрады әлгi сүмелек.

— Қолымды былғамаймын да. Мен саған шекiлдеуiк емеспiн. Азуы алты қарыс фашистердiң де тiсiн қаққанмын.— Бекузаров бұл айтыс-тартыстың нүктесiн осылай қойып, бұрылып та қарамай өз жұмысымен кеттi. Оны тыңдағы жаңа басталған, бiтпейтiн жедел iстер күтiп тұр едi. Сонау 1943 жылдың от жалынында Курск нiнiнде он бес жасар уыз шағында өз еркiмен майданға араласып, фашистермен шайқасқан Руслан шынында да өмiрдiң көп шындауынан өткен шар болаттай болатын.

Сол күнi кешке совхозда күтпеген оқиға дүңк ете түстi. Бақылаудан босанып кеткен әлгi бұзақы кеңсеге кiрiп бара жатқан Русланды ту сыртынан қанжармен бiр-ақ перiптi. Мiне, содан берi зның оң қолы жарадар болып жансызданып қалған.

— Қаның төгiлген жерден кек қайтармай кетуге болмайды. Таулықтардың заңы солай. Жауыз жазасын алып кеттi ғой. Ол менi осы далада өшiрмек болды, мен осы далада өсемiн деп қасарыстым. Ендi өсемiн. Тамырды тереңге жiберiп өссем, қандай дауыл да шайқалта алмайды. Менiң өскенiм жамандардан қайтқан кегiм. Қайтара беремiн сол кегiмдi. Сол қолыммен-ақ қайтарамын. Оң қолым қатар қолдасса не iстер едiм, ей?! — деп достарына Руслан Камбулатович бұл әңгiмесiн әзiлдегiп аяқтайды. Оның сол әзiлiнде де жүрегiнiң жарқылдаған оттары бар. Иә, Бекузаров алға қарап дәiм өсумен келе жатқан адам. Ол мансап баспалдағымен емес, басшылық таланты, инженерлiк алымы, диқандық шеберлiгi, жанашылдық өрiсi өсу үстiндегi iскер директор. Тыңға келгенде Қырым ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының дипломымен iске кiрiсiп едi, тыңда астық молшылығы үшiн жорық сапында жүрiп Бекузаров Ташкенттiң ауыл шаруашылығы ирригациясы және механизациясы институтын бiтiрдi. Бүкiл одақтық халық

шаруашылығы жетістіктері көрмесінің медальдарымен бірнеше рет наградталды. Оның омырауында тыңдағы жиырма жылғы ерен еңбегінің биік белгісі болып Социалистік Еңбек Ерінің Алтын жұлдызы мен Ленин ордені жарқырайды.

Кеше бүкіл еліміз тың жерлерді игерудің жиырма жылдығын дүркіретіп тойлағанда Алматыдағы салтанатты жиналыста алғашқы тың игерушілердің бірі, Чанов атындағы совхоздың директоры Руслан Камбулатович Бекузаров маңдайы жарқырап президиумда еліміздің даңқты адамдарымен қатар отырды. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежневтің тарихи сөзін тыңдады.

— ...Тың жерлердің алғашқы гектарлары қалай жыртылып, тың астығының алғашқы тонналары қолымызға қалай түскенін ұмыту мүмкін емес. Өзіңнің жаныңды сақта істеген істі ұмыту мүмкін емес, — деді Леонид Ильич осы салтанатта сөйлеген сөзінде. Сол сәтте Леонид Ильичтің сыртында президиумда әр сөзді ынтыға тыңдап отырған Бекузаров бәлкім көз алдынан тыңда өткен өмірінің жиырма жылын елестеткен шығар. Ұмытпайды, ұмытылмайды ғой ол жылдар... Ол жылдар дастаны Бекузаровтардың есімін әлі талай ұрпаққа жалғастырып жеткізеді. Мұндай есімдер жырға әбден лайық.

Партком секретары Кенжеболатов осындай ойлармен үйіне қарай ақырын аяндап бара жатты. Ол өзінің қызметтес жолдасының жарқын істеріне, жарқылдаған мінезіне қызыға қарайтын, сүйсіне мақтанатын. «Уақыт қанша ұшқыр болса, біз одан да қалыспайтын ұшқырмыз» деп лапылдап кететін өрт қайраты кейде аласұртып аңғал бастыратыны бар шығар. Кемшіліксіз кісі болмайды. Бірақ ең ізгі қасиеттері алыстан шақырып, аңқылдап тұрғанын ешкім жасыра алмайды. Сол үшін де оны бүкіл совхоз коллективі «Біздің Бекузаров» деп ерекше мереймен мәртебе көтерері анық.

Ол тағы да бұрылып артына қарады. Кеш қаранғылығында қараңдап Руслан Қамбулатович те үйіне беттеп барады екен. Әне қазір ол ауласына кіруі мұң ана бері қараған екі терезе тағы да жарқ ете түсіп, үй иесінің самсаған сөрелерде сықылдаған кітаптар жардай тірелген бөлмесінде тағы да әдебиеттерді ақтаруға отырғанын аяндайды. Алысты аңсаған жүрек тыным таппайды екен. Енді оны совхоз коллективінің бесжылдықтың айқындаушы жылында алар асулары мазалайды. Жаңа биіктер шақырады.

Қызыл билет

Жақында ғана көктемгі егіске кірісердің алдында аудандық партия комитетінің секретары Болатқа партбилет тапсырып тұрып:

— Былтырғыдан биік бол! Сенемін, — деп еді. Тракторист жігіт құптағандай жүзінде қуаныш нұры балқып жымиған. Сонысының өзі үнсіз серттей, сенімді серттей сезіліп еді. Аудандық партия комитетінен шыға берісімен екі беті оттай алаулап, аршындай адымдап кетті. Қалтасында ұлы адамның бейнесі бар қызыл билет, қымбат билет. КПСС мүшесінің билеті. Ауылға жеткенше асықты. Кеуде кернеген қуанышын дикан даласына, өзін тосқан, құрыш қол ұлын тосқан Жер-анасына жеткізіп, жар салуға асыққандай еді ол.

Апырмау, мұның былтырғы еңбегін ерлікке балап, аудандық партия комитетінің секретары да ұмытпапты-ау. Еңбек еш болмас деген осы да. Ауыл адамдары аңыздай айтады тіпті сол оқиғаны. Бәрінің аузында. Иә, былтырғы ерлігі еді...

...Ол да осындай көрікті көгілдір көктем болатын. Бұдан сәл кешіректеу кез. Жер көгеріп, кілем түгіндей тебиндеп қалған. Көктемгі егіс науқаны қызу. Күні-түні да-

адан от сөнбейді. Сондай бір екпінді, отты шақ. Ісінді
мақтауға аз қалғанда нәубетті нөсер екі күн қатарынан
үйіріле төгіп, жер-көкті шылқытты.

Сол ағыл-тегіл су бүгіндер сорығып, дала дегдіні.
Аспан бұлты алашабыр. Бұйда-бұйда. Нақ осы шақта,
күн арқан бойы көтеріле үсті адамға толы бір машина
дуылдан зырлап шықты.

Жауыннан соң жер тіпті жайнап кеткен екен. Жап-
жасыл. Машина үстіндегі жігіттер мына сыланған сұлу
табиғатты тамашалап, туған жердің түрлене құлпыруын
қатты қызықтап, қуаныш көреді.

— Ох, дала қандай!

— Шіркін, біздің жер нағыз курорт емес пе? Сыңсы-
ған орман, мөлдіреген көл, гажайып жер, ауасы қан-
дай, — дейді өз өлкесін мақтаныш көретін механизатор-
лардың бірі. Болат та осы сөзге еліккендей. Дүние шы-
нымен шымқай бір сұлулықпен сыланып алыпты-ау.

Ауылдан механизаторларды әкелген машина маңда-
йын дала қосының алдына әкеліп бір-ақ тіреді. Жігіттер
жапырласып түсіп жатыр. Бәрінің үстінде карамайға
бөгіп жылтыраған жұмыс киімі. Кейбірінің қолдарында
алденендей темір бөлшек детальдар. Әркім өз тракторы-
на қарай беттеп барады. Ағаш баурында қатар түзеп
қаңтарылып тұрған техника маңы қыбыр-қыбыр адамға
голып кетті. Бөлімше басқарушысы Қайыржан да, бри-
гадир Жағыпар да осында екен. Қастарында совхоздың
бас агрономы. Үшеу ара кеңесіп тұр. Жана механизатор-
лар келіп түскенде агроном бәріне естірте бар дауы-
сымен тілек айтқан:

— Жігіттер, кешігіп барамыз. Аянар ештеме қалған
жоқ. Күні-түні істейміз.

— Солай болсын.

— Түсінеміз, — деген үндер жауап болып естілген.

Қайыржан мен Жағыпарға да агроном сол жайлы
қатты ескертеді. Бір жағы басшылық ретімен нығарлап

нұсқаса, бір жағы риясыз дос көңілмен, бар бейілімен қалау етеді.

— Тіпті, аз күн қалды, енді кешікпейік. Егін біткенше осында болыңыздар. Мен де келемін, — деді ол Қаһыржан Бабақовқа.

— Әрине, осында боламыз.

— Қазір мен агрегаттарды алып барамын. Енді екі күнде бітіреміз.

— Механизаторлардың қайсысы алда жүр? Болат Жүсіпов қалай? — Агрономның сұрағына екеуі қоса жауап қатты.

— О, ол молодец.

— Үнемі асыра орындайды.

— Азамат екен. нағыз ер жігіт! — деп соншама сүйсінген бас агрономның көз алдында кешегі бір, күні кешегі жай елестеп өтіп еді...

...Машина-трактор мастерскойының маңы ығы-жығы. У-шу. Дүрілдеген сан мотор, бұдақтаған көк түтін, асығыс адамдар... Механизаторлар бекітіліп берілген тракторларын жүргізіп, жан-жаққа жөнеліп жатыр. Тек бір топ адам оңаша шонтарылып тұр. Бәрі де тым-тырыс. Ешкім тіс жарып үн шығармады. Сөз саудасы мана біткен сияқты. Енді ақыл айтқан үлкендер таусылып, тыңдамаған кішілер томсарып табандап тұр.

— Бұл не тұрыс? Давай тайындар, тракторларды тез жеткізіндер, — деп үнсіз топқа агроном келіп киліккен.

— Мына жігіттер тракторларды алмайды, ескі дейді. — Бригадир Жағыпардың даусы ренішті райда шықты.

— Ескі дейді. Жаңасын сұрай ма? Қім ол?

— Міне мыналардың бәрі де 29-ға мінбейді.

— Жаңа жоқ болса сендерге қайдан табамыз. Ол не еркеліктердің? Сөзді қойып, бірің мініңдер. Бөгемендер жұртты.

— Ол ескіге мінгенше жаяу жүргенім артық.

— Жүруінен тұруы көп, сынуы көп. Оның көркіне қараймыз ба? — десіп әлгі жігіттер туласып, тайқып шыға келді. Ескілеу пішінді «ДТ-54» тракторына бірі де бой ұсынбай, шегіншектеп теріс айналады.

— Фу, бұлардың өзі сөз ұқпайды екен. Таста, тарыңдар, қалсын, табамыз біреуді, — деп бас агроном бұларды асықтырды.

— Қап, қиын болды-ау, — деп Жағыпар да желкесін қасып қиналған-ды. Болат Жүсіпов сонда көп күтпеген бір ұсыныс айтып, өз байламын ортаға тастап еді.

— Мен алайын бұл тракторды, — бәрі елең етті. Көп көздер таңырқап қадала қалды.

— Өз тракторың бар емес пе?

— Оны басқа біреуі алсын.

— Жап-жаңа тракторды біреуге беріп, мынаны алмақсын ба?

— Несі бар. Жаңа тракторға мен міндім не, басқа мінді не, әйтеуір біздің ауылға барады ғой. Мынаны да гастамайық, мен алайын.

— Сөйтсең сөйтші өзің. — Манадан тығырыққа тіреліп тұрған бригадир де көне кетті. Болат мастерской ауласындағы жалғыз тракторға қарай беттей берді.

— Қарап тұрыңдар, ертең бәріңнен осы жаман трактор озады, — деп агроном манағы шегіншектеген жігіттерге қадалып айтты. — Бәрі де еңбекте. Еңбекке осындай енжарлықпен сендер жаңа тракторды да бұзасыңдар. Тракторға мінбей жатып табандайсыңдар, бара-бара қайтесіңдер...

Ол үйінің жанына тоқтатқан трактор маңынан бір жұмадай ертелі-кеш шықпады. Әбден азаптанып, баптап бітті.

— Ей, сорың құрысын, сұрап алған бейнетті-ай, — деп қасына келген кейбіреулер жігіттің жанталасқан жайын көріп мүсіркейтін. Болат маңдайынан тері бұр-

шақтап жалт етіп бір қарайды да, бұрылып бөгелмей, жұмысын жалғастыра береді. Ақыры егіске сондай сайланып шығып еді. Бас агроном алғашқы күні өз қолымен сәт сапар тілеп аттандырған.

Қос басында Қайыржанмен, Жағыпармен әңгімелесіп тұрған бас агроном қашан да болмасын Болаттың сол қылығын есінен екі елі шығармай, соншалық сүйсіне айта жүретін. Қазір де сол сүйінішін жасыра алмай бөлімше басқарушысы мен бригадирді ертіп Жүсіповтың тракторына қарай аяңдады. Болат қолына шелек ұстап май құйып жүр екен. Тракторының маңдайшасында қызыл жалау желбіреді.

— Ну, Жүсіпов, хал қалай? Бірінші орынды бермей жүрсің бе? Жарайсың, жігітім. — Қапсағай бойлы, жауырынды келген, қою қара қасты жігіт жымнып қана күлді.

— Тракторың мықты ма?

— Әзір аман.

— Бас бәйгені бермейтін шығарсың?

— Кім біледі.

— Кім білуші еді, сен білесің. Бермейтін бол. Кешегі мына трактордан қашқан жігіттер көрсін енді. Қазір совхоз бойынша алдыңғы орындасың.

— Бұлардың қолын мына жауын байлап тастады ғой. Әйтпегенде бүгіндер егін себу бітетін еді,— деп Жағыпар сөзге араласты. Болат та сондай бір шабытты шақта екен. Көзі нұрланып, өзгеше отты ұшқын шашады. Алда болуды, үнемі алда болуды жаны қалайтын сияқты. Осы мына достары, бәрі де, бригада да алда болса екен деп тілейді, сол үшін жан сала күресіп бағады.

— Біздің бригада нешінші орында екен? — деді ол агрономға.

— Алдасындар.

— Оһо, — деп жігіт қуанып кетті. Қимылы манағыдан да шапшаң. Бойында бір жігерлі қайрат күші шиыр-

шық атқандай. Денелі тұлғасымен олай-бұлай жүгіргенінің өзі жүрегіңдегі лаулаған жалынды танытар еді.

— Агроном жолдас, онда біз осы озаттықпен аяқтаймыз, сеніңіз, — деп ол көңілді үнмен, сондай бір сеніммен бригада атынан сөйлеп, қолындағы шелегін жоғары көтере берді. Сыздықтата құйып жатыр еді су радиаторға тоқтамай төменнен сауылдап жерге төгілді. «Не болды» дегендей Болат шелегін шынжыр табанға қоя салып, еңкейіп трактордың бауырына үңілді. Денесі мұздап кетті. Масқара-ай! Мұндай да сұмдық болады екен. Жексұрындық ізі жосадай сайрап жатыр. Біреу қастық қылгандай радиатордың сегіз трубкасын қырқа қнып шауып кетіпті. Көзі жасаурап, жүрегі толқыгандай болды. Ішкі дүниесі алай-дүлей.

— Ойбай, мынаны біреу... — деген үні бір түрлі жат естілді. Даусында діріл. Аргы сөзін айта алмай, томаға тас түйін болып қылғынып қалды.

— Не болды?

— Радиаторыңнан су кетіп жатыр ғой, — дескен агрономдар да жақындай түсті. Үшеуі де түршіккен.

— Апырай, мынасы несі?

— Бұлар неге жай жүрмейді екен.

— Хулиганство, тауып алып жазалау керек.

— Табамыз, табылады...

Рауаңдап таң атты. Тыныштық құшағында тамылжыған дархан дала дидарын көкжиектен көрінген күн нұрына сүйдіріп, тылсымдық салмағынан сейіліп келеді. Тракторды токтатып кабинадан түскен жігіт кең тыныстай, керіле дем алып, сергіп тұр. Ұйқы қысқан қабағы қатыңқы, көзі қызарып кетіпті. Аяғында күрзідей керзі етік. Тұлғасына арнап тігілгендей табаны алты батпан. Адымдай аттаған сайын жер кеудесі дүңк-дүңк еткендей еді. Бейне-бітімі де сом. Кере құлаш кең нық, атан жілік, атпал азамат мына қалың киімімен жауын жеңіп жапан-

да жалғыз қалған ертегінің бейне бір батырларындай болатын. Түрі сондай сұсты сес шашса да, Болаттың ішкі әлемінде сырлы сезім шымырлап, рахатқа бөлейді.

Ол қазіргі қалпында тек егістіктің ылғалын жабуда нормасын орындап қана қуанып тұрған жоқ еді, тағы да бір жеңіс тұғырында мерейі үстем болған. Сонысы, әсіресе, дәл осы сәт тұла бойына тулаған ыстық қан болып таралады. Кеше таңертең ол жат қылықты қызғаныш қылмысына жастық жігерін, жалын жігерін қарсы қойып күреске шығып еді. «Е, сорлы қызғаныш-ай, қолымды байлап, жолымды бөгей алармысың. Бәрібір болмаймын» деп өжет ерлікпен, қайсарлықпен шабылған радиаторды жөндеуге жұлқына кіріскен. Қасындағы білек серігі механик-реттеуші Зәуит Галлямов жүрек серігі, жастық жалыны болып еді. Міне, сол қызғаныш күйігін де жеңіп шығып тұр. Ұйқы, күлкі көрмесе де жеңіс жалауын қолынан түсірмеп еді.

Кеуде толы қуаныш. Етженді келген кесек жүзі алабұртып, самал сүйген қоңырқай бет те күренітіп, әлгі бір шыншыл сезім ойнайды. Қанша қалжыраса да жанын жылытқан сондай бір сүйінішті рахат құшағында болатын...

...Сондай сезіммен, жүрегіне жылу берген ыстық сезіммен Болат бір жылдан соң, биыл, міне, тағы табысып тұр. Ерте оянған ол көрсеткіш тақтасына үңіліп еді, өз отының тұсына екі жүз процент жазылыпты. Көктемгі егіс басталғаннан бері көрсеткіш осы цифрдың айналдысында. Былтыр қанша қиыншылық көрсе де, топ жарып бірінші бәйге алған. Үздік шыққаны үшін берілгені ақшалай сыйлық болатын. Ал, биылғы үміті одан биік. Былтыр партия мүшелігіне кандидат еді, биыл КПСС мүшесі. Бригадир Жағыпар кеуі партбилетті бірге алды.

Кеше аудандық партия комитетінің секретары «Жас коммунистер қалай, Жүсіпов былтырғыдан қалай?» деп

телефонмен сұрапты. Жақсы жауапты естігенде, сүйінген екен.

— Болат, тұрып қалдың ба? — деп ту сыртынан дауыстаған Жағыпар жақындап қасына келді.

— Бүгін себүді жүзден асырындар. Коммунистерше болсын! — Ол сенімді жігітіне қарап қуана күледі. Көктемгі егістің қызу жүріп жатқаны жүзіне қуаныш ойнатыпты.

«Көктемгі еңбегің — күзгі өнбегің» деп сол көктемде Жағыпар жиі қайталап еді. Болаттың еңбексүйгіш қасиетін қатты қадірлеген ол көп мазалап сөйлей бермей осы сөзін құлаққа құйғандай етіп дәттейтін. Сонысы ұнаушы еді Болатқа.

Айтқандай-ақ, диқан қауымы асыға тосқан қоңыр күз де толықсып жетті. Шынында да көктемгі ерен еңбектің өнбегі де өзгеше біткен екен. Жардай тірелген қалың егін көсілген қиырына көз жеткізбей теңіздей тулап көкірек қуантады. Дала қосында тұрған Жағыпар мен Болат осынау нәубетті ырысты әңгіме өрісі етіп, сыр шертіседі.

— Жігіттердің маңдай тері ғой. Биылғы егін керемет, — деп бригадир алысқа қадалған қалпы тебірене сөйлейді. — Болат-ау, өзіннің көктемдегі ерлігіңді аңыздай айтып жүрміз ғой. Еңбегің жанды. Қуана бер. Ал, енді кейбір жігіттерге күдіктенгенім де рас еді. Бригадир болғанмен тракторшының қасында күні-түні тұра алмайсың ғой. Асыққанда апыл-құпыл ұйпалай салды ма деп ойлағанда жүрегім сыздайтын. Қара жер жарықтық ондайды кешірмейді ғой, көктемде жалаулатып, жеңістеп шығып, күзде қара тақырға отырмасақ жарар еді деуші едім. Әйтеуір одан аманбыз. Соған қуанамын. Жігіттерім жарайды-ақ. Қайтесің, адам болған соң аласы болмай қоймайды. Әлгі көктемде... — деп Жағыпар Болаттың тракторын қиратқан оқиғаны да бір шалып өтті.

Болат үнсіз ғана басын изейді. Оны өзі тіпті ұмытқан сияқты. Тек үлкендер жағы жігіт мақтауын жеткіземіз деп әлі де әңгіменің бір арқауына тартады.

— Жәке, биыл әр гектардан 20 центнерден оралатын шығар? — деп Болат бригадирге бұрылды. Бұл сұрағында мына астық беталысына разы райы да, сонымен қабат өрілген тағы бір дүдәмәлі де бар еді.

— Еһ, 25-ті бері қойғанда оралтамыз ғой.

— Мен де соны ойлап едім. Егін жақсы. Ал, Жәке, ойлап отырсам сол егінді жинап алу тағы да күшке түсе ме деймін, — деп Болат ішке сарқып жүрген мазасыз ойының ұштығын ақтарды. Бригадирге тіке қарап, шыншыл жауап тосқан қалпы бар.

— Еһ, комбайн бар, жетеді. Жинап аламыз да. — Жағыпар саспайды.

— Төгіп-шашып, жинап алғаны құрысын. Анау қыпқызыл бидай төгілгенде мандай терім төгілгендей көремін. Комбайндарды дұрыстап қолға алу керек шығар.

— Бүгін партия жиналысы. Ораққа әзірлікті әңгіме еткелі отырмыз. Сонда айтарсың ойынды. — Бригадир манағыдай емес сөзінің соңын сүлесок қайыра салды. Шымбайына батар қытықты әңгімеден ада-күде кашкалақтаған сынай танытады.

Кешкілік бөлімше партия ұйымының жиналысына келе жатқанда да Жүсіпов ой құшағында болатын. Бүгін бір ақтарыла сөйлеп, ашыла айтқысы келеді. Күнде көзі көріп жүрген кемшіліктерге жаны төзбес қалпы қайрала түскен тәрізді. Сол бетінен айныған жоқ. Жарыссөздің орта тұсында кезек алды да мінбеге көтерілді. Кейбіреулер тандана қарасып, мінбеге дейін адырая ұзатты. «Мынау да белсенді болып па еді» дегендей қабақ қақпай қадалғандар да бар. Солардың бірі Жағыпар. Кесек денесін ыңғайсыз қозғағандай алқам-салқам қалыппен шалқақтап жүретін Болат мінбеге шығып алғашында кібіртіктеп тұрып қалды. Сөйлеп үйренбегендікі ғой. Сө-

зін бөгеліп барып бастаса да айтар ойдың анықтығы жетелей жөнеліп, көкірегінде қордаланған толғаныстарын жайып салды. Совхоз басшыларын да, Жағыпарды да сілейте сынап, мірдің оғындай дөп тиер дәлелді ойларын боратып берді.

«Орақ болса нек астында, биылғы егіннің беталысы бітік. Ал, осы теңіздей тасығалы тұрған мол астыққа мұқият әзірлік керек емес пе?! Дала кемелері деп көтере мақтайтын комбайндарымыз қаңтарылып қос басында тұр. Жөнделді деп жетелеп әкеп қойдық. Ал жетіспейтін керек-жарағы толып жатыр. Соны басшыларға айтсақ бас изеп жүре береді. Ойланып кез жеткен сияқты». Азды-көпті добалдау соғылса да, анығын айтып, ашығын жеткізген Болат сөзі осы жобада айтылып, жұртты бір дүрліктіріп тастады. Жиналыстың кей тұсында қалғып кетіп, құлағы қалқайып, басы салбырап отырған қартандар да бағжытып көзін ашып алды. «Не деді? Бастыққа тиісті ме, ей? Бригадирге шүйлікті ме?» деген тәрізді үзік сұрақтармен көршілерін түрткілеп, қаныққанша қалбалақтасады.

Жиналыстан шыққанда да осы сөздің қызуы басылмады. Біразының көңіліндегі түйіткілді толық шарпыған соң болар басқа комбайншылар да қостасты. Жағыпар да басын шайқайды: Орынды сыннан қалай бұлтарсын.

— Коммунист болған соң көлеңкеде қала алмаймын,— деді Болат Жүсіпов қайтар жолда қаумаласқан достарына бар сырын ақтарып.

— Биылғы меженді қалай атап отырсың?

— Он мың.

— Пәлі, құлашты кеңге салдың ғой.

— Сөйтпесе бола ма, құлашты кең сілтемесең мынадай мол астық бой бермейтін шығар, — деп комбайншы жігіт белді бекем буған сертшіл мінезбен сенімді сөйлейді.

— Дұрыс, дұрыс, — деп Жағыпар да мақұлдап мұр-

тынан күледі. Мынадай сайдың тасындай сайлаулы жігіттерінің жігер-жалынына разылығын жанары жасыра алмай тұр. Жиналыстан жүзі күреңітіп шығып еді, ол сезім де сейіліп сабыр сабасына қайтқан көңілі орнығайын деді. Оңашаланған бір сәтінде:

— Мына бала жағадан жармасты ғой, — деп күңкілдеген кейбір сыбыр үндер ақырын ғана намысын шабақтап, ұйтқыттап соғып кетіп еді. Қашанғы орнықты қалпынан айнымады Жағыпар.

— Жұмыс болған соң сын-мін болмай тұрмайды. Алдымен ашу қысқандай басым қышып еді, бірақ Болаттың сөзі бұлтартпайтын болғанда қайда шегінесің. Әділін, ақиқатын айтып отыр, — деп ол қасындағыларды біраз желпіңтіп алып күлкімен жарылқады.

— Жүйрікті жарыста таны деген, Болат айналайын, енді сөзіңе де, өзіңе де сендім. Бастаушы кәрі тарлан мен болғанда, қостаушы қанатым сенсің, — Бригадирдің бұл сөзі жігітке жүктелген зор сенім белгісіндей болатын. Тәжірибелі ағаның да талпынған інінің де жүрегінде осы түйін топсаланып, сол жылы браққа бұлар бекем кіріскен-ді. Күз дабылы өтіп, сарбалақ өңірдің сырбаздары аталғанда Болат Жүсіповтің есімі алдыңғы орында тұрды. Ол тоғызыншы бесжылдықтың шешуші жылында өз комбайнының бункерінен қырманға он мың центнер астық жөнелтті. Сол үздік еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Бұл қызыл билет нұрынан туған еңбек ерлігінің жеңісі еді. Ол еңбек жеңісінің жырын бүгіндер жерлестері өзгеше әсем әуенмен сыр етіп шертеді. Сол сырда жігіт мерейін өсірер шұғылалы шуақ бар.

...Бригаданың дала қосында комбайндарын аттаныс сәтіне әзірлеп қойған механизаторлар үзіліс кезінде бас қосып әңгімелесіп отыр. Әдеттегідей әңгіме арқауы егін, шөп жайына ауысады. Биылғы құрғақшылық жыл дикандар ортасына үлкен міндет жүгін артқан. Бұлар жаз бойы жемшөп дайындауда болып, бүкіл совхоз бойынша

екпінді майдан шебіне шыққан-ды. «Жемінен дайындалу — екпінді майдан» деген ұран баршаны баураған болатын. Қыс қамын біраз ынғайлап алып, енді міне орақ бөгеріне араласқан шақтары бұл. Болат Жүсіпов те кәсірат қимылы тоғысқан осы сапта.

— Жаз бойғы аптапка бой бермей ағаш жапырағы, қамысқа дейін әзірлеп едік. Әйтеуір қыстан қысылмайтын қор жасап алдық, — дейді Жағыпар.

— Биыл комбайнды сақадай сайлау қажет шығар. Жылдағыдай қалың егін жоқ, аласа егін бөлектеп оруға келмейді. Тура сілтеп аңқылдатамыз ғой. Сонда минутты, сағатты санайтын күн болар. Қурап тұрған егін кішкене жел соқса масағын қотарып сауылдай жөнелері анық. — Болат мазасыз ойларының сілемін аңғарта сөйлейді.

— Күн райының қуандығына карағанда егін жаман емес. Жүз пұттық өнім болады. Тек егін аласа. Осыны кәкеруіміз керек. Айтқаныңның жөні бар. Сәл кешіксек қыруар дүппеден қапы қаламыз. — Жағыпар да механизатор жігітті қостайды. — Сондықтан да жөндеу сапалы болсын. «Жарыс бар жерде табыс бар» деп тегін айтып жүрген жоқ қой. Жарыстың жалауы көтерілсін. Бүгін міне жеке міндеттемелеріне қол қоясындар. Жарыс жолына түстің, тарта бер деген сөз осы болады.

Кешікпей дала қосында бүкіл механизатор қауымын дуылдатқан шағын ғана салтанат болды. Бригада комбайншылары бірін-бірі социалистік жарысқа шақырып, жеке міндеттемелеріне қол қойып еді.

— Анатолий Ковалевичті жарысқа шақырамын. Бесжылдықтың қорытындылаушы жылы он мың центнер астық бастыруға серт байлаймын! — деген еді Болат жарыс шартына қол қойып жатып.

— Ого! Екі жүйріктің қайсы озар екен.

— Екеуі де сайма-сай.

— Бұл қызығып қадағалайтын жарыс. — Механиза-

торлар осылай кеу-кеулеседі. Ковалевич те совхоздың маңдай алды механизаторы, Ленин орденінің кавалері. Ал Болаттың абырой-даңқы да одан еш олқы соғып көрген емес. Екі еңбек бәсекелесі, екі дос қол алысып алақандарын құшырлана қысты. Олар жаңа жеңіс биігіне бет түзгендей жарыс тұлпарына тізгін босатқандай-ды.

Ана

Жазғы кештің іңір ымырты үйіріліп ауыл үстін қараңғылық қанаты бүркеп келе жатқан мезетте фермадан оралған сауыншы Мәнәш үйіне асығыс кірді. Сол сәт балалары да жанталасып бір жаққа жиналып жатыр екен.

— Құлындарым-ау, сендерге жол болсын? — деп ол қарындағы шелегін босағаға қоя салып, үстіндегі қоңыр халатын шешуге кірісті. Екі баласы қосарлана үн қатты:

— Клубқа барамыз.

— Озаттармен кездесеміз. Мұғалім тез кел деді, ма-ма, — Мойындарына алқызыл галстуктарын тағып, таза киімдерін киіп жатты.

— Айналайындар-ау, сендердің менімен жарысатындарың не осы, клубқа барсам клубқа, фермаға барсам фермаға жүгіресіңдер. Менімен үйде күнде кездесіп жүрген жоқсындар ма? — деп Мәнәш жарқылдап күлді. Екі баланың жүзінде қуаныш оты ойнай жөнелді.

— Мама, сен де барасың ба?

— Құлшынып тұр дейсің бе, қояр да қоймай шақырып жатыр ғой. Кешігіп қалармын, кәне, киінейінші. — Сауыншы оңаша бөлмеге озып жаңа киімдерін жарқыратып алып жатты.

— Осы мені неге шақыра береді. Сауыншы көрмеп пе едіңдер. Мен сендерге шелек ұстаған шаруадан басқа

смылжытып не айтады дейсіңдер? Табыс дейтін қайбір сөремет көрсеткіш шалқып тұр дейсің. — Қиініп жатып сөйлеген Мәнәш сырт көзге кейіген тәрізді болып жүрсеңімен жүзінде балбұл жанған қуанышын жасыра алмайды.

— Мама, біз жүре берейік. Тез кел, — десіп асыққан балалары шығып кетті.

— Мама, ордендеріңді тағасың ба? — деп енді бір баласы киім шкафының сөресінде тұрған қасиетті наградаларға қол созады.

— Әкел, айналайын. Осы жиналысқа бармай-ақ қоямын деп едім. Әлгі парторг болмады ғой, барлық орден, медаліңді тағып кел деп тапсырды.

Қлубқа бүгін тағы да көп халық жиналыпты. Кең залда тіпті ине шаншар жер жоқ десе болғандай. Есік аусындағы кірме жолдардың өзі лықылдап сығылысып тұр.

Мәнәштің есіктен кіруі мұң екен, клуб меңгерушісі жылы шыраймен қарсы алды.

— Қәне, озат сауыншыны ілгері жіберіңдер. Бүгін тор де, құрмет те Сіздікі. Өтіңіз бері қарай. — Сауыншы иіні тіресіп тұрған топты оп-оңай жарып өтіп, салмақпен басып сахнаға қарай ұмтылды. Жаңа ғана қысылып-кымтырылып тұрған топтың сауыншыға ілтифат етіп тіпті тез-ақ жарыла бөлініп жол ашқаны да тым қызық еді. Мәнәш сол қошаметке біртүрлі аса риза болғандай күнімсіреді. Өзін қызыл шұға жабылған стол басына, дәл төрге апарып отырғызды. Қлубқа жиналғандар көбіне, жастар екен. Дені — мектеп оқушылары.

— Еңбек озаттарымен кездесу кешін бастаймыз, — еді даусын көтере сөйлеп баршаға естірте жар салған парторг. — Біздің бүгінгі қадірлі қонағымыз совхоздың озат сауыншысы Мәнәш Ғабдуллина Ленин, Қызыл ту ордендерінің кавалері, бесжылдық озаты... — Жиналыс басқарушы осылай жақсы атауларды адақтай атап, қа-

рапайым сауыншы мерейін өсірер деректерді нәшіне келтіре өзгеше сүйіспеншілікпен, көптің көңіліне қонымды мақаммен мәнерлеп айтып берді. Дуылдата қол соғылды. Мәнәш ақырын ғана орнынан көтеріліп басын иді. Парторг тағы да бүгінгі қонақтар тізімін жалғастырып, озаттарды атай жөнелді. Бірақ, Мәнәш бірін де естіген жоқ еді. Ол жүрегі өзгеше толқынмен лүпілдеп, қатты бір тебіренген қалыпта болатын. Қарапайым еңбек несіне арналған осынша қошамет оған еңбек зейнетінің бақытын тағы да терең ұқтыра түскендей еді. Жана кеш басталардың алдында парторг бұған бірінші болып сөйлейтінін ескертіп қойды. Бәрінен де қатты қинап қобалжытып отырғаны осы салмақ екені де рас.

— Не айтамын? Сөйлемей-ақ қойсам қайтеді? Мұндай көп алдында суырылып сөйлеу де қиын... — деп Мәнәш тартыншақтап көрсе де парторг те еркіне қояр емес.

— Жастарға еңбектегі өмір жолыңызды айтып беріңіз. Сөздің шешендігінен де, істің шеберлігін ұнатады олар. Жоғары көрсеткішке қалай жеттіңіз, соны әңгімелеңіз, — деп парторг сондай бір қояр да қоймай қолқалы өтінішпен тілек етіп, айтар сөзін жүйе-жүйесімен жіктеп те берді.

— Апырмай, қиын міндет жүктедіңіз ғой. Одан да қолыма айыр ұстатып жұмысқа салғаныңыз жақсы еді, — деп сауыншы қаншама қиналса да көндірді.

— Атағыңыз облысқа әйгілі. Жастар сізді тындағысы келеді...

Иә, қазіргі өмір жолына бір сәт үніліп көрсе Мәнәштың айта қаларлықтай елеулі оқиғасы да жоқ. Осыдан жиырма жыл бұрын Совет ауданындағы «Смирнов» совхозының екінші бөлімшесінде сауыншы шелегін ұстаған еді. Содан бері бір орында табан аудармастан еңбек етіп келеді. Коммунистік еңбектің екпіндісі, жарыс озаты жеті баланың анасы, үйдегі, түздегі еңбекті егіз үлгерген құрыш қол жан. Еңбек жемісінің белгісі болып омыра

уында наградалар жарқырайды. Бір айналымға келтірмей заулап өтіп бара жатқан жиырма жылдың еңшісіндегі бар олжасы осы сияқты. Басқа айтары жоқ. Ол көп ойланды. Әрине, еңбек жолында талай қиындықтар кездеседі, бірақ оны әңгімелеудің қажетін таппай отыр. Биылғы жылдың басында ферма коллективінде болған бір әңгіме жадына оралады.

...Тоғызыншы бесжылдықтың айқындаушы жылының қорытындысы шығарылып, жана межелер биігі белгіленіп жатқан кез еді. Ферманың қызыл мүйісінде сауыншылар, бақташылар жиналып әркім өз ойларын ортаға салыпты. ҚПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің колхозшылардың социалистік жарысын кең өрістету туралы қаулысын талқыласып, мүмкіндіктер мен резервтердің көзін атасты. Осы әңгіме үстінде үш мыңыншылар қатарын көбейту жайлы көп пікір айтылды.

— Айқындаушы жылдың қорытындысы бойынша Мәнәш озып шықты, ол «1974 жылғы Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен наградалды. Ғабдуллина әр сиырдан 3150 килограмнан сүт сауды, — деді бригадир.

— Тағы да озып шығып жүлде алдың.

— Құттықтаймыз, — Сауыншы келіншектер дуылдасып өз құрбысының табысына мәз болысты. Шәйкен Байжігітова, Жәмилә Тілеубердина, Мәни Мұхамеджанова сияқты бал бармақ сауыншылар Мәнәштің озық көрсеткішіне сүйініш білдірісті.

— Өздерің де менен олқы соғып тұрған жоқсындар, әр сиырдан 2770—2800 килограмнан сүт сауып отырсындар, — деп Мәнәш құрбыларының жетістігін де ерекше мерей етеді. Әрине, айтқан серт биігінен көріну әрқашан абырой. Былтыр жыл басында Ғабдуллина дәл осындай жиында сертті межесін атағанда әр сиырдан 2900 ки-

лограмнан сүт саууга міндеттеме қабылдаған-ды. Сол серт деңгейінен көрінгені қуанышты. «Бүкілодақтық социалистік жарыс жеңімпазы» белгісіне ие болғаны тағы бір мерей.

— Қорытындылаушы жыл да табыс арнасына айналсын деген бірауызды сөз айтайық, қайратымыз да бір білекті, сертіміз де бір тілекті болсын, құрбылар. Мен өзім биыл қарауымдағы әр снырдан 3000 килограмнан сүт сауамын. Еңбектес серіктерімді де жарысқа шақырамын, — деген Мәнәштің сөзі сенімді естілді. Оның бұл бастамасын басқалар да қостады.

«Снырдың сүті тілінде» деп бекер айтпайды. Бөлімше басшыларына айтар тілегіміз — жемшөпті мол етсін, — деп Шәйкен Байжігітова мәселені тікесінен қойып, еңбекті сүйген адамның тапжылмас талабын дәттеді.

— Бөлімше бойынша міндеттемені мерзімінен бұрын орындаймыз. — Сауыншылар байламы осындай тұжырымға тоқырасқан. Бұл жеженің де серт сөзіндей орындалар қалпы бар. Бөлімше мемлекетке сүт сату жөніндегі өткен айдың тапсырмасын асыра орындап шықты.

Осы бүгін еңбек озаттарымен кездесуге келер алдында ферманың қызыл мүйісінде аз ғана әңгіме болып, өткен айдың қорытындысы жария етілген. Сонда Ғабдулина есімі тағы да бірінші аталды. Ол қарауындағы әр снырдан өткен май айында 350 килограмнан артық сүт сауып, үздік көрінді.

Кездесу кешінің жылуынан жүрегі қуаныш тапқан Мәнәш қазіргі сәт құрбылар жарысы туралы да айтуды ойлады. Ол мынау өзіне жанар қадап, ыстық ықыласпен ынтыққан жас қауымға еңбек зейнеті, еңбек бақыты, жарыс жалыны жайлы төгіле тебіренер еді. Әттең сол сайраған көңілі қазір лүпілдеп тіл ұшында ғана толқитын сияқты. Жүрексінеді. Өз фамилиясы естілгенде ғана орнынан ақырын көтеріліп мінбеге қарай беттеді. Сатырлата соғылған қол кең залды күңіренітіп жібергендей

болды. Еңбек ардагері, жарыс озаты толқыған сырын шерте бастады...

— Еңбек түбі — зейнет! — Бұл Мәнәштің ең бір сүйіп айтар сөзі. Қандай ортада, қанша әңгіме қозғаса да осы ой қазығына орала береді. Жүзі нарттай жанып, екі бетінен бақыт нұры төгіле, тамсана сыр шертеді ол.

— Айқындаушы жылдың қорытындысы мен үшін жаман болған жоқ. Бесжылдықтың төртінші жылындағы габысым үшін Ленин орденімен наградталдым, «Жигули» машинасын кезектен тыс сатып алдым, — дейді Мәнәш. Сөз сарынын абайласаңыз, бұл оның күнделікті бір ісі, қатардағы бір шаруасы сияқты. Ал көпті көрген үлкендер «Ана ерлігі» деп сүйсіне сыр етеді.

... Осыдан екі-үш жыл бұрын бұл үйдің шаңырағын қайғы дауылы шайқалтып өтті. Жеті баланың әкесі, Мәнәштің жолдасы, қара шаңырақтың қазығы болған адам дүние салды. «Жазған-ай, қайғыдан күйреп кетпесе жарады, шнеттей баламен...» десіп аяныш еткен әжелер жапарына жас үйіретін. Ауылдастары да, совхоз да — көмектесті.

Бірде бөлімше басқарушысы фермаға келгенінде ақыл-кеңесін де айтты:

— Мәнәш, біз сенің еңбегінді бағалаймыз. Сауыншы шелегін ұстап, озаттар қатарынан көрініп жүргеніңе де талай жыл. Үйдегі шаруан да ауырлап кетті ғой. Балаларың бар, оларға да бас-көз, тәрбие керек. Жүрегің қаласа жеңілдеу жұмысқа ауыстырайық. Бірақ, фермадан куды деп көңіліңе алып қалып жүрме. Осыны бір ойлашы.

— Бұл камқорлықтарыңызға рахмет. Ферма үйренген жерім ғой. Кенжелеп, кейін қалып бара жатсам, оралғы болсам өзім де орынды босатармын. Әзір қайратым бар сияқты, — деп Мәнәш қайсар мінезінен бақпады.

— Онда жарады, Мәнәш. Көмек қажетінде қиналмай айт. Шнеттей балаларды да зарықтырып алып жүрме.

— Еңбек деп өсіп едім. Еңбектен табармын бақытымды. Үйдің де, түздің де жұмысына жетермін. — Мәнәш жұмыскер жанның бекемдігіне басып, өз жүрегіне, өз білегіне сеніп еді. Расында да қиын соққаны бар. Әсіресе, қыста таң қылаң бере сары аязда сықырлап тұрып, ауыл шетіндегі фермаға тартқаны, одан келе-сала балалардың тамағын-сабағын тағандап, мал жайлап, қора-қопсыны қотарыстырып шыққаны ауыр еді. Кешкісін мұрттай ұшып жығылатын. Сондайда совхоз кеңсесіне шақырып маза бермейді.

— Озаттардың жиналысына — ауданға жүріңіз.

— Озаттардың кездесу кешіне келіңіз, — деп қолқалау жиілеп кетті. Мәнәш бірде совхоз директоры мен парторттің көзінше шынын айтты:

— Сіздерден өтінішім мынау: егер маған шынымен қамқорлық құттарыңыз түсіп тұрса бірер жыл осы жиналыстарға сүйремеңіздерші. Үйде балаларым бар, бұрылуға уақытым жоқ.

— Онда жақсы, — деп екеуі келіскеннен кейін Мәнәшті көп мазалаған жоқ. Есімін жиналыстарда сыртынан атап, сыйлығына дейін үйге әкеліп, балаларының көзінше тапсырып та жүрді.

Үлкен қызы Қарашаш орта мектепті бітіріп, кәмелеттік аттестат алып келгенде Мәнәш қандай қуанды десеңізші. Қызы мойнына асылып, жас балаша еркеледі. Аттестаты кілең бес пен төрт екен.

— Мама, сенен қалыспайын дедім.

— Қалыспағаның қалай, құлыным. Менен озып кет. Мен оқи алмай қалдым.

— Сен құрбыларыңнан озып жүрсің, мен де озат болайын деп үш алғамын жоқ.

— Міне, мұның ерлік. Папаңның арманы орындалсын десең тағы да осылай оқы.

— Мама, сенімен бірге еңбек етіп, сауыншы болсам. Саған қиын ғой, жалғыз өзің жанталасып жүрсің. —

Қызының бұл сөзі Мәнәшті жасытып кетті. Жанарында молдіреп жас үйіріліп, кірпігін қағып қалып еді, таңталы тамшылар домалай жөнелді.

— Жыламашы, мама.

— Жыламаймын, шыбыным. Қуанғаным ғой. Қанауым өскеніне қуанып тұрмын. Көз алдымда сендер көбектей ұшып жүргенде мен неге шаршайын, мен неге қалжырайын. Мамаңның бір арманы орындалсын, оқуға түс, ілгері оқы. Сен биік ұша алмай, қанатың қағылып төмендей қалсаң мен де төмендеп қаламын, онда мен шынымен қалжыраймын, құлыным. Менің күшім тасып, қуатым толсын десең оқи бер.

Ананың осынау сөзі зерделі баланы қатты ойлантты. Қызы сол жазда Петропавл педагогика институтына оқуға түсіп келді. Сонда Мәнәштің төбесі көкке жеткендей болды ғой. Осы хабарды фермада жүріп естігенде үйіне құстай ұшып жетті. Келе-сала қызын бетінен сүйіп, құшағына басты.

— Құлыным, сау жүрмісің?! — Осы бір ауыз сөзден басқа ештеме айтпады.

— Мама, өзің ше? Жарыстың қай тұсында жүрсің?

— Бірінші.

— Совхоз бойынша ма?

— Аудан бойынша.

— Оһо! — Қызы да дәл бір кішкентай күніндегідей қол шапалақтап қуанады.

— Сыйлық бар, құлыным.

— Көйлек пе, орамал ма, мама?

— Жоқ. «Жигули»!

— Оһо, маматай! — Балалар түгел қуанып, шешесін қоршап алды. Бәрі де алғашында алақайлап қуанысып, біраздан соң барып сұраулы кейіппен қарады.

— Оны кім жүргізеді, мама?

— Сендер жүргізесіңдер. Ұлым бар, қызым бар емес пе?

— Саған герой неге бермейді?

— Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені бар, енді герой болады. — Балалары мәз болысып осылай таласады. Сол балаларының үніндегі ашық-жарқын сәуле Мәнәш жүрегіне нұр күйғандай еді.

— Мама, биыл әр сиырдан қанша сүт сауасын? — дейді үлкен қызы.

— 3500 килограмм.

— Оһо! Бұдан бес жыл бұрын 2000 килограмнан ғана сүт сауып едің ғой. Есінде ме? Мынауың ерлік, мама!

Осындай сөзді басқалар да айтып еді. Бұл ерліктің ересен еңбек екенін сауыншы ғана білетін шығар. Қыста осы міндеттемені қабылдаған соң бір кеште қызыл мүйісте оның орындалуы туралы әңгіме болды. Сонда Мәнәш бірінші сөйлеп, тұрасынан жарып салды.

— «Сиырдың сүті тілінде» деп бекер айтпаймыз. Бізден сүтті көбейт деп талап еткенде жақсысыздар, ал ендеше біз жемді көбейтуді талап етеміз. Қазір, әсіресе, жарманы үнемдеп ұстайтын кез келді. Малымызға тиісті жарманы қолымызға берсін, сиырға өзіміз береміз. Мәселені солай қоймаса болатын емес.

— Дұрыс, дұрыс.

Мәнәштің талап етуімен осылай, фермада, жемазық үлестіру тәртібі де түзелді. Оның кілті, әрине, сауыншының табандылығында болатын.

... Кездесу кешінде қойылған сұрақтар тіпті алуан-алуан. Жастардың қызықпайтын, құмартпайтын нәрсесі жоқ.

— Кейіп қалатын күніңіз бар ма? — дейді бірі.

— Бар, неге болмасын. Балаларымның бірі үш алып қалса сол күні қабағым келіспейді. Сол күні сиырдан сауылатын сүт те кеміп кетеді. Кейігенде қайратым қайтып қалады-ау деймін, сірә? — Мәнәш ойланыңқырап кең залға шола қарады. — Әйтеуір балаларым әзірге кейітпей жүр, үш алған жоқ. Мен де олардан қалыспа-

йын деп жанталасамын.— Тыңдаушы қауым разылық пен қол соғып жіберді.

— Биылғы межем әр спырдан 3500 килограмнан сүт сауу болса, бұл менің партияның XXV съезіне тартуым болмақ. — Майталман сауыншының осы сөзінің сенімін күшейткендей болып, омырауындағы орден, медальдары да сыңғыр-сыңғыр етіп қойды.

Бұл бір ғажап кеш еді. Мәнәшті жұрт клубтан үлкен қошаметпен шығарып салды. Сатырлата қол соғылды, оның құрметіне жылы лебіздер айтылып, музыка ойналды. Соның бәрі сауыншы көкірегін өзгеше толқынды қуанышқа бөледі. Ол шаттық теңізінде шалқып бара жатқандай болатын.

Найзағай жарқылы

Тастай қап-қараңғы түннің қою құшағын қақ айырып қақырата соққан найзағай шатыр-сұтыр ете түскенде айнала төңірек төңкерілгендей тітіреп кетті. Тіпті дүн-дүние дір-дір еткен дүмпуін біразға дейін баса алмай да тұрғандай болды. Иығына қаптал жамылған соң тұлғасы тұтасып мына бейуақытта зорайып көрінген капитан селт еткен де жоқ. Сабырлы қалпымен қабағы түйіле қапты. Түйткілсіз түнекке тесіле қадалып тұр. Күзгі орақ қарбаласы сап болған бұл шақта бұрын түні бойы тынымсыз сабылатын машиналардың сансыз жарығы да жоғалған. Қара бұлттар торлаған түн салқын ызғар соғып, өлі тыныштықты тұндыра түседі. Қасындағы кіші лейтенант та бастығының ыңғайына оралып міз бақпайды. Екеуінің тілдеспегеніне де біраз уақыт. Бүгінгі тапсырманың тосын да аса жауаптылығы бұларды сақайтып сергек ұстайды. Кеше аудан орталығы іргесіндегі совхоздың екі жылқысы жоғалғанды. Күні бойы ұрлықтың ізін кесіп, біраз шпырларды шарлап жүріп, милиция ақыры малдың тірелген тұйығын да тапқан. Әзірге беймәлім ұры сов-

хоздың семізінен сұрыптап тандаған екі жылқыны Соколовкадан шығатын үлкен жолдың қаға берісіндегі қалың шоқтың ортасына бекітіп тастапты.

«Ұрылар олжасына осы түн оралуға тиіс» деп жорамалдаған милиция қызметкерлері бүгін міне түнгі тосқауылда тұр. Оперативті топ бірнешеге бөлініп, әр тұста тұзақ құрған.

Найзағай тағы да жарқ етті. Бір сәтке лап еткен көгілдір сәуле капитанның қатқыл жүзін одан бетер сұрландырып көрсетеді. Кіші лейтенант бастығының бейнесінен табиғаттың дәл қазіргі қатал мінезіндей суық жарқыл танығандай еді. Сонысына өзі іштей сүйсінеді. Тіл ұшына оралған сезімін жасыра алмады. Езу тартып, баяу үн қатты:

— Жолдас капитан, жұрт сізді найзағай дейді.

— Солай ма? — Капитан да оқыс бұрылып күліп жіберді.

— Сүйсініп айтады.

— Қайдам. Өзім әйтеуір найзағай жарқылын ұнатамын. Бәлкім сондықтан да мінезім солай шығар. Табиғат деген қызық қой. Найзағай жарқылында маған ердің өрлігі де жарқылдап көрінгендей болады... Найзағай жарқылында қылмыскердің қолға түсіп қалтырағанын көз алдыма елестетемін...

— Сізді бір әйел найзағай деген екен ғой? Бұл сөз содан тараса керек.

— Қашан?

— Соколовкаға келген кезіңізде.

— Ә, есімде... — Капитан күліп жіберді. Манағы үнсіздік сейілген соң жүзі жұмсарып, өзгеше бір нұрлы шырай жүгіріпті.

Жеңіл машинаның ішіне орнатылған рация күтір-күтір етіп тұрып сөйлеп қоя берді:

— Жолдас капитан, ағашқа қарай қараңдап екі кісі жақындап келеді...

Жаңа қызметке орналасып, ауданның жай-күйімен біраз танысып қалған капитан Қуаныш Беркімбаев демалыс күні болса да кеңсеге қарай беттеп келе жатыр еді. Таңертең дүкендер ашылып жатқан мезгіл. Универмагтың тұсынан өте бергенінде есік алдында қаумалап тұрған қалың шоғырды көрді. Сірә, қолға кезіге бермейтін қат дүннелік түскен болар. Жұрт бірін-бірі кимелеп, ентелесіп жатыр. Есік те ашылып, сырттағылар ішке лап қойды. Тосыңқырап тұрып барып соңынан Қуаныш та ішке кірді. Аудан орталығының тұрғындары жаңа келген милиция бастығын әлі түстеп тани қойған жоқ-ты. Және де үстінде милиция формасы болмаған соң ашаң жүзді, орта бойлы аққұба жігіт ешкімнің назарын аудара қоймады.

Қаптаған көпшілік әлгі жаңа товар түскен бөлімді анталап, бірін-бірі бастырмалап, бейберекет базарлады да қалды. Сатушы да сасқалақтап қалып, ә дегеннен-ақ тізгіннен айырылып берекесі кете бастады. Жан-жақтан ақша ұсынып созылған қол, сіресе нықтаған қалың құрсау. Әп-сәтте зықысы шыға шыжалақтап жатыр. Әр жерден айғай-шу да шаң беріп, жалаулап кетті. Кезексіз кеуделегендер де үдеп барады. Келе-келе қаңқу сөздер мен байбалам бажылдар естіле бастады. Жұрт қысылғанда қорған сұрап милиция іздейтін әдеті емес пе. Кезектен сырылып, кейін шегініп бара жатқан бес-алты әйелдің шаңқылы төбеден түскендей болды.

— Әлгі милиция да көрмейді-ау мынаны.

— Көріп қайтсын, көрсе құлағын басып қашар. Мұндайға жоламайды ғой олар.

— Оларға да жан тыныштық керек. Мылжиған мастарды ғана әйтеуір жиып-теріп алады. — Шәлісін бүркеніп түсіп күбір еткен әйелдің сөзі Қуаныштың бетінен осып-осып жібергендей болды.

— Бұл не шу? Кәне, тоқтатындар! — деп бар даусымен әмірлі айғай салғанын алғашында ол өзі де аңғармай қалған еді. Ту сырттан қатты естілген батыл үнге тұрғандардың бәрі де бір кісідей елең етіп жалт қарады. Тым-тырыс. Сатушы да бұл қандай дүр дегендей антарыла бұрылды. «Е, милиционер екен десем, мына біреу екен ғой» — деген пішінмен әлгі халайық енді бәсен дауыспен қайта кимелесе бастады. Бірақ Қуаныш сасқан да, абыржыған да жоқ. Қашанғы сенімді, нық үнмен сатушыға ескерту жасады:

— Жолдас сатушы, жұмыс орнында тәртіп орната алмағаныңыз қалай? Сіздің қасыңызда міндетті түрде милиционер тұру керек пе. Жоқ, қымбаттым, оныыз болмайды. Тәртіп үшін бәріміз күресуіміз қажет. Жаңағы бейпіл ауыз бейбастақтарға товар босатпаңыз. Кәне, кезек сақтайық. Солай емес пе, жолдастар!

— Найзағай көктен түсуші еді, жерден шыққан бұл кім өзі?

— Бір бастық шығар.

— Біздің ауданда мұндай бастық жоқ.

— Заңы да, тәртібі де өзіне. Сатушының сілейгені несі, саудасын жүргізсін, — дескен күңкілдер естіліп қалды. Бірақ, ешкім де ашық қарсы шыға алмады. Жігіттің өткір жүзі, саңқылдаған үні, тапжылмайтын талабы баршаны бағындырып алған еді.

— Жолдас сатушы, тәртіп болмай сауданы бастамаңыз...

Хвостова аудандық милиция бөліміне келіп бастықтың кабинетін сұрағанда Қуаныш Беркімбаев кезекшінің қасында тұр еді.

— Қазір, жүріңіз, кабинетке барайын, — деп ол кішкене терезеге бұрылғанда ар жақтан әнеугі универмагтағы әйелді көрді. Әйел де мұны танып шегіншекттей берді.

— Жұмысыңыз болса жүріңіз.

— Маған бастық керек еді.

— Бастық мен боламын. — Әйел келгеніне қынжылғандай қобалжып қалып, біртүрлі болып кетті.

— Ә, энеугі сөзіңізден ұялып тұрсыз ба, нә, онда артық кеттіңіз, көптің көзінше біздің бетке түкірдіңіз, бірақ білмедіңіз ғой. Білмеген у ішеді дейді халық. Сонда сіздің ашынып айтқаныңызды түсіндім. Көзіңізде бір қайғының ізі тұрды. Сол қайғыңызды қалындатпайын деп әңгімені де кейінге қалдырып едім. Өзіңіз келген екенсіз жүріңіз. Әңгімелессейік, көмектесейік.

— Кешіріңіз. Қазалы кісі назалы кісі дейді ғой. Ренішім бары да рас еді...

Жүрегі қаяулы әйел аудандық милиция бастығы капитан Қуаныш Беркімбаевтың кабинетіне келген соң да аса ашылып сөйлесе қоймады. Энеугі андаусыз айтылған ағат сөзі бетіне шіркеу болып күмілжи берді, бар көңіліндегісін жайып сала алмай бір сөздің айналасында тұсалғаны рас еді.

— Шырағым, өлімнің де жақсы, жаманы болады екен. Мұны кім білген. Басқа түспеген соң баспақ болып жүре беріппіз ғой. Жолдасымның арақ ішіп өлді деген жаман аты жаныма батып жүр. Тіпті біреудің мүсәпірсіп мейір көрсеткені де көкірегімді қақ айырады. Көз жасымды көл қылып назаланғанда осы арадан көшіп кеткім де келеді. Көшейін, көмектесіңізші, — деп жанары суланған әйел біраз солқылдап босап кетті.

Капитан Беркімбаев бұл азаматшаның хал-жайынан біраз хабардар еді. Күйеуі бір жолдасымен мотоциклге мініп, демалыс күні картоп қазуға барыпты. Жұмыстары біткен соң жағалары жайлауға кетіп ішіпті. Кештетіп селоға оралғанда жолда апатқа ұшырап, рульдегі мотоцикл несі қаза болған. Учаскелік инспектор Елин бұл істі біраз тексеріп, тәмәмдап қойғанды. Оның қорытындысы бойынша азамат Хвостовтың өзі кінәлі екен. Есін білмей сылқия ішіп алып, айдаладағы ағашқа соғылған. Жоқ жерде қарамағындағы әрбір қызметкердің іскерлік

қабілетіне шұқшия үніліп, өз сынынан өткізіп алатын әдетімен Беркімбаев осы істі кешеден бері сығалап оқып, сүзіле үніліп отыр еді. Қиюы қашып, саңылаулары сықырлап тұрған сұрақтар мен жауаптарды аңғарғанды. Соның себебін сұрап, пысықтайын деп Елинді шақыртқан, бірақ оны жер-көктен іздеп таба алмай отыр.

— Анна Ивановна, марқұмның топырағы торқа болсын, күйеуіңіз араққа қалай еді, шынын айтыңызшы. Өзіңіз өмірлік жолдас ретінде оны арақ жөнінде қалай бағалар едіңіз? — деп сұраулы пішінмен жұмсақ сөйлеген милиция бастығы жайма шуақ әңгімеге тартып, ырықсыз баурал барады. Үнінде адам жүрегіне жылу құятын біртүрлі жанашырлық леп, шын мәніндегі қалтқысыз көмек лебізі бар. Отырысының өзінде қызмет бабының қатаң тәртібінен гөрі адамға бар бейілімен ынта-ықылас арнаған еркіндік аңғарылады. Қойған сұрақтары да тосын. Кейде тіпті іске қатысы жоқ сияқты. Бірақ, соның өзін орайын келтіре орағытып әкеліп іске жымдастырады. Алғашында Анна Ивановна осындай көлденең көрінген қисынсыз сұрақтарға селсоқ жауап беріп еді. Келе-келе өзі де сол ағынға түсіп кетті.

— Ептеп ішетін. Бірақ қуып жүріп құнықпайтын.

— Неше жүз грамның маңайында масаюшы еді?

— Үш жүз грамның тұсында. Тілі күрмелетін,

марқұм.

— Бұрын мас болып мотоциклге отырушы ма еді?

— Отыратын.

— Сіз неге тоқтатпадыңыз?

— Ішіп алса бола ма. Ақыл айтсам тіпті өзімді сабайтын.

— Сондайы да бар ма еді?

— Семья болған соң бәрі болады ғой.

— Доновпен достығы қалай еді?

— Қалай болушы еді, арақ ішсе бірге аунап жатып сүйісетін.

— Бұл жерден неге көшкіңіз келеді?

— Бұрын тату көрші еді, қазір Доновтың әйелі аяқ көзбен қарайтын болып жүр. Дәтім шыдар емес.

Қуаныш ойланып қалды. Өмір шіркін қызық қой! Негізі болсын тоқтаусыз. Біреу қайғы жұтып зарланып жүрсе, басқа біреудің көкірегінде қызғаныш қоздап жалтырайды.

— Әзірше көшпей тұра тұрыңыз. Ал көшеріңізде көмектесейік, — деп капитан әңгіменің аяқталғанын білдіріп орнынан тұрды.

— Сізге мейір көрсетіп жүрген кім? — Осы бір ілгешекті сұрақты Беркімбаев манадан бері оңтайлы ұстап отыр еді. Әйелдің көңілі жазылғанда сәтін тауып көлденең тоса қойды.

— Байғұс Донов тағы. Күйеуің жан жолдасым болып еді, көмегімді аямаймын деп қол ұшын берсе, әйелі онысын ұнатпайды. Осы күні біреудің бір сабақ жібі артық кетсе есептеулі емес пе? — Хвостова манағыдай емес, еркін сөйлеп шешілейін деді.

— Донов не көмектесіп жүр? — деп милиция бастығы тағы бір сұрақты елеусіз ғана бүйірлете қойды. Соңына тастаған өзекті сұрағы осы болатын.

— Байғұс бәйек болып, өзіміз мас болып қираттық қой, баласына жөндеп берейін деп мотоциклді су жаңа қылып қойды. Онысына рахмет. Ал, кеттім, жолдас бастық, жай шақырттыңыз ба?

— Осы әңгімені сұрайын деп.

— Ендеше білетінім сол. Кімнен көрейін... Арақтан да. Мен ендеше қорқып келіп едім, әнеугі ағат сөзіме айып салатын шығар деп. Оған кешірініз. Учасковийға ренжігенім рас, жасыра алмаймын. Менен жарытып ештеме сұрамады да...

Бұл істі әбден зерттей тексерген милиция бастығы өз күдігін әріптестеріне жайып салды.

— Осы іске менің дүдәмәлім болып тұр. Соқыр тиын-

ды шашау шығармайтын саран Доновтың қаншама қаржысын шашып көршісінің мотоциклін су жана етіп жөндеп қоюы мені таңдандырады. Сыр тартып біраз адамдармен сөйлестім. Донов бүкіл болмысымен саран адам, ал мынасы неткен мырзалық! — Беркімбаев отырғандарды айнала шолып қосымша пікір тыңдағысы келді.

— Учаскелік инспектордың қорытындысы? — деді біреу.

— Учаскелік инспектор Елин жауырды жаба тоқып, жұмсақ айтсақ тәжірибесіздік танытқан. Ал қатты келсек, қылмыстың ізін көміп кеткен бе, деймін. — Милиция қызметкерінің әр сөзі салмақты әуенмен, әрбір дыбысына дейін нақышталып айтылды. Осының өзі отырғандарды сергектікке шақырып, жауапкершілік сезімін терең түсінуді талап етіп тұрғандай еді. «Жауырды жаба тоқып» деген сөз ақырын айтылғанмен мына тәртіп сақшыларының ортасында ауыр естіледі екен. Әркім-ақ соны сезді. Тіпті сол сөзден арқаға аяз батқандай. Біреудің қателігіне баршасы қызарақтап, елең еткен. Осы соңғы күндері жаңа бастықтың алғашқы қадамдарына талай көздер сыншыл кейіппен қараған. «Не істер екен? Беталысы қалай болар?» деген сұрақтар жүретін біраз көкіректе. Соның бәріне нық жауап бергендей болып жана бастық Беркімбаев күн өткен сайын істі үйіре меңгеріп, бүкіл коллективті еркін басқарып барады. Міне қазіргі сөзі мен ісінде, тіпті отырыс, тұрысында коллективті басқару кілтін мүлтіксіз ұстағаны көлденең жұртты сүйсіндіре көзге ұратын еді. Істі зерттеу тағандылығы, ойлау логикасы, дәлелдері, фактілері, жорамалдары... Соның бәрін қай сәтте тәмәмдап, толықтырып үлгерген десеңізші. Доновтың сарандығына дейін қатесіз біліп тұр... Әрине, мына отырған милиция қызметкерлері осындай іскер адамның, білімді жанның басқарғанын ұнатады.

— Ендігі міндет Елиннің қателігін түзету болып тұр.

Ал, жолдастар, біздің қызметіміздегі қателік адам өміріне байланысты екенін ұмытпайық. Милиция мундирі қандай жалтырап тұрса, оның ары да сондай кіршіксіз болсын. Бұл өмір талабы, партияның талабы.

Бастықтың осы бір тұжырымды сөзі аудан милициясының өміріне жаңа жігер араласқанын, жастық жалын келгенін баршаға анық байқатқандай еді. Өзі жас екен. Жарайсың жігіт. Милицияда он екі жыл істейді. Қызметтің барлық сатыларынан өткен. Милициялық қызметке Ленин аудандық комсомол комитетінің екінші секретарлығынан ауысыпты. Қарағандының жоғары милиция мектебін бітірген. Соколов ауданына келгенше Совет аудандық милиция бастығының орынбасары болыпты. Ә дегеннен алымы жақсы. Іскер! Осындай мақтаулы лебіздер Беркімбаевтың атына алғашқы күндерден бастап айтылғаны азамат абыройын көтере түскен болатын. Қуаныш Хвостовтың ісін тікелей өзі қолға алып, оперативтілік, білгірлік көрсетті. Хвостовтың өліміне себепші болған «досы» Донов екен. Капитан соның бәрін суыртпақтап ашып, қылмыскерді бұлтасыз мойындатты. Доновтың мотоциклді жөндеуі де, көршісіне көмектесуі де қылмысты жасырудың айласы екен. Сол қылмысты капитан шұқылап тергеп әшкерелеп берді. Учаскелік инспектор Елинді жұмыстан босатып, жаңа қызметке орналасуына қолма-қол көмектесті.

— Қылмысқа қолынды былғап ала жаздадың. Енді сен жұрт көзіне қызыл жаға болып көрінбей-ақ қой. Қолыңнан келмес іске ұмтылмаған дұрыс, — деп учаскелік инспекторға кесімді ақылын айтқан.

Арада біраз уақыт өткенде аудандық милиция бөліміне Хвостова тағы келді. Бұл жолы оның қызыл жағалы, көк шинелді тәртіп сақшыларына деген алғысы шексіз еді.

— Рахмет, жолдас капитан, көңілімнің кірін жуып бердініз. Көкіректегі қайғым жаңа орта түскендей бол-

ды. Сіздерге алғысымды айтып, үйге дәм ішіп кетуге шақыра келдім.

— Оныңыз артықтау екен. Біз өз қызметімізді атқардық, әділдік, шындық жөніп шықты. Сіздің айтқан алғысыңыз біз үшін жоғары мәртебе. Ықыласыңызға рахмет, үйіңізге бара алмаймыз, қызмет үстіндеміз,— деп Қуаныштың жүзі де шырайлана түсті. Қабағы сәл көтеріліп, көзі ұшқын шашады. Бір нәрсеге разы болып, қуанғандағы сезім шарпуы еді бұл. Кешегі мына қапалы жанның бүгінгі алғысқа толы ықыласы мұны да тебірентті.

— Қызметтен соң, кешке келіңіздер.

— Біз күндіз де, кешке де қызметтеміз. Рахмет, шақырғаныңызға, рахмет!

Орнынан баяу көтерілген Хвостова қайта-қайта иіліп, жанарына жас үйіріліп, артына бұрыла-бұрыла қарап шығып бара жатты.

— Елинге қатты кеткеніміз жоқ па? Мықтап ескерту керек еді? — Осындай күмілжіген сауалды қарамағындағы қартан бір қызметкер сыздыктата отырып естіртіп еді. Қуаныш іркілмей-ақ бұлтақсыз жауап берді:

— Ол туралы сөз болуы мүмкін емес. Бұл қателікке енді қайтіп оралмайық.

— Бұлай қатты кетсек милицияда кадр тұрақтамайды ғой.

— Ал бұлай жауырды жаба тоқып жүре берсек тәртіп орната алмаймыз. Алдымен өз ісімізде мүлтіксіз де, мінсіз тәртіп болсын.

Қарт қызметкер бастығынан шыққан соң есік алдында сәл тұрды да, басын шайқап шапшаң адымдап кетті. Беркімбаевты жұмсартып, идірем бе деп келіп еді, өзі тәртіпке бас ініп шықты. Дұрыс-ақ. Осылай тізгінді тарта ұстамаса болмайды-ау дейді ішінен.

Осы әңгіме бүкіл ауданға тарады. Әр саққа жүгіріп, түрлене түсіп жетіп жатты. Хвостов ісін сәтті аяқтаған

Қуаныш еңбегі жұртшылық ортасында жоғары бағасын алған еді. Жалпы аудан милициясының қызметі көп жақсарғанын талай-талай жиындарда атасты да. Сол жылы лебіздердің қорытынды түйініндей болып, 1974 жылғы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Соколов аудандық ішкі істер бөліміне облыстық ішкі істер басқармасының ауыспалы Қызыл туы берілді.

— Қадамың осылай құтты бола берсін! — деп облыстық ішкі істер басқармасының бастығы Қызыл ту тапсыруға арналған салтанатта Беркімбаевтың қолын қысты...

* * *

— Найзағай деп ат қойған сол Хвостова шығар?

— Сол. Қазір қайда екен?

— Басқа жерде тұрады. Қөшіп-қонуына көмектестік.

Рация тағы да күтірлеп тұрып басылыққырады да, әуе толқынынан таныс дауыс естілді.

— Жолдас капитан, күдікті адамдар нысаналы жерге жетті. Жылжық па?

— Ал қозғалдық ендеше. Абай болындар. Олардың қаруы бар екенін ұмытпаңдар.

Милиция бастығының машинасы мана жарықкөзде жүріп өтіп әбден машықтанған бағытпен түн қойынын тінтілеп баяу жылжыды. Тоңқылдақ жолсызбен шоқалақтап тартып, межелі тұсқа таялғанда келіскен уәде бойынша аспанға ракета атылды. Ысқыра зуылдап түн құшағын қақ айыра тілген ракета шарықтау биігіне жетіп барып, жап-жарық болып жарқырап төмен қалықтап түсе бастады.

Бір сәтке айнала төңірек көгілдір сәулеге бөленіп, бар дүние айқын көрініп тұрды. Милиция қызметкерлерінің қырағы көзі аттардың қасында қараңдаған екі тұлғаның жарықтан сескеніп сілейіп қалғанын аңғарды.

Қарама-қарсы келе жатқан машиналардың жарығы да тосыннан тұтанып шарпысып қалды. Маңайдың бәрі самала жарыққа бөгіп көз шағылыстырғандай еді. Мына дүрбелеңнен дүрліккен аттар ауыздықтарын шайнап, жүгендері шалдыр-шұлдыр етті. Қаракшылар жалмажан қалталарына қол салып жатыр. Милиция бастығы машинасының маңдайшасындағы күшейткіш репродуктор бүкіл төңіректі төңкергендей қатты дауыспен төбеден түйіп қалды:

— Көтеріңдер қолдарыңды! Қозғалмаңдар! — Қалт-құлт еткен екі сұлба «құрыған жеріміз осы» дегендей қолдарының буыны жазылмай зорға-зорға жоғары көтерді.

* * *

Күндегі қалыптасқан дағдысымен қызмет орнына ерте келген Беркімбаев кезекшіден тіркеу кітабын алып, кеше күндіз, өткен түнде болған оқиғаларды бір шолып шықты. Әзірге аудан тыныштығы да дін аман. Төтенше оқиғалар жоқ. Ол білегін түріп сағатына қарады. Әлі ерте екен. Телефон трубкасын қолына алды.

— «Березов» совхозының орталығы ма? Маған учасковыйды қосыңызшы, — деп өтініш етті де, арғы жақтан дауыс естілгенде барып амандасып сөзін жалғастырды. — Халдарың жақсы ма? Онда дұрыс. Төтенше оқиға жоқ деп қол қусырып отыруға бола ма? Сенің учаскеннен өтіп бара жатып, кеше бір тәртіп бұзушыны жазалап кеттім. Сен көрші селоға кеткен екенсің. Күннің аптап ыстығы мынау, жер күйіп барады, бүкіл халық жемшөп дайындаймыз деп жанталасып жатыр. Ал, біздің соған қызыға қарап отырғанымыз қалай? Кеше Пеньково селосының бір тұрғыны совхоздың екпе шөбін қол орақпен көсілтіп алып әкетіп барады. Шөбін совхоздың пішендемесіне төктіріп өзіне айып салдырдым. Сол сенің жұмы-

сың емес пе? Халықтың тырнақтап жинаған жемшөбін айырлап әкетіп жатқанда көз жұмуға болмайды. Мотоцикліннің колқасы аман ба? Ендеше күні-түні далада бол. Совхоздың бір тал шөбі шашау шығып, ұры-қарының қанжығасында кетпесін. «Жемшөп дайындау — екпінді майдан» деп газеттер тегін жазып жатқан жоқ. Қашанда милиция майданның алғы шебінде, нағыз от шашқан өтінде болатынын ұмытпа!

Осылай ол барлық учаскелік өкілдермен сөйлесіп шықты. Әрқайсына тапсырмалар беріп, солардың орындалуын мұқияттауға тырысады. Есік ашылып өзінің орынбасары кіріп келді.

— Сәлематсыз ба, жолдас... майор. — Ол қолын созып «капитан» деп айтқалы келе жатты да Қуаныштың пағонындағы қос жолақ пен жалғыз үлкен жұлдызды көріп іле сөзін түзеді. — Құттықтаймын!

Беркімбаев кеше облыс орталығына кеткен. Міне атағы жоғарылап оралыпты.

— Біздің міндет тәртіп бұзушылармен тынымсыз күрес қой, — деп майор тағы да күрделі бір істі ақылдасып талқылауға көшті...

Оң сапар, азаматым!

Күн бұлтты. Жанбыр лебі сап-салқын болып кабина терезесінен соғып тұр. Сонау батыс беткей қап-қара болып түйіліп, нөсер төгіп тұрғанға ұқсайды. Көптен күткен жаңбыр еді, бұл. Шофер жігіт машинаны теп-тегіс қара жолмен заулатып келеді. Жол бұзылып далада қалармын деп қауіп ойлар азамат емес. Көңілді. Қолы баранканы ұршықша үйіріп, осы бар денесімен қоландап ойнап отыр. Ыңылдап бір ән ырғағын іздейтін сияқты. Сергек сезімді. Етженді жүзі күреңітіп, сығырайған жанарын алға қадайды.

Жаңбыр ірі тамшыларын әйнекке қат-қат соғып сіркірей бастады. Машина да өткіншіден тез құтылмаққа құлшынғандай зырлай түседі. Қызыл шоктың тұмсығынан өте бергенде ғана жүрісін бәсендетіп іркілді. Алда қол көтеріп біреу тұр. Жақындай келе жүзін де таныды. Алдағы ауылда тұратын ағайындастары екен.

— Ия, қарғам, амансың ба? Жауында қалдым ғой деп едім. Сені кездестіруін қарашы. Қайдан келесің?

— Қайранкөл станциясынан.

— Жүгің не?

— Құрылыс материалы.

— Осы сендердің совхоздарында құрылыс көп қой деймін. Күнде сендердің машиналарың өтіп жатады.

— Көп, совхоз жаңа құрылды ғой, — деп шофер Эрнст Бидалин өзі еңбек етіп жүрген «Майбалық» совхозы туралы әңгіме қозғады. Іргесі осыдан екі-ақ жыл бұрын қаланған шаруашылықтың бар өмірі көз алдында өтіп жатқан. Соны баршаға баян еткісі келеді. Совхоздағы өз достарының ересен еңбегін айту ол үшін бір рахат сияқты. Жолаушы серігі де сұрақтарын іле сабақтап отыр. Жаңбыр үдеп, алдыңғы әйнекті шүмектеп жуа бастады. Шаңытып жатқан жол да шылқылдап, қарайып сала берген.

— Қарағым, бұрылып дәм ішіп кет, — деді бір кезде ағайыны шоферге сондай өтінішті жүзбен бұрылып.

— Осы арадан екі шақырым ғой. Жеткізіп салайын, бірақ отыруға уақыт жоқ. Жауын мынау.

— Тәйірі, сөз бе бұл. Жетерсің. Ас ауыз ти.

Машина үлкен жолдан бұрылып, оң қолда ақ шаңқан үйлері шок болып көрінген кішкене ауылға қарай бет түзеді.

— Биыл бір құрылыс саламын деп мезі болдым әбден. Бір анасы, бір мынасы жетіспейді. Сол шаруамен жүр едім, — деп ол қабағы тыжырышып, бастан кешкен бейнетін тізе бастады.

— Күнде осылай катнайсыңдар ғой?

— Күнде осылай. Құрылыс жұтып жатыр. Материал жетіспейді, — деп Эрнст алдына жіті үңіліп, жол жайын сақ жобалап бағады.

— Келіп неге жүрмейсің жатсынбай. Біздікі, әне, анау жаңа үй, солай тарт.

Жаңбыр құйып өтіп, соңғы тамшыларын сіркіретіп тұр еді. Бұлт бауырын жнып алып барады. Жер әжептәуір суланып қалыпты. Машина көшені батпақтата жарып өтіп, жаңа салынып жатқан үй қасына тоқтағанда жолаушы есіктен ытқып түсіп шоферді қоймай қолқалады.

— Апаң ренжиді ғой. Бір шаруа да бар еді. Жүрші. Енді осы тұрған жер емес пе? Жетерсің.

Эрнст үйге кіріп, төрге жайғаса бергенде тегенемен шүпілдеп қымыз да келіп қалды.

— Қарағым, осы саған тапсырар бір шаруа бар еді. Жайымыз мынау. Көзің көріп отыр. Қол қысқа. Алыста жүрсең де жақын болып жанаса жүргенің жақсы. Салық сала бермеспіз. Қолыңнан келсе қайырылып жүр, келмесе күрмемеспіз, қыстамаспыз. Қазір қиналған бір-ақ жайымыз бар. Мына тактайлық бөрененнен тастап кетсең, келесіде тағы солай қарасарсың. Сендерге сүйенеміз ғой, — деп үй несі сөзбен орағытып жалпақтап жатқан жайының бар сырын ашып алды.

— Ағасы, оның реті болмас, — деп шофер жігіт манадан бергі жарқын көңілін кірбің шалғандай шытынып, асығыс жинала бастады. — Қашпақ болсаң зымыра деген, жауында қалармын. Жетіп алайық үйге.

— Қалқам, қалқамды қайтарма. Бірінші кездескеніміз ғой.

— Ағасы, басқа көмегімді аямайып.

— Апырай, совхоз дүниесін қимайды сенсің. Соншама қоруыш бола қалғаның қалай. Ағайын арасыңда...

— Жоқ болмайды, ағасы.

— Тіпті ақысын төлейік. Зәру едік, қол жетпейді, —

деп осы қадалған жерден қан алардай айрылмай жабы сып-ақ тұр. Шофер жігіт те илікпейді. Жат мінезден жиіркенгендей тіксініп, қабағына кейістік түйіп алыпты.

— Ал, рахмет сіздерге, — деп шыға беріп еді, үй несі шұбалып соңынан ілесті.

— Тұра тұр енді. Әлгі апан келсін. Шай іш тым болмаса.

— Рахмет.

Далаға шықса екі балаң жігіт тырбандап машина үстінен бір бөренені аударып жатыр. Эрнст үндеп үлгергенше оқтай тұзу бөрене жерге дүңк ете түсті.

— Бұларың не, ей? Таста, тоқтат. Түс!

— Әй, балалар-ай, жиендік қылып жатырсындар ма? Шыдасандар етті, ағаларың көнетін емес, жарайды енді, түсіріп қойған екенсіңдер, — деп үй несі күлімсіреген болып, жуып-шайып бағады.

— Жарамайды, отағасы. Мынауыңыз ұят. Тапа-тал түсте. Қой, қайта артайық, кәне, — деп Эрнст жоғарыдан түскен әлгі жігіттерді демесінге шақырып оңтайлана беріп еді. Бірі де қозғалмады.

— Қалқам, қалсын енді. Осындай қарағай қолға түспей жүр еді. Бір сұрауым болсын. Қый.

— Ағасы, жақсы түсінесіз ғой. Өз мүлкім болса осыны қотарып кетсем де көп демеймін. Совхоз мүлкі. Барған соң сұраса не деймін. Басқаларға не бетіммен қараймын, — деп шофер де осы шын көңілін төгіп түсіндіріп ауре. Арлы жүзі оттай жанып ұялады.

— Ойбай, қалқам, кетейін деп жатырсың ба? Кешігіп қалғаным. Жүр үйге, — деп осы арада жеңешесі жетті. Бір жарты арақты мойнынан қылқита ұстап, дүкеннен оралған беті екен.

— Ондаймен жайым жоқ. Жол жүремін. Кәне көмектесіп жіберіндер, — деп Эрнст бөрененің жуан басына еңкейе берді. Бірақ көмекке ешкім ұмтылмады. Расымен шофердің қайтпас қаттылығына қайран қалысқан-ды.

Эрнст та ерегiскен. Кабинадан көне костюмiн суырып киiп алды да, бөрененi машина үстiне бiр-ақ лақтырды. Орта бойлы, шалқақ төс, балуан бiлек, кеспелтек жiгiтiң қайраты да бiршама шымыр екен. Тұрғандар бiр-бiрiне қарасып қалды.

— Қарағым-ай, қаның қатты екен, — деп үй иесi кейiп кекесiнмен қарайды. — Совхозды өсiретiн сен боларсың.

— Болсақ болармыз. Айтқан рахметiңiз осы ма? — Кабина есiгi сарт етiп жабылып, машина орнынан қозғала бердi.

Бүгiндiк 400 километрге жақын жол жүрiп, Қайранкөл станциясынан екiншi рет оралып келе жатқан шофер әлгi әсерiмен шамырқанып, ой тереңiне бойлайды. Шофер болып машина рулiне отырғалы он жыл. Қаншама жол жүрдi, қаншама адаммен жолықты. Ащы, тұщы деп аталған күндер бар. Сол күндер талай тағлым ұқтырғандай. «Жол үстiнде жақсылығымды аямаспын, ең қиыны — жол азабы. Оны жүрген бiледi. Осы азапты адамға арқалатпасам, ала кетсем машинама өңгерiп. Адамдар үшiн бар жақсылығым» деушi едi жiгiт iштей бiр ант байлағандай болып.

Әлгi ағайыны сол бiр жарқын әлемiне жарықшақ түсiргендей, ренжiп келедi. Ағайын кейде буынсыз жерге пышақ ұрып, орынсыз жерге қолқа салады-ау. Тiптi ретсiз. Ұят та. Барымен саркылып, таусылып қаларын қайтерсiң. «Достығының бәрi сату» дегендей туыстығын осындайға әкеп тiрегенi несi? Кейде кенже түсемiз-ау ой биiгiнен. Әй, туыскандар-ай. Кеше ғана совхоздың бас инженерi Марат Кеженовтың, аға прораб Юрий Пажоның шоферларды жинап алып, қатты ескерткенi есiне түседi. Құрылыс материалдарын жол бойы шашушыларға кешiрiм жоқ, қатал жазалаймыз дескен олар. Сонда сол шараға қол көтерушiлердiң бiрi өзi едi.

Қазан құрылыс инженерлiк институтының студенттерiн материалмен үдiкесi қамтамасыз студi өз мiндетiне

алған шофер қауымы. Сол серттен шығу қамында қазір Эрнст та жүр. Ол 100 километрлік Қайранкөл станциясына күніне екі қатынап үлгереді. Сонау 400—450 километрлік Тайга нуына да жол тартып кететін шақтары бар. Қашан да, қай жолда болмасын ол даланың талмас тарланындай. Түн қатады, күн ұзатады, қайтсе де қажымас қайрат азаматы. Оның «СКА-17—75» номерлі «ГАЗ-93» машинасы міне үшінші жыл күрделі жөндеусіз жап-жаңа калпы. Талай мың километрді дөнгелегіне орап үлгірді. Эрнст Бидалин совхозда озат шоферлардың бірі. Оның омырауында Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды. Ол коммунистік еңбек екпіндісі. Көктемгі егіс, орақ күндері оның аты үнемі бірінші аталатын әдет бар. Әрине озат атын еңбек шығарады.

...Ауыл үстін түн жайлағанда жүгін түсіріп Эрнст үйіне оралған. Терезе жарығының жануын тосқандай бір машина дүр етіп, ілезде есік алдына тоқтады. Механик Михаил Ворушенко екен.

— Ерте жинал. Танертен Тюменьге тартамыз.

— Құп болады!

Өмірінің жартысы жол үстінде өтетін осы бір өр мінез, өжет қылықты, қайсар қайрат иелері қандай құрыш адамдар еді. Дәйім дала жолында, дәйім тынымсыз еңбек үстінде. Қан тамырдай тарам-тарам дала жолының бойында заулап бара жатады олар. Олар ертеңгі болашаққа асыққандай заулайды.

Қайда, қашан көрсеңіз де нар жүгін көтерердей манғаз мінезбен мұртынан ғана күліп манқия тартқаны ұнайды бәрінен. Ауылдастары Эрнстың бойынан осындай қасиет көріп ерекше құрметтейді. Жаңа ғана механик Тюменьге тартамыз деп кетті. Бұл аса жауапты тапсырма. Осыдан 400—450 километр тайга жынысына жол тарту қай шоферға да сын болатын сапар. Жолы ауыр ондай ұзақ сілтемеге сұрыптап қана таңдаулыларды жіберетін әдет бар. Міне сол таңдауда Бидалин есімі бірін-

ші аталады. Білген кісіге бұл да жоғары сапалы еңбекке берілетін бағаның бір белгісі іспетті.

Мана таңертең совхоз директоры бас инженерді шақырып алып шұғыл тапсырма берген:

— Тайгадан құрылыстық ағаш алып отырмыз. Келісіп келдім. Дайын тұр. Соны біреу қағып кетпей тұрғанда тез тік көтеріп әкетуіміз керек. Машиналарыңды дайында. Тез жөнелт.

Осы тапсырмамен гаражға келіп арнаулы машина колоннасын топтастырғанда жұрт әжептәуір шуылдасып қалды. Кейбір шоферлардың аты аталса болды түрлі сүкі тілдер де түйреліп өтеді.

— Әй, оны осы көшеден алысқа сүйреп шығара алмайсың.

— Тайганың жолын білесің ғой, оған жігіттің жігіті ғана шыдайды. Босқа әлек болатындарды мазаламандар.

— Өй, оны да тұра тұр, селоның көшесіне кірсең болды, бір асхананы бос жібермейді. Жолдан қалдырады.

Осы кезде Эрнстың фамилиясы естілді.

— Бидалин!

— Ә, оны колоннаның басына қой. Төрт доңғалақтың біреуі батпаса болды, машинасын саздан өзі де сүйреп шығарады. Осындай жігіттерді таңда!

Шоферлар ортасының да осындай қағазға қатталмаған қатал заңы бар. Әлгіндей жауапты сапарлар тізімінеп еріншек, жалқаулар өзінен-өзі сызылып қалады.

«Тюмень, тайга» деген сөздер шоферлар үшін қиын жолдың паролі тәрізді болған соң Эрнст алақарақтан тұрып машинасын баптауға кірісті. Жұбайы Бағыш та жол жабдығымен жүр.

— Тағы бір апта жоғалып жүрме, мә, тамағың.

-- Аңшы етігі қайда, оны да сал.

— Құс атамсың? Оны қайтесің қара саннан келтіріп.

— Біздің жақтың сазы толарсақтан келсе, ол жақтың сазы қара саннан келетінін білмейсің бе?

— Барып көрді дедің бе? Салайын, ендеше етігінді.

— Ә, барған жоқ екенсің ғой. Ана жолы бір апта жүргенде машинаның бауырына дейін батып кеткен. Қалың нудың арасы ғой. Жері дымды.

Совхоздың отыз машинасынан құралған бір колонна терістікке маңдай түзеп, сыңсыған қалың орман қайда-сың деп шұбай тартты. Жол қиындығы алдын-ала ескеріліп бір «Кировец» сондарынан жіберілді. Хауіпті деген жерлерде колоннаны тосып алып, демесінмен өткізіп жіберіп отырмақ.

— Бидалин! Сені жолашарға салып алдына жіберетін қазір қыс емес қой, бұл жолы түп қазықта бол. «Соңғы түйенің жүгі ауыр» деген ата мақалын ұмытпасаң болды! — деп совхоз директоры да қатты қадағалап аттандырды. Бұл сөздің салмағын Эрнст тайганың нуына жетіп, құшақ жетпес қарағайларды кранмен машиналарға артып, прораб екеуі бәрін өз қолдарымен жөнелтіп кейінде қалғанда білді.

Қатты қалжырады. Су сіңді болған зіл батпан қарағайлар опырып жіберердей салмақпен қорап үстіне дыбыссыз дүңк ете түскенде машинаның өзі мықшынып кетіп, солқ-солқ етіп шайқалақтап тұрады. Балондарына дейін баттынып тырсия қалғанын көрессіз. Кейде сондай қарағайларды кран бара алмаған жерден қолмен тасуға тура келеді. Жігіт қайраты сондайда сыналып еді. Жалпақ беті кара терден борша-борша болып қызара бөртіп құлшына қимылдағанда қасындағыларды да сол екпінімен алып кетеді. Толғап-толғап тұрып, «әуп» деп қалғанда бүкіл тайга іші жаңғырығып, күнгір-күнгір етеді. Сонда шіркін бойға қуат құйылғандай қайраттанады-ау жігіттер. Ең соңғы машинаны артып болып, аттанайын деп жатқан-ды. Колоннаның алды кеткелі әлдеқашан. Соңында қалғаны үш машина ғана. Үшеуінің де қабина-

сында бір-бір жүкші отыр. Енді машина табалдырығына аяқ сала бергенде прораб белгі берді. Осы белгінің бола-рын Эрнстың да іші сезген мана. Естімеген болып кабинаға кіріп алған бойы есікті сарт еткізді. Прораб жүгіріп келеді. Айғай салды.

— Қалжырадық қой.

— Қалжырасақ тез үйге жетейік. Мінізіз.

— Мінеміз ғой. Ішіміз иттей ұлып тұр-ау.

— Жолда асхана бар. Күн кешкіріп барады.

— Тарттық ендеше. Аялдамадың ғой, бірдеме жұтып ішті жылтатын. Жолда Кабанка селосына тоқта, манағы уәде бар емес пе?—деп прораб желкесін қасып амалсыздаң кабинаға отырды.

Таңертең Кабанка селосына соққанда жолда бір танысы кездесіп, прораб әлгіге біраз бөрене уәде етіп кеткенді. Ауыр жүкпен шайқалақтап, сықырлап келе жатқан машина інір түсе Кабанканың көшесіне де жетіп қалды. Манағы уәдешіл де далбандап алдан көлденендеді.

— Тоқта, Бес-алты бөрене тастап кетейік.

— Ауыр жүк машинаға жақсы. Батпаймыз.

— Қалғаны да жетер. Бидалин қырсыға берме. Тіліңнің қышымасын басармын. — Шофердың манадан бері ырқына бағынбай отырғанына жүйкесі құрып келе жатқан прораб шала бүлінді. Бірақ бұлқынып қайда барсын. Қасындағы еңгезердей жігіттің халықтық бақылаушы екені, өткен қыста бір қоймашыны да қатырғаны есіне түсті.

— Ендеше мен де газды бастым, — деп Эрнст кекете күліп әлгі уәдешілдің қасынан зу етіп өте шықты. — Оң сапар, азаматым! — Кекесінмен күлді. Тіпті қыңып, қысылатын кейпі жоқ. Еркін отыр. Прораб қайтсін. Тілі күрмелген. Енді үндей алмады.

— Оң сапар, азаматым! — деді прораб та амалсыз. Машина тоқтамай заулап барады.

Қос қуаныш

Мал фермасындағы таңертеңгі жұмыс аяқталуға жақындап қалған. Бақташылар малын жайлап, жемшөбін салып, қораларда тұяқ тықыры басылып, тыныштық деген шақ. Алакөбеден жанталасқан қауым енді бел жазып, киімдерін қағынып ферма жанындағы қызыл мүйіске жиналып жатты. Қыстың ұзақ таңы да аппақ болып атып, қыс қаһарының қайтқанын сездіргендей терезелердегі қырау өрнектерін өшіріп тастаған-ды. Түнде шытқылдана түсіп, бетті шымшылаған аяз зәрі әжептәуір сынып қалыпты.

— Республиканың оңтүстігінде егін сеуіп жатыр, ә? — деп малшылардың бірі сұраулы кейіппен күлімсірей қарап жолдастарын әңгімеге шақырады.

— Е, оңтүстікте қазір көйлекшең жүрген шығар, — деп бір жастау жігіт тіпті әңгіме басын әзілге шаптырып жіберді. — Біз ғой қыстан қалай шығамыз деп қалтылдап отырмыз. Ертең тағы бір боран соғып кетсе беліміз солқылдар.

— Не дейді? Енді бораныңнан бұға қоймаспыз. Қайдағыны айтпа. Қыстан қасқайып-ақ қаймықпай шыққанымыз жоқ па! Жаз жүні жығылып жатқан малың қыс күдірейіп кетті ғой. Соны айтсаңшы, — деп сөзге бақташы Мақаш Меңдібаев араласты.

— Бәсе, биылдар, жалпы соңғы жылдар мал жемнен тарығып көрген жоқ. Қылышын сүйреткен қысыңнан мұртымыз майланып шығып жүр, — деп оны қасындағы Қайырке Оспанов та қостады.

Қызыл мүйіске жиналған малшылар дабырласып тұрғанда гурт бригадирі Жақила Жолмұқанов та келді. Өзгеше бір жаңалық әкелгені жарқырай түскен жүзінен-ақ белгілі еді. Қорбандап қалың киімнің түймелерін ағытып, ішкі қалтасына қол сұққанша асығып жатыр.

— Жігіттер, үлкен жаңалық әкелдім, — деп ол төс

қалтасынан алған газеттің бүктеуін жаза бастады. Тұрғандардың бәрі де елең етісіп, ентелеңдей түсіп жақындады.

— Қуанышты ғой әйтеуір.

— Қабағыңнан танып тұрмыз, солай ғой.

— Е, ренішті болса бұлқан-талқан болып жұлқынып кірмей ме?! Қуанышты шығар. Кәне қуанышыңды естийік. Газетіңді оқы, — десіп бақташылар да бір жамырасып қалды. Бригадирдің өңіндегі шырайлы шұғыла олардың да жүзіне балқып ауысыпты.

— Осы аудандағы «Островский» совхозының озат малшысы Зиновий Павлович Дробышев аудандық газет арқылы хат жазып біздің мына Мақашты социалистік жарысқа шақырыпты, — деп Жолмұқанов мәз бола күліп бақташы Мақаш Мендібаевқа қарады. Жұрттың бәрі солай қарай бұрылып, ұшқын атқан жанарларымен құпта-сып жатыр.

— Пәлі, құтты болсын.

— Жарыста жүйрік озар деген, Мақаш озып шық.

— Ол малшыны бұрын білуші ме едіңіз? — десіп тағы да дүрліге дуылдасты бұл орта.

— Таныстығым жоқ, ол жарысқа шақырса қабыл аламыз да, жарыстан жалтаратын қорқақ емеспіз, жүзіміз ашық, — деп Мендібаев ойлана түсіп орнықты тіл қатты. Оның үніндегі осы салмақты әуен жаңағы серпіме әңгімені сабасына түсіріп баршаны толғақты арнаға ауыстырды. Алдымен бригадирдің өзі қоңыр үнмен бұл жарыстың жауапкершілігі мол екенін түсіндірді.

— Хат жазып отырған ауданның озат малшысы. Ол сізді тегін таңдап отырған жоқ. Сіз де осы ауданға атыңыз мәлім озатсыз. Омырауыңызда «1974 жылғы Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісі жарқырайды. Жарыста озып шығуыңызға тілектеспіз. Бұл сізге де, бізге де үлкен абырой, — деп Жақила газетті жа-

ғалай малшыларға ұсынды. Бәрі тағы бір үңіліп, қызыға қарасып жатыр.

— Жарысты қабыл алғаныңыз туралы жауап хат жазу керек. Хатыңызда өз міндеттемеңізді айтыңыз. Міндеттеме қабылдағансыз, ондағы көрсеткіштер ешкімнің көрсеткіштерінен кем емес, — деп бригадир бақташының жігерін жебей сөйледі.

Сол күні кешке Мақаң бригадир Жақиламен бірге стол үстінде бас түйістіріп ақ қағазға бірдемені күбірлеп жазып жатты. Бұлар Зиновий Павлович Дробышевқа аудандық газет арқылы жауап жолдамақ еді.

— Ол мені қайдан таниды екен, ей? — деді бір мезетте күн ұзақ ойлаған сауалына тағы оралып Мақаш Мемдібаев.

— Сіздің суретіңіз аудандық партия комитетінің алдындағы құрмет тақтасында тұр ғой. Содан көрген шығар. Одан қалды жиналыс сайын есіміңіз мақтауға ілегіп жатады, — деп Жақила білген жорамалын айтып жатыр. Мына бүгінгі хат дәл бір өзінің атына арналып, отты жігері тұтапқандай құлшына түскен қалпы бар.

— Бұл бір игі іс болды. Ауылдың атына мерей емес пе, Мақа?

— Мерей екені рас. Мерейдің үлкен міндеті бары да рас.

— Соның бәрін жауап хатта баса көрсетіңіз. Бесжылдықтың соңғы жылының жүгі ауыр екенін ескертейік.

— Солай десең де. Тігісін жатқызып өзін жазшы, маған көмегің сол болсын, менің жалғыз емес екенімді де көрсет. Үзеңгі серік, ізбасарларым бар. Соларды ата. Жарыстың көркі жаппай озуда екенін айт. Біздің нысана сол. Міне осы айтқанымызды жеткіз.

Бригадир мен малшы кеш бойы бірін-бірі құптасып, қағаз бетін біраз толтырып тастады. Ертеңіне редакцияға жөнелтпек. Міне осылай сонау алыстағы мал қыстау-

ында Преснов ауданындағы «Преснов» совхозының төртінші бөлімшесінде тағы бір жарыстың жалыны тұтанып, аудан көлемінде әйгілі екі малшы бір-бірімен еңбек бәсекесіне түсіп еді.

Сол күні фермадан оралған Мақаш Мендібаевтың көкірегінде қос қуаныш канат қаққан болатын. Алғашқысы таңертең қызыл мүйісте жарыс жалынынан тұтанған. Бейтаныс достың газеттің бүкіл бірінші бетін толтырып хат арнағаны, жарысқа шақырғаны бақташы жүрегіне өзгеше бір ыстық толқын түсіріп, тұла бойында от тұтатып кеткен. Қызыл мүйістен бір түрлі ширғыпп шықты. Қадамында қайрат тасқыны болатын. Қасындағы қолқанат баласы Қанағат тіпті қуанулы. Ол да қолындағы айырып құлаштай сілтеп, тың күшпен бұлқынған білек танытты.

— Озатын шығармыз. Биыл біздің көрсеткішіміз жақсы ғой. Өткен жылы жарыс жеңімпазы атандық. Январь айында әр малдың тәуліктік салмақ қосуы жоспар бойынша 350 грамның орнына 700 грамм болды. Ал февральда тағы да 700 грамм. Мартта, апрельде 800 грамм. Әке, бұл жаман көрсеткіш емес. Жоспарды екі есе асыра орындасақ, — Қанағат әсерлене сөйлеп, әкесін де еліктіріп жіберді.

— Дұрыс екен, балам. Есебің дұрыс. Қазір малшы да есепқор болуы керек. Жемінді есепте, шаруанды есепте. Есепті кісі ұтылмайды, — деп Мақаш баласын шаруақорлық сырына қанықтырады.

Түсте дастархан басында кездескенде де әкелі-балалы малшылар манағы әңгіме ауқымынан шыға алмады. Жарыс туралы айтысып отырды.

— Бұл жарыстың қорытындысы қашан шығарылып отырады екен? — деп Қанағат тағатсыз мінезбен алдағы күнге асығады. Сірә, әкесінің мандайы жарқырап жарыс төрінде жүлдемен отырғанын жаны қалайтын шығар.

— Балам, асықпа. «Еңбек етсең емерсің» деп халық

бекер айтпайды ғой. Еңбек ете білсең құрмет сенен қашпайды, құрмет сенің бағың болып басында тұрады. Қыс жаман өтіп келе жатқан жоқ. Мал қыстату жақсы. Жемшөп мол, қора жылы. Ендігі әңгіме екеуіміздің еңбек ете білуімізде, — деп Мақаш баласына сынағандай сүзіле қарап бір тоға ойларын түйіп тастан отырды. — Мен білсем, — деп әрі жалғастырды ол. — Осы жарыстың алғашқы деректері бүгін мәлім болып қалар. Малымыздың біразын комбинатқа жөнелттік. Көңілім тоқ отыр. Осы жолы да олжалы оралатын шығар зоотехник.

Жиырма жылдан бері малшының құтты құрығын ұстаған Мақаш бұл күні шынында да тағы бір қуанышты жүрегі сезіп, кешке дейін тағатсызданумен болды. Мана мал жайлағаннан кейін совхоз орталығынан гүжілдеген жүк машиналары бірінен соң бірі келген. Қораптарына бекітіп алған қалқандарын теңселтіп мал артуға ағылған. Мақаш баққан 76 өгізше осы жолы бірден жөнелтілді. Сол мал артылып жатқанда-ақ зоотехниктің қырағы көзі Мендібасстың өгізшелерін өзгеше бағалады.

— Мақа, осы жолы оздым дей беріңіз. Бұйырса осы малың майы түгінен төгіліп тұрып комбинаттың қақпасынан жоғары қондылықпен зу ете түседі, — деген еді. Жүні жылғырап, жоны қалындап қалған малына кәнігі бақташының көзімен қараған Мақаш та өгізшелерінің семіздігіне шүбә келтірмеген болатын.

Қораптарын қалқандарымен сықырлатып толтыра мал артып алған машиналар алыс жолға сілтеп тартқанда Мақаш қораның алдында тұрып біразға дейін көзімен ұзатып салды. Енді біраздан соң бұрылып қорасына кіргенде үңірейіп бос қалғанын жаңа аңғарғандай болды.

— Ойбай-ау, таяқ ұстап қалайып деп тұрмыз ба, қалай? — деп ол бригадирге қарады.

— Тағы да мал ауыстырамыз. Сіздің қолыңыз сенімді болған соң семіртудегі малдың сенімді жерде болғаны жақсы. «Мал семізі малшыдан» деп бекер айтпайды

гой. Ал семіз мал совхоздың шалқыған байлығы емес пе! Біздің «Преснов» совхозы өткен жылы мал шаруашылығынан ғана бір миллион сом табыс алды. Соның бәрі сіздердің еңбегіңіз. Қыс бойы балаңыз Қанағатпен бірге 140 өгізше бақтыңыз. Алған қосымша салмағыңыз каншама, жоспарды үнемі 150—200 процент орындайсыз. Міне сіздер баққан мал нағыз табыстың тасқыны болып оралып жағыр, — деп бригадир есепті шотқа қакқандай етіп нақ-нақ атап, малшыға біраз жайды анықтап берді. Екеуі осы арада біраз әңгімелесті.

— Март айында әр малдың қосымша салмағын 800 граммға жеткіземін деп отырсыз ғой? — Бригадир тағы бір есептің ыңғайын аңғартқандай сұраулы пішінмен қарады.

— Пя, март айына 800 граммнан қосымша салмақ аламын деп едім. Енді оны өзгертпесем болмас. Жарысқа шақырып отырғаны мынау, биыл бесжылдықтың аяғы. Соның бәрін ескеріп жыл бойына әр малдың тәуліктік салмақ қосуын 900 грамм етсем деп отырмын. Міндетте- мем де, сертім де осы. — Бақташы берік байламды сөзін нық айтып бригадирдің жауабын тосып қалған. Ал ол үнсіз ойланып тұр. Осы ойланған қалпымен әлгі сөздің салмағын, міндетін ұқтырғандай.

— Мақа, сертіңізге сенеміз. Бірақ құрғақ кеуде қағу болмасын. Ойландыңыз ғой. Жыл бойы 900 граммнан салмақ алу оңай шаруа емес.

— Балам екеуіміз ақылдастық. Жылдағы тәжірибені ортаға салдық. Жаз айларында әр малдың қосымша салмақ қосуын тәулігіне 1000 граммнан төмендетіп көрген жоқ екенбіз. Соны есептегенде осы межені атап отырмыз.

— Жарайды онда. Құттықтаймын. Жарыста озғаныңыз бізге қуаныш, — деп бригадир сөз түйінін түйықтағанда бақташы тағы да өз есебін жалғастырды.

— Қазір біз әр малға күніне рацион бойынша 40 килограмм сүрлем, 2 килограмм шөп, 3 килограмм жарма,

10 килограмм сабан беріп тұрмыз. Мұндай жеммен мал семіртуге болады, — деді Мақаш саусақпен санағандай есептерін дәлме-дәл жеткізіп. Бригадир Жолмұқанов та бақташыға сенімді көңілмен құлақ қояды. Мына құрыш қол жаншын қайратына сүйсінеді. Мақаш Мендібаев есімі ауылдастар арасында әрқашан құрметпен аталады. Ол коммунистік еңбектің екпіндісі, бірінші класты малшы, «Құрмет Белгісі» орденінің кавалері. Қазір баласы Қанағатты да малшылық өнеріне баулып өзімен бірге еңбек қазанында қайнатып жүр. «Әке балаға сыншы» деген емес пе. Әзірге әке көңілі бала талабына сүйсініп, көңіл түкпірінде үлкен медет үмітін түйіп қояды.

Малшы мерейін өсірген екінші бір қуанышты хабар Мақаш отауының шаңырағына кешкілік жеткен еді. Ол жақсылық лебізді баласы Қанағат әкелді.

— Әке, айтқаныңыз келді. Біздің өгізшелердің әрқайсысы 458 килограмм салмақпен өткізіліпті. Малдың 90 проценті жоғары қондылықпен қабылданыпты. Жаңа зоотехниктен естідім, — деп Қанағат есіктен кірген бетте қуанышын дабыралай жеткізді.

— Бәсе, — деп малшы Мақаш мұртынан күліп жіберді. Ол баласына өзгеше мейірлене қарады. Осынау қарасында қолқанаты Қанағатына деген әкелік сүйіспеншілігі жанарында лаулап тұр еді. Ол бүгін қос қуанышпен қанаттанып, социалистік жарыс жолына жаңа жігермен шыққандай болатын.

... — Әй, сендер мені бәйгеге баптағандай болдыңдар-ау. Балуанға түскелі бара жатыр дейсіңдер ме? — деп Мақаң мәз бола күледі. Жанарында көңіл күйінің мына желпінген әсерін әйгілеген жалын жалтылдайды.

— Мақа-ау, бұл бәйгемен бірдей емес пе? — Бригадир Жақила да жұтына киініп алыпты. Сөз саптасы мығым жатыр. Шаруасы күпілдеп тұрған кісінің тұрпаты танылады жүзінен. Даусының бабы да соны аңғартқан-

дай. — Бүгінгі балуанымыз сізсіз. Кілемнің үстіне бір күпсіп шықшы.

— Пәлі деген. Сен тіпті мактауды жеткіздің ғой. Әй, Қанағат, енді осы да жетер, — деп ол баласына қарады. Баласы қазір әкесін киіндірумен әлек еді. Бұлар осы бетінде Мақаш Меңдібаевты социалистік жарысқа шақырған Зиновий Павлович Дробышевтың қонысына жиналып жатыр. Екі тарлан бір-бірімен жүзбе-жүз танысып, қол алысып қайтпақ. Дробышевтың сәлемімен жүргелі жиналған еді. Қанағат осы сапарға әкесін бар тәуірімен сықпата киіндіріп, дәл бір құдалыққа жөнелтердей сән-деп әлек-ті.

— Құрысын, қойшы өзі. Қолымның күсі де сән маған. Қарапайым кара темірмін деп жетіп барайып. Әлем-жәлем болып түсе қалсам, мынауың малшы ма, тойшы ма деп таңырқар, — деп Мақаң біраз тартыншақтап, бұлталақтап көрген. Бірақ, баласы болмады.

— Әке-ау, бұл анау-мынау құдалықтан қырық есе артық сапар. Жұрт жағаннан да танысын. Мына шіркін үсті-басын құнттай алмай жүріп, қыруар малды қалай бағып отыр деп күлмесің көлденең көз, — деп Қанағат алымды жасқа тән мінезбен әкесін бұлтартпай мұнтаздай етіп киіндіріп тастады. Есік алдында Жақиланың «Москвичі» тұр. Екеуі өзара күлісіп, әзілдерін жарыстырып үйден шықты да, жеңіл машинаға жайғасып, бір-ақ тартты.

Екі малшының кездесуі кіші-гірім салтанат тәрізді болып кетті. Еңбек қуанышы деген осы-ау. Былайғы жұрттың өзі бұларға қызыға қарайды. Зиновий Павлович те күтініп отыр екен:

— Оу, дос Мақаш, қал джаксы, — деп Дробышев көк «Москвичтен» түскен малшыны қуана қарсы алды. «Островский» совхозының партком секретары Михаил Владимирович Санникович те осы арада екен.

— Ал, тандаулылар, танысыңыздар. Жарыстарыңыз жемісті болсын, — деп ол екі бәсекелесті еркін әңгімеге

шақырды. Бұлар мал қораларын көріп, араласты. «Жемің қалай, қораның жайы жақсы екен, малың күйлі» деген тәрізді разылық сөздер жиі естілді. Бірақ Дробышевтың өзі сыпайылықтан аспайды:

— Кемшілігіміз де бар.

— Ондай-ондай бәрімізде кездеседі, Зиновий Павлович, келсеңіз менің жайыммен де танысасыз. Тосамыз. Жарыс бізді таныстырды, енді достастырады, — дейді Мақан.

— Қызық болғанда құда түсіп туысарсыздар әлі?— деп біреу қағытып қалжыңды да қалдырмады.

— Несі бар. Құда түссек тең емеспіз бе?! Қызым бар?— Дробышев ол қалжыңға қалжыңмен жауап қатып күледі.

— Менің балам бар. Өзіммен бірге малшы.

— Міне келістіңіздер ғой! — десіп тұрғандар дуылдасты.

— Ол болашақтың ісі емес пе!..

Екеуі айырылысқанда ұзақ қол алысты. Жарыс оты жүректерді жалғастырып кеткен тәрізді. Екеуі жарысты, танысты, ұғысты. Араларында үзілмейтіндей асыл жіп тартылғандай еді...

Армысыңдар, ардагер ағалар

Қымбат көктем

Көкте күн күліп көктем лебі ескен осындай шақта Омекең үйге үйірсектеп, байыз тапқан жан емес. Бұл өзі өмірлік әдеті болып, қалыптасқан мінезі. Сыртта шуақ шұғыла төгіліп, айнала дүние өзгеше бір нұрмен құлпырып қоя бергенде даланың жұп-жұмсақ болып бетті өбетін жібек желін аңсайды. Сонау қырқаларды кезіп кеткісі келеді, көкірегінде сондай ыстық сағыныш селі толқиды. Ол көк мұнар орманды шолады.

Көкжиектің осы бір келісті кестесі күн сүйіп жіпсіп, бусанып тұрғандай. Қырқалар да төбесі тесіліп, алақат болып бөктерлерін бой-бой сөгіп жатыр. Ақкөл табаны ғана қыс ғұмырын ұзартқысы келгендей әлі мызғымайды. Ол да ертең бір түнде мұзы көтеріліп көлкіп шыға келеді ғой. Табиғатты түлетіп, түрлентіп келетін көктем қандай ғажап еді.

Қолхоз кеңсесіне қарай аяндаған Омекең маусымның осы бір маужыраған мейірін өзгеше хош көңілмен қабылдап, сергек сезімге бөледі. Ойлар толқып, сол ойлар мына көктеммен жарқырап өмірінің небір өткелдерін жадына оралтады. Ол күнге қарай қол сермеп тұрған көсем ескерткішінің тұсынан өте беріп бір сәтке толқып кеткендей болды. «Бұл менің мәңгілік махаббатпен сүйер көктемім ғой» дейді ол іштей күбірлеп. Жүрек тереңінен шымырлаған шыншыл тұнығы, қарт көкіректің айнымас

адал ақиқаты еді бұл. Ойлап қараса Омекең өміріндегі ұлылы-кішілі өзгеріс, өсу-өркендер, қуаныш-қызықтар осы көктеммен күліп келіпті. Оның мына шуаққа қызыға құмартар себебі де сол.

Артынан келіп қалған жеңіл машинаны аңдамай қалды. Кабина есігі сарт етіп ашылды да, көзі сығырайған қара торы кеспелтек жігіт күлімсіреп тіл қатты:

— Оу, Омеке, ойланып қалыпсыз ғой. Келіңіз, машинаға отырыңыз. — Бұл колхоз партия ұйымының секретары Есім Ақманбаев еді. Алдыңғы орындықта осы Ленин атындағы колхоздың председателі Михаил Венгартрович Келлер отыр екен. Ол да қимылдап машинадан түсіп жатыр.

— Саулығыңыз қалай, Омар аға?

— Қартайып тұрғамыз жоқ қой. — Омекең осы бір кешегі еңбектес достарына разылық раймен кең құшақ ашып амандасты. Еңбек майданында талай жыл үзенгілес болған серіктер еді. Тіпті екеуінің ер жетіп ел басқарғанға дейінгі асу жолы да көз алдында болатын.

— Жүріңіз, фермаларды аралап қайтайық. Сізді көріп әдейі бұрылдык.

— Рахмет, оларыңа. Үйренген әдет үйде отырғыза ма. Кеңсеге беттеп келе жатыр едім.

— Алға отырыңыз. — Жеңіл машина үш дос-жар жанды ілгері алып кетті. Үшеуі де осы мекеннің ең бір жапашыр қамқорлары. Председатель мен секретарь осы колхоздың бүгінгі білек сыбанар басшылары болса, Омекең кешегі күндер ардагері, мынау мәуелеген ммуалы іргесін күшті қолымен қаласып, ыстық-суығын бүгінге дейін бастан кешіп келе жатқан адам. Жеңіл машина сәулетті көшелерін қақ жарып өтіп, қырқаға асылған қара жолды бетке алды. Село сымбаты да сондай сұлу. Ақ шаңқаң еңселі үйлер сән түзеіп, жанар жаулайды. Көрікті клуб, әсем мектеп, тағы сондай сырт қарасы көз қызықтырар құрылыстар өтіп жатыр.

— Бұл жер осыдан қырық жыл бұрын ғана киіз үйлі ауылдың қонысы болды ғой, Омеке, ә? — деп Есім тың бір әңгіме сабақтады.

— Е, солай еді ғой. Енді міне ғажап қала.

— Бәрі сіздердің, әсіресе, сіздің еңбегіңіз. — деп Михаил Венгартович осы бір қадірменді қартқа сүйсінген ықыласпен шын көңілінің ілтипатын арнайды.

— Біз не бітірдік дейсің. Бәрі де Ленин нұрының арқасы ғой, шырақтарым.

— Ол дұрыс. Ал осы колхоздың шежіресінде сіздің есіміңіз алтынмен жазулы десем артық болмас. — Председатель жанағы өз ойын тереңдете түсті. Бұл кісінің осы өмірдегі қадірі өзгеше-тін. Сонау 1929 жылы бұл жерде жаңа өмірдің жарқын жобасы болсын деп «Жобалы» колхозын ұйымдастырғанда мына отырған тақыр кедей баласы Омар Қанафин жас жігіттердің алды атанып, бөл шеше араласқан. Жалғыз тілді соқаны құрыш қолда ойнатып, колхоз жерін жыртқан. Кейін колхоз ыдырап кетіп, қайта ұйымдасқанда: «Байлардың бүлігі жетеді, ендігі өміріміз баянды болады» деп артель атын «Баянды» қойғандардың бірі де осы кісі. Кейін бұл көсем атындағы шаруашылыққа айналды. Сол үлкен жолдың қуаныш-қиындығын Омекең осы екі жол серігіне талай жырқылып айтқан-ды.

Қос қапталда дөңгелеп қалып жатқан алаң оның есіне бүкіл өмірін елестетеді. Егер адамның еңбегі жер бетіне қатталып жазылар болса мынау орман қойнауларында, егістікті алқаптарда Қанафин есімі қаптап тұрма еді. Ол бұл жерде егіс айдап жер жыртты, байлармен алысып, жаужүрек комсомолец атанды, ауылдық Совет хатшысы, кейін председателі болды. МТС директорының орынбасары, осы колхоздың талай жылғы председателі, партия ұйымы секретарының қызметтері — тағы бір толық анкета. Соның бәрінің тұсында коммунист жүрегінің адалдығы, халқын сүйген қарапайымдылығы,

үлгі болар еңбек сүйгіштігі және жазылары анық. Әрине, адамның адал еңбегі еш уақыт зым-зия зая кетіп, ізсіз жоғалған емес. Ол туған топыраққа күшті қолмен байлық болып егіледі, құрылыстар болып қаз тұрады. Міне, бүгінгі Ленин колхозы бүкіл облыста атақты болып, астық бесжылдығының екі жоспарын орындаса, онда сөз жоқ, Омекендердің кешегі еңбегінің мыңдай тері бар.

«Алтынмен жазылар...» Колхоз председателінің бұл сөзі қарт жүрегін ыстық лепке бөлеп, сонау өткен бір оқиғаны еріксіз ойлатты...

Колхозшылар мектепке жалпы жиналысқа келген. Ауданның өкілдері де бар. Гу-гу әңгіме. Екпінді колхозшылардың Бүкіл одақтық бірінші съезіне делегат сайланбақ. Осында Омар да отыр. Жиналыс басталып та кетті. Сөйлеп тұрған колхоз председателі:

— Біздің елімізде еңбек — абырой, даңқ. Ерлікке тең, еңбек адамның аты әрқашан алтынмен жазылады, — дей келіп ол біраз толғана сөйледі.

— Ортамыздан Москваға съезге баратын делегат сайлауымыз керек, — деп председатель сөзін бір сәтке үзіп, айнала шолды. Бәлкім осы сәт әркімнің-ақ жүрегі лүп еткен болар.

— Ол делегат ең құрметті, еңбекқор адам болуы керек.

— Еңбеккүні бәрінен көп болсын.

— Колхоз құрысқан шаруа болсын, — деп ол делегатқа лайық қасиеттерді санамалай берді. Бәрі тынып қалған. «Кімді атар екен» дескендей.

— Делегаттыққа Омар Қанафинді ұсынамын, — дегенде ду қол шапалақталды. Коммунист колхозшы Омар екі беті оттай жанып бақыт құшағында болып еді сол сәт. 1933 жылы Қанафин Москваға барып, екпінді колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезіне қатысты. Съезд президиумында отырды. Бұрын суретте ғана көре-

тін үкімет басшыларын бетпе-бет көрді М. И. Калининмен, К. Е. Ворошиловпен жақын жүздесті.

Міне, сол қуаныш өмірлік қымбат бір қызығы болып дәйім жүрегіне жылылық құяды. Сонда «Ленин партиясының сенімін өмір бойы ақтаймын» деп коммунист серт еткен. Сол сертін осы шаққа дейін Омекең кіршіксіз ақтап келеді. Кешегі Отан соғысының майдандарында омырауға Қызыл Жұлдыз орденін тағып оралды. Тыңға шабуыл басталғанда туған колхозын басқарды. Еңбек ұмтылмайды ғой. Құрметті демалысқа шықса да Омекең еңбегін ел-жұрты ерекше бағалайды. Ол өткен жылы колхозшылардың республикалық съезіне арнайы құрметтеп шақырылғандардың бірі болды. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. Қонаев жолдастың сол съезде жасаған баяндамасында Омар Қанафин колхоз құрылысы ардагерлерінің бірінен аталды.

Бір шаққа ой үстінде келе жатқан Омекең машина терезесінен тысқа үңілгенімен жанары ештемені айырмай әншейін сүзіледі. Кенет әлгі ойларды Михаил Венгартович сұрағы серпіп жіберді.

— Омар аға, осы мына біздің өңірде мәселен Сіздер Ленин есімін алғаш қашан естідіңіз? — Қарт колхозшы ұмытқанын еске алғандай аңыра қарап барып күлімсіреді.

— Ұмыттыңыз ба?

— Жоқ. Неге ұмытамын. Басқаны білмеймін, өзім 1920 жылы он үш жасар бала кезімде естідім. Сонда-ақ бүкіл ауыл Ленин есімін жаттап едік, — деп Омекең сонау күндерді көз алдына әкелгендей ойланады. Келлер де, Ақманбаев та қызыға түсіп құштар кейпімен тың әңгіменің аңғарын тосады.

— Кімнен естідіңіз?

— Ол да көктем болатын. Ақтардың ойранынан ба-

сыр болған кедейлер қорқып-үркіп отырғанда бір топ саит атты қызылдар сау ете түсті. Жүздері жылы. Шалдар қауқылдап жән сұрал жатыр: «Кімсіңдер?» — дейді. Бір башшысы: «Біз Ленин армиясымыз» дейді. Мен елен етіп «Ол кім?» дегенім ғой. Әлгі кісі сол арадағы қарттарға, балаларға Лениннің кім екенін түсіндіріп берді. Міне, содан бері қанша жыл... Ленин аты жүректерде жанып тұрған жоқ па! — деп толқыған сезіммен Омекең тебірене түседі.

Қарт колхозшы бұл әңгімені қозғаса-ақ, жырдай төгіліп, жүзі нарт жанып, нұрланып кеткендей. Еліге түсіп, көктем шуағына тамсанады.

— Қандай тамаша көктем. Тіпті ұлы той мейірі төгіліп тұрғандай. Көктем маған қашан да қымбат. Неге дейсіздер ғой? — деп бақытты жүзбен шабыттанған Омекең мәз болып, сұраулы кейіппен серіктеріне бір-бір қарады. — Айтайын, мен 1920 жылы көктемде, апрельде Ленин есімін алғаш естідім, 1925 жылы апрельде комсомол қатарына өттім, 1932 жылы апрельде партияға мүше болдым. Міне, енді қалайша қымбат болмасын, бұл көктем маған.

Машина көктем нісі бұрқыраған орманды алапты шарлап келеді. Үшеуінің әңгімесі қызып-ақ гүлейді.

— Мына Кубада да Ленин есімін қатты қадірлейтінің көзіммен көрдім, — деді енді Есім әңгімеге жана ажар беріп. Ол бұдан бірнеше жыл бұрын Кубада болып, бір жарым жылдай еңбек етіп қайтқан еді. Келесі кезекте алыс сапар әңгімесі өз қызығымен баурап алды. Бұлар осы бетімен колхоздың фермаларында, мал қораларында болып қайтты. Біраз жайлармен танысты. Сонда Омекең де өз ойларын, пікірлерін айтып жүрді...

Кешкісін жаңа костюмін киіп, омырауына Қызыл Жұлдыз, Құрмет Белгісі ордендерін, бірнеше медальдарын таққан Омекең клубқа жиналып жатты. Ленин күніне арналған кеш болады екен. Соған бармақшы...

Алтын арай

Көк қанатын сермей салып келе жатыр ала таң, көктем құшып, қыс құрсаудан көзін ашып дала пан. Кербез неткен керілгенде кәрме нық боп көсіліп, қолтықтарын қуалайды құрақ ұшқан сылдыр бұлақ жосылып. Адырлар да арқа тосып аспанына көк тебінін тартыпты, сай-жыралар күр-күр қағып, бар өкпесін толқындарға артыпты. Шуылы мол шамырқанып жатқан шалқып дүние, дуылдайды, думан ашып дархан базар көктемнің күйіне. Аңсатады, тамсантады тамылжыған тамашалы түрімен, қарай беріп, қалт тұрсаң тапжылмай-ақ күнімен, ерінбей сен еміреніп, тебіреніп тұрар ең. қайтып қана жүз аударып, жанарыңды бұрар ең. О, туган жер, мұндай ғажап болармысын, жанжүректі баураған, мына қартың сағынған ба, сағынышын бір өзіңе үзген бе. келіп тұр ғой ертеменен көзін алмай түзден де. «Мынау алап бала шақтың құрдасы, анау өңір жігіттіктің жолдасы, ал ана қыр жаңа өмірдің жол басы, осы арада ғұмырының айнасы, бұл өлке ме, бұл өлке талай сырдың қоймасы, соны толғай ойлашы.» — деп тұрғандай Есіл сылқым бұралған, деп тұрғандай тоғайлар да ашылған таң мұнардан.

...Ол тұр мынау сұнғақ бойлы, әлі тіп-тік тұлғасы, ақындар-ау, сол тұлғаны жырлашы. Құн қағады қолыменен, шығыс нартқа қарайды, қандай әсем шымқай қызыл таң алауы арайлы.

— Нұр самал, алтын арай, армысың!

— Келдің бе, қарт, қуат-күшті бармысың? — Ол өткенді есіне алып тұрғандай, кеудесінде ат дүбірі дүрсіл қағып ұрғандай.

* * *

Ол да бір бұлқан-талқан көктем өтіп, қараша күз қоныс жайған мезгіл еді. 1919 жылғы октябрдің 19-нан

20-на караған түн. Есілдің сол жақ бетінде ойыста отыратын киіз үйлі үркердей қазақ ауылдары беймаза кеш құшағына кіре берген мезет. Жөнкіле қашқан ақтардың жолындағы ауылдарға салар ойраны да мол болатын. Сол себептен де шашыранды ауылдар бір-біріне қарасып болып, түн баласында дабылдасып, хабарласып сақ отыратын.

Әсіресе, бүгін таңертең ақтардың қан сорпа болған быт-шыт әскерлері салақтай жосылып өтіп, өзеннің арғы жар қабағындағы Мүсін селосына ат қойып, сонда ұрандасып жатты. Көп нөпірі сол жерге тоғысып, тас-түйін болып бекінгені де белгілі еді.

— Апырмай, мыналардың күні батып бара жатыр екен, жан сауғалап қашуларын.

— Тырағайлап тығылады екен, сүмелектер! — десіп күн кешкі қонағына батып бара жатқан сәтте киіз үйдің алдында бас құраған үлкендер мәз болыса күліп тұрды. Ұзын бойлы, жіңішке жігіт, отыздардан енді асқан ауыл мұғалімі Жақып Мұқанов та осы арада тұр. Әңгімеге елегізіп-ақ құлақ түріп, жас көңіл тағатсыз тықыршитып тәрізді. Мына үлкендер сол кездегі Совет өкіметінің белсендісі — ауыл коммунисті Жақып Қыстаубаев бастаған Алпысбай Сүтемгенов, Хамза Жүнісов сияқты еті тірі азаматтар болатын.

Бір мезетте тыншып бара жатқан түн төсін дүбірлетіп бір жосын қол сау ете түсті. Ауыл адамдары да үрпісіп, мұздап қалған еді. Секемшіл көңілді сәлемдері серпілтті. Қызылдар екен.

— Амансындар ма, ағайын? Бұл қай ауыл? — деді командирі.

— Ақан, Қожам, Мұстапа, Нұралы...

— Бүгін осы жерден ақтар өтті ме?

— Өтті. Қашып өтті.

— Анау Мүсінге жиналып, шоғырланды,

— Мына түнде тартып кетсек, қалай болар екен? — деп сұрау салды да қызылдардың командирі сарбаздарымен өзара ақылдасты.

— Қарағым, қызарып шыққан күнім деп қарсы алдык қой қызылдарды. Ақ иттердің құйрығын бұтына қысқан мыша бұралқы түрін көріп, қызылдар келер-ақ деп тосып едік. Келдің. Қуаныш құшағымыз сендерге. Мына тақыр кедей, жалшы-жақыбай өзіне сенеді. — делі терең толғап көзіне жас алып ақылгөй үн қатқан қарттардың бірі.

— Дұрыс айтады.

— Төбемізді теңдікке жеткіздіңдер, айналайындар!

— Ленинге рахмет! — дескен үндер бір қауым үлкендер аузынан айтылды. Осылардың қостау үнінің ақырын тосқан әлгі қария сөзін әрі жалғастырды.

— Жауды тоссаң, түн сенің серігің тоқтамаңдар. Мына Есілдің өткелін білетін ер жігіттер осында бар. Сендерді солар бастайды. Жауды есін жиғызбай басыңдар.

— Кім бастайды, қане? — Командир осы араға үйірілген ауыл жігіттеріне қарады.

— Біз бармыз!

— Өзім-ақ апарып өткізейін.

— Аттанамыз.

— Жігіттер, атқа мінер күн туды, — деп жігерлене ұран тастаған ауыл жігіттері ат ойнатып, түн құшағына сүнгіді. Осы топта ақтарға қарсы кекпен құрсанып аттанған ауыл мұғалімі Жакып та бар еді. Жарлы кедейдің баласы бостандық таңы атқанға дейін саудагер құлактардың кірешісі болып күн көрген, ауылға жаңа өмір хабары келгенде өзінің шала сауатымен балаларға қара танытуға кіріскен-ді. Көзі ашылып, көкірегі ояңған азамат еді. Жорыққа толқусыз тура қосылды.

Осы түнде қызылдар Есілді кесіп өтіп, олардың үстінен тосын түсіп, тағы да жайратқан. Таң қылаң бергенде

қызылдар жауды өкшелеп қуып бара жатты. Жакып Қыстаубаев саңкылдап жігіттеріне үн тастады.

— Азаматтар, құрыштай құрсанындар! — деп алға түсіп ағыза жөнелді. Алтын арай ауыл жігіттеріне де қуат бергендей олар да бірге жосылған. Арасында Жакып Мұқанов та бар еді. Алаулаған алтын арайды ол сонда көрген.

* * *

Ауыл-ауылды қуаныш хабары көктем қарлығашындай қанат қағып аралап жүр. 1927 жылдың жазы. Киіз үйлердің түріп тасталған іргелерінен соққан самал кедей-жер үніне өзгеше бір ажар бергендей.

— Қала салатын болыпты.

— Землемерлер жер өлшеп жүр.

— Айналайын, Советім! — дескен үндер қатты шығады.

— Маңдайшасында қызыл жалау желбіреген киіз үйдің маңына халық, әсіресе, үйір. Бұл — Қызыл әскер ауданына қарасты № 6 ауылдық Советтің кеңсесі. Ауылдық Совет председателі Жакып Мұқанов бұл шақта жаңа өмірдің ауылдағы жаршыларының бірі болып белсеніп жүр. 1922 жылы партияның тілектестер тобында болған ол 1925 жылы Ленин партиясының қатарына өтіп, қосшы комитетінің председателі, партия ячейкасының секретары тәрізді қоғамдық қызметтерде де ысылып қалған.

— Көшпелі күнді қойып, үй саламыз. Советтік ауыл орнатамыз, — деп ауылдық Совет председателі Есілдің оң жақ өңірінен жер өлшеушілерге жаңа ауылдың аясып анықтатты. Мойынсерік ұйымдастыруға бас болып, жаңа қоныста жаңа өмір қайнай бастады. Мектеп салынды, жаңа үйлер қатар түзеді. Соның бәрінде осы кісінің еңбегі ерекше еді. Ол сауатсыздықты жою мектебінде мұғалім болып, бел ортасында жүрген. Кейін байларды

конфисқелеп колхоз құрғанда да білек сыбана кіріскен коммунист болатын.

Қаз тұрған алғашқы колхоз өмірі қызық еді. Кедейлер қуанышында шек жоқ. Ал бай құйыршақтарының залалы қаншама болды десенізіші. Жәке меншік малды ортаға салу, түсінбеген адамдарды жақсылыққа үндеу, сендіру қаншама қажыр-қайрат қажет етті. Ауылдық Совет председателі сол қиындықта ауыр жүктің үлкен ілесін көтергені де сөзсіз.

Кенсе алдындағы үлкен топтың, көңілдері жарқын жандардың бұл күнгі әңгімесі әр саққа сайған таласты болатын. Бәрінің де айтары жаңа ауылдың жаңа өмірге лайық есімін атау еді. Бұрын Қаратал деген жерге қоныстанған жаңа шаңырақты мына заманаға келісті атау дұрыс десті бәрі.

— Мәдениет.

— Жаңа тұрмыс.

— Теңдік.

— Жоқ. Ондай ауылдар төніректе құрылып жатыр ғой. Бұл ауылдың аты Октябрь болсын, — деді коммунистердің бірі.

— Міне дұрыс. Осылай атап, осылай жазамыз, — деп ауылдық Совет председателі бұл ұсынысқа бірден қол қойды.

— Октябрь тумасы, Октябрь арайы, Ленин нұрының арайы болсын, — деді ол осы сөзден ерекше тебіреніп. Бейне бір жаңа өмір таңының мына ауыл үстіне түскен алтын арайып көз алдында елестеткендей еді.

... Жер аяғы кеңіп, көктем шырайы да күле келген шақ. Биыл қыс қатал болып арқадан қысқан аязы да, берекені алған боран-шашыны да қабат құрсаулап мал-жанға ауыр соққан еді. Қар еріп, жер буы бұрқыраған сәтте баршаның жағасы жайлауға кетіп қуанғаны да осыдан. Қайта құралып, шаңырақ қарасын қосып келе

жатқан колхоз алғаш көктемін қарсы алып, егіске камданған-ды.

... Түнде терезе қатты соғылғанда Жакыптың жүрегі бірден су ете түсті. Жамандықты іле сезіп, қапысыз танып, өкінішпен опынып атып тұрған.

— Кап! Үлгермедік-ау! Тұқымға бір зауал келген шығар-ақ, — деп ол қараңғыда қармана жүріп терезеге таянды.

— Бұл кім?

— Мен ғой, Жақа. Тұрыңыз, тұқымды ұрлап әкетіпті! — деп дауыстады аргы жақтан таныс үн.

— Ойбай, құдай-ай! Байқандаршы, жау көбейіп кетті ғой, — деп жұбайы да үрпиіп тұрып, қорқынышын жасыра алмайды. Тез киінген ауылдық Совет председателі далаға шыққанда көктем түні көзге түрткісіз тас қараңғы меңіреу еді. Бетке жаз нәсіңдей жып-жылы леп соғады. Сыртта басқарма тосып тұр екен. Ол да әлі ештеңеден тәжірибесі жоқ қара қоржын кедей болатын. Әйтеуір, еті тірі, пысық-ты.

— Жақа, кеше кешке өзіміз қараған соң үйге барып жатып қалған едім. Сіздің сөзіңіз есімнен кетпей кірлік іле алмағаным ғой. Түн ортасында тұрып қоймаға барсам құлыбын қиратып, тұқымды ағыл-тегіл шашып, біразын алып кетіпті, — деп басқарма қапаланып тұр.

— Күзетші қайда екен?

— Иттің баласы, ұйықтап қалыпты.

— Кап!

— Осы түні ауыл белсенділері аяғынан тік тұрып, дамыл таппай дабылдасып, бүкіл айналаны шолып шығысты. Қаншама дүрліккенмен түн құшағы қаракшы қарасынан із-сілемін аңдатпады.

— Ұрыны таппай тынбаймыз, — десіп ауыл белсенділері де дамыл көрмеді. Ақылдаса келіп, ақыры күдікті-ау деген шоқ-шоқты тағы бір қағып шықпақ болып топ-топка бөлінді. Жақаң қасына бір жігітті алып ұялы деп

аталатын қасқыр апанының қордасына аттанып еді. Ол жаңағы меже-меже аталған болжамдардың ең түпкісі.

— Із көрінбейді, танды тоссақ ұзап кетер де тұқымды құртар.

— Өкшелеп жету керек. Әлі алыс кеткен жоқ. — Салт аттылар түн жайлаған жер төсін дүнк-дүнк ұрып, қараңғылық ішіне сінгіп жоғалған. Жақан да, серігі де үнсіз. Міне алдан көз байлаған қап-қара тұңғық кезікті. Тіпті селкеуі жоқ тұтас тас қабырғадай ештеңе көрінбейді. Осы тұста ағаш кезеті бар еді. Екі шолғыншы да сескенейін деді. Ат басын тежеп, ақырын аяңға басып, елендесіп тың-тыңдады. Әр сыбдырға құлақ түріп сак келеді.

— Жаңа аттың пысқырғаны естілгендей болды ма?— Жақанның бұл сұрағына серігі жауап бермей іш тартып, түн тынысына құлақ түреді. Екеуі де аттарын ақырын аяндатып, орман ішіне іліге берді. Осы сәтте бір түсініксіз үрейлі дауыс естілді де тасыр-тұсыр сойыл-соққылар төпелеп кетті. Аттар үркіп оскырып ағашқа соғып, кейін ытқып арындады. Жақан да қапысыз емес еді, ағаш бұтақтарын ғана сабалап жауырынын жалап өткен соққыдан сескене қоймай, тақымындағы мылтықты суырып алды. Қараңғыда түс айырып, анық болжап жатқан ешкім жоқ. Тек серігінің үзеңгілес, қағысып жүргенін жақсы біледі. Жау жағы да тосқауылдан түскенмен дәл ұрып өндіре алмады.

— Токтат! — деп Жақып түнді жаңғырта саңк етіп, мылтығын аспанға көтере басып қалды. Аузынан от жалын бұрқ етіп, мылтық даусы бүкіл түн тыныштығын бір сілкіп өтті.

— Әй, Жақып, жапың өзіңдікі болса, мылтығыңды таста! — деді бір дауыс қатаң үнмен шарт қойып.

— Ә... Сенбісің? Болмас ол.

— Болатынына сеніп тұрмын ғой,

— Байлардың күні көшкен. Көп құтырмасандаршы. Қане, тұқымды қайтарындар! — Сатыр-сұтыр қақтығыс басылып, бұлар қараңғыда сөзбен салғыласты. Енді бірін-бірі көріп тұрған жоқ. Қимылдарын андысқандай тыныш тұр.

— Кәменесім, не қылып тұрсың? Жау жүрексің ғой, жақындасайшы. Қаранды өшіріп, қара жерге хош айтқызайын.

— Кедейлердің қара сіңір қолы қадалған жерден қан алатынын білесіндер ғой. Қане, көп сөйлемей колхоз мүлкін қайтарындар! — деді Жақып даусын көтеріп.

— Әкең тауып па еді? — Тосқауылшылар өздерінше мырс-мырс күліп келеке етеді. Жақып үзеңгі қағып қалып серігіне де мылтығыңды ал дегендей болды.

— Ал, өкінбеңдер, ендеше, ауылға қарай бұрындар. Әйтпесе атамын! — деп ауылдық Совет председателі кезенген мылтығын тағы да аспандата басып жіберді.

— Байлардың қоқан-лоқысын көргенмін, тартындар ауылға. Ал тағы атамын! — Мылтықтың шүріппесі сыртылдап ашылып жатқаны да естілді. Жақып тағы бір үркітіп алмақ болып мылтығын гүрс еткізді.

...Ұрыларды алдына салып, таң сіберлей ауылға қарай оралып келе жатқан Жақан мен серігі іштей бір көңілді күйде еді. Қап-қап бидай сықай артылған қос арба сықырлап ілбіп келеді. «Партия ісі, Ленин ісі үшін, бостандық, тәндік...» — деп күбірлейді ол мынау тап нұрынан оянып келе жатқан далаға көз салып. Осындай қиынқыстаулы қаншама сәттер өтті десеңізші. Сол күрестердің жеңісті болғаны да бір бақыт екен.

Жылдар керуені үздіксіз жылжып Жақанды өмірдің талай белестерінен өткізді. Ол қай салада еңбек етсе де Лениндік партия мүшесіне тән адалдықпен, табандылықпен, қаранайымдылықпен бөленіп еді жұртшылық құрметіне. Партия қайда жіберсе соннан табылды, осы бір қатардағы қарт солдат.

* * *

1967 жылдың даңқты күзі еді. Бүкіл ел Октябрьдің 50 жылдығын тойлап жатқан шақ. Бұл күндер дербес пенсионер қарт коммунист Жақып Мұқанов үшін өзгеше әсерлі болатын. Оған келушілер де, құттықтаушылар да көп. Бәрінің де сәләмінде, жылы лебіздерінде өзінше бір ыстық ілтипат, үлкен құрмет болатын.

Ол әдеттегіден ерте тұрып, таңертеңгі мезгілді тамашалайды. Күн көзі жарқын, жер-көкті құлпырма бояумен нұрландырып тұрғандай. Кешегі өзі қазығын қағып, іргесін көтерген Октябрь ауылы қазір үлкен шаруашылық — «Аманкелді» совхозына айналып кеткен.

Жақаң осы бір өз мекенінің бақытты бейнесіне шаттанып, көше-көшені аралап, үйіне қарай беттеп келеді. Жасы сексеннен асып кетсе де жүрісі әлі нық, тек мұртқияқтары, самай-шашы аппақ күмістей жылтырайды.

Мазмұны

Жайнаған жер 3

ЖАҒНАҒАН ЖЕР ЖҰЛДЫЗДАРЫ:

Мәуелі бәйтерек 17

Даланы сүйген тау ұлы 33

Қызыл билет. 52

Ана 64

Найзағай жарқылы 73

Оң сапар, азаматим! 85

Қос қуаныш 94

АРМЫСЫҢДАР, АРДАГЕР АҒАЛАР!

Қымбат көктем 103

Алтын арай 109

Бахит Мустафин

ОБНОВЛЕННЫЙ КРАГІ

(на казахском языке)

Редактор *К. Бакиров*
Худ. редактор *К. Турекүлов*
Тех. редактор *Ф. Илизова*
Корректор *М. Раматуллаева*

Сдано в набор 29 X-75 г. Подписано к печати 24/XII-75 г.
Формат 70×108^{1/2} — 3,75—5,3 усл. печ. л. (5,2 уч.-изд. л.)
Бумага № 2. УГО3513. Тираж 5600 экз. Цена 16 коп.

Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.
Заказ № 2177. Типография № 18 Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 151.

K.P.O.

Feb



16 1